



**ПОСТСОЦИАЛИСТИК  
ЕЛДЕРДЕ СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ  
АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ  
ОНЫМЕН КҮРЕСУ**

Бұл зерттеу ағылшын тілінен аударылған. Қазақ, ағылшын және орыс нұсқаларының арасында қандай да бір сәйкессіздіктер болған жағдайда ағылшын тіліндегі түпнұсқасына жүгіну қажет.

## Алғысөз

Сыбайлас жемқорлық моральдық ұстанымдарға, сенімге нұқсан келтіріп, мемлекеттік басқару сапасының төмендеуіне, белгілі бір топтардың заңсыз баюына және басқалардың кедейленуіне әкеледі, сондай-ақ тұрақты даму мен қауіпсіздікке қатер төндірумен қатар елдер мен халықтарға ауыртпалық салады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында үкіметтер өздерінің тәжірибелерін, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи ерекшеліктерін ескереді, сондай-ақ жаһандық трендтер мен үздік тәжірибелерге сүйенеді.

Бұл тұрғыда ұқсас әлеуметтік-экономикалық модельдер мен даму кезеңдерінен өткен елдердің тәжірибесі ерекше қызығушылық танытады. Шайылған моральдық құндылықтар тоталитарлық жүйелердің мұрасы ретінде сыбайлас жемқорлықтың жайылуына қолайлы орта қалыптастырды.

«Социалистік лагерь» деп аталатын елдерде түп тамыры тарихтан бастау алатын бірқатар ұқсас мәселелер бар. Бұл халықаралық рейтингтер мен индекстерде өз дәлелін тауып келеді, ал кейбір елдер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жақсы тәжірибе көрсетіп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесі сапалы мемлекеттік басқарудың ажырамас шарты болып табылатынын ескере отырып, Астана мемлекеттік қызмет хабы (Хаб) осы мәселеге үнемі назар аударады.

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы танымал халықаралық сарапшы, ЭЫДҰ-ның парақорлықпен күрес жөніндегі жұмыс тобының Жетекшісі Драго Кош мырза Хабтың тапсырысы бойынша тәжірибені жинақтау және мемлекеттік сектор мен жеке компаниялар арасындағы транзакциялардың ашықтығын қамтамасыз ететін нақты мысалдарды айқындау, институционалдық, заңнамалық шаралар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де аспектілері бойынша постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы зерттеу дайындады.

Біз Драго Кош мырзаға көп жылдық ынтымақтастық және осы зерттеуді (кейс-стади) дайындағаны үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Бұл басылым мемлекеттік басқаруды зерттейтін практиктерге, ғалымдарға да және сарапшыларға пайдалы болатыны сөзсіз.

**Астана Мемлекеттік қызмет хабының  
Басқарушы комитетінің төрағасы  
Алихан Байменов**

**ПОСТСОЦИАЛИСТІК ЕЛДЕРДЕ**  
**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕС**  
*Драго Кос<sup>1</sup>*

**ТҮЙІНДЕМЕ**

Бұл зерттеуде он бес постсоциалистік елдердің (Албания, Армения, Босния және Герцеговина, Болгария, Хорватия, Грузия, Қазақстан, Латвия, Литва, Польша, Румыния, Словения, Тәжікстан, Украина және Өзбекстан) қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте кездесіп отырған сын-қатерлері, кедергілері және проблемалары сараланған, әрі осы мәселелерді шешуге бағытталған ұсынымдар мен ең қолайлы шешімдер берілген. Аталған мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралары үш жақтан: заңнамалық шешімдер, институционалдық құрылым және практикалық жетістіктер тұрғысынан талданған. Сондай-ақ алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықты болдырмау бойынша іс-шаралар да ұсынылған.

Бұл есепте он бес постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлық және онымен күресуі туралы халықаралық мониторингтік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдардың есептерінің кейбір бөлімдері де қолданылған. Олар осы мемлекеттердегі жағдайды мадақтау немесе сынау мақсатында емес, керісінше проблемалар мен үздік тәжірибиелерді айқындау арқылы барлық постсоциалистік мемлекеттерге арналған жалпы ұсынымдардың негізі болуы үшін пайдаланылған.

Зерттеу барысында он бес елдің заңнамаларының кейбір бөлімдері, атап айтқанда: сыбайлас жемқорлықтың алдын алатын арнайы заңдар, әр түрлі санаттағы мемлекеттік қызметшілердің арасындағы мүдделі тараптардың қақтығысы туралы заңдар, олардың мүлкі туралы есеп беру туралы заңдар, заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы заңдар және қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңдар талданды. Үздік тәжірибелерді анықтау және ұсыным әзірлеуде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда маңызы жоғары мына арнайы заңдарға ерекше назар аударылған:

- әртүрлі санаттағы лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысы туралы заңдар. Бұл бағытта жағдайды жақсарту үшін 22 ұсыныс берілген;

- лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп беру туралы заңдар. Бұл бағытта жағдайды жақсарту үшін 17 ұсыныс берілген;

- қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңдар. Бұл бағытта жағдайды жақсарту үшін 25 ұсыныс берілген.

Он бес талданған елдің арасындағы екі елде сыбайлас жемқорлықтың алды алу немесе оны жою туралы заң жоқ, бір елде мүдделі тараптардың қақтығысы туралы заң жоқ, бір елде лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп беру міндеттері туралы заң жоқ және үш елде заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы заң жоқ. Бұл салаларда арнайы заңнаманың болмауы елдердің басқа заңнамалық актілерде осы мәселелер бойынша жеке ережелері жоқ дегенді білдірмейді, бірақ осы немесе басқа саланы жан-жақты реттейтін заңнаманың болмауы, әдетте, қажетті хабардарлық, не білімнің немесе саяси ерік-жігердің жоқтығын көрсетеді. Егер заңды тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты заңнаманың жоқтығын хабардарлық, не білімнің жетіспеушілігімен немесе қылмыс жасаушылардың тарихи субъективті жауапкершілігінен туындайтын шатасумен оңай түсіндіруге болатын болса, заңнаманың басқа түрлерінің болмауы тиісті елдердің үкіметтерінің саяси ерік-жігерінің болмауына байланысты болуы мүмкін.

Автор постсоциалистік елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдардың бар болуы, оның сапасы, саны және жемқорлықпен күрестегі тиімділігі арасында тек

---

<sup>1</sup>Драгос Кос – Словениялық тәуелсіз сарапшы.

шектеулі оң корреляция бар деп есептейді. Барлық он бес елдің заңнамасын талдау олардың арасындағы айырмашылықтардың бар екенін көрсетсе де, бұл айырмашылықтардың сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен сипаты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі практикалық жетістіктеріндегі айырмашылықтардан әлдейқайда аз екені анықтады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың болуы, сапасы мен саны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ұлттық күш-жігердің тиімділігін арттыру үшін сөзсіз қажет болғанымен, олар жергілікті жерлерде елеулі табыстарға қол жеткізу үшін жеткіліксіз деген қорытынды жасауға болады. Әлбетте, кейбір басқа элементтер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың болуынан әлдеқайда маңыздырақ.

Қарастырылып отырған постсоциалистік елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша көптеген арнайы ведомствалар бар. Олар мандаттары, өкілеттіктері, ауқымы, дербестігі мен автономиялық деңгейі бойынша, сонымен бірге ұлттық мемлекеттік органдар құрылымындағы орны тұрғысынан бір-бірінен қатты ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін арнайы ведомстваларды құру қарқыны, берілген өкілеттіктермен қатар олардың қызметінде кездесетін ресурстар және кадрларға байланысты кедергілер аз ғана мемлекеттердің сыбайлас жемқорлықпен шынайы күрескісі келетінін көрсетеді.

Осы елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу ведомстволарының кей кездегі белсенділігі саяси элита үшін күтпеген жердегі «теріс тосынсый» болуда. Әдетте, осындай жағдайларда осы ведомстволар қызметін тежеуге бағытталған заңнамалық, институционалдық немесе практикалық тұрғыдағы бастаулар қолға алына басталады. Кейбір елдерде үкіметтердің ауысуы, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін арнайы ведомстволарға деген көз қарасының өзгеруіне тікелей әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін арнайы ведомстволарға орынсыз әсер ету немесе оларды қадағалау көптеген елдерде кездеседі. Егер мұндай әрекеттер тиімсіз болса, онда ведомстволарға немесе олардың басшыларына қарсы жала жабу науқаны ұйымдастырылып, оларды «саяси астары бар» әрекеттері үшін айыптау немесе оларды келемежге айналдыру сияқты нәрселер орын алады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін арнайы институттардың жақсы басшылары немесе басқа өкілдері осы салада жасаған жұмысының кесірінен жазалау шаралары, сондай-ақ кәсіби және жеке өміріндегі қиындықтарға жиі тап болады. Осы проблемалардың барлығы, сонымен қатар анықталған озық практикалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін ведомстволардың қызметін жақсарту жөніндегі жиырма ұсынымда көрініс тапты.

Мониторинг жүргізетін халықаралық ұйымдар мен топтардың есептерінің үзінділері, статистикалық және жалпыға қолжетімді деректерді зерделеу нәтижесінде негізінде осы он бес постсоциалистік елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті практикалық тұрғыдан сәтті деп атау қиын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мұндай табыстардың жеткіліксіз болуы осы елдер азаматтарының олардың үкіметтерінің сыбайлас жемқорлықпен күресудегі қызметіне, сондай-ақ үкіметтің жалпы жұмысына деген сеніміне тікелей нұқсан келтіреді, бұл көптеген елдерде әрбір сайлаудан кейін саяси құрылымдағы өзгерістерге әкеледі. Кейде азаматтардың наразылығы үкіметке қарсы митингтерге және толқуларға әкеп соғады. COVID-19 тудырған қиыншылықтар, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық мәселелеріне үкімет назарының төмендеуі, тек постсоциалистік елдерде ғана емес, барлық елдердегі жағдайды одан сайын ушықтырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы көптеген елдердің жетістіктері халықаралық қысымның нәтижесі болып табылады. Алайда көптеген үкіметтердің төменгі деңгейлерде уақтын-уақтын қасақана кедергі келтіруіне

байланысты елеулі және тұрақты жетістіктерге қол жеткізілмейді. Еуропадағы ең мықты саяси одақ болып табылатын Еуропалық Одаққа қосылу да кейбір елдерде сыбайлас жемқорлықтың мәселесін шешкен жоқ. Кейбір заңдар қабылданып, керекті институттар ашылды, алайда іс жүзінде сыбайлас жемқорлықпен күресте маңызды жүйелік жетістіктер әлі де жоқ.

Он бес постсоциалистік елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы практикалық жетістіктерінің, олардың қарқыны мен басқа да ерекшеліктерінің ұлттық үкіметтерден тыс немесе дәлірек айтқанда ұлттық саясаттан тыс ең аз ортақ мәнін анықтау өте қиын. Барлық салада, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте барлық маңызды саяси шешімдерді әрқашан үкімет қабылдайтыны қалыпты болып көрінгенімен, халықаралық қоғамдастықтың сонша күш-жігері мен инвестициясының, «қатаң» шарттылық пен «жазалау мен ынталандыру» тәсілін қолданудың бұл үкіметтерге соншалықты шектеулі ғана әсері болғаны әлі де таң қалдырады. Көптеген үкіметтердің саяси ерік-жігерінің жоқтығы және олардың орындалмайтын уәделері «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті» көбінесе сол үкіметтердің негізгі саяси мақсатары үшін, яғни өз азаматтарының мүддесі үшін бір нәрсені жақсы жаққа өзгерту мақсатында емес керісінше келесі сайлауда жеңіске жету үшін қолданатыны сияқты әсер қалдырады.

Алайда, объективті және ұзақ тұрғыдан қарасақ, аталған және барлық басқа постсоциалистік елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің оң нәтижелерінің бар екенін де көреміз. Сонымен бірге, осы жетістіктердің баяу қарқыны және ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттағы көптеген бүгіліс пен бұрылыстар постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды жеделдету және олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тағы не істеу керек, нені басқаша жасау керек екенін қосымша және мұқият талқылауға итермелейді. Сондықтан, осы құжаттың соңында оған қалай қол жеткізуге болатындығы туралы 25 идея келтірілген.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ.....	iii
ТҮЙІНДЕМЕ.....	iv
МАЗМҰНЫ.....	vii
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....	viii
1. КІРІСПЕ .....	1
1.1 Статистикалық мәліметтер .....	2
1.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық заңнамаларды ұстану.....	4
2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ЗАҢНАМАЛЫҚ ШЕШІМДЕР .....	5
2.1 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу немесе оны болдырмау туралы арнайы заңдар .....	6
2.2 Әртүрлі санаттағы мемлекеттік қызметшілер арасындағы мүдделер қақтығысы туралы заңдар.....	7
2.2.1 Мүдделер қақтығысына байланысты үздік тәжірибелер.....	12
2.2.2 Мүдделер қақтығысы туралы заңнамаға қатысты ұсынымдар .....	15
2.3 Мемлекеттік қызметшілердің мүлкі туралы есеп беру туралы заңдар .....	17
2.3.1 Мемлекеттік қызметшілердің мүлкі жөнінде есеп беру туралы заңнамалардың үздік тәжірибелері.....	24
2.3.2 Мүлік туралы есеп беру заңнамаларына ұсынымдар .....	29
2.4 Заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы заңдар .....	30
2.5 Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңдар .....	36
2.5.1 Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу бойынша үздік заңнамалық тәжірибелер .....	42
2.5.2 Грекия тәжірибесі.....	47
2.5.3 Словениядағы ерекше жағдай.....	49
2.5.4 Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамаға қатысты ұсынымдар .....	49
2.6 Он бес постсоциалистік елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы бойынша кейбір қорытындылар.....	51
3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН АРНАЙЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ БАР БОЛУЫ .....	52
3.1 Он бес постсоциалистік елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттар жөнінде кейбір қорытындылар .....	59
3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы мекемелердің озық тәжірибелері .....	60
3.3 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелер бойынша ұсынымдар.....	70
3.4 Жекелеген постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы тәжірибелік жетістіктер.....	71
3.5 Он бес постсоциалистік елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы тәжірибелік жетістіктер туралы кейбір тұжырымдар .....	76
3.6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттыру .....	78
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІ .....	80

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

СЖҚІСА	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
СЖҚЖ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы желі
БжГ	Босния және Герцеговина
СЖҚОБ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталық бюро
ЖЛТӘЖК	Жоғары лауазымды тұлғалардың этика комиссиясы
СЖААК	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу комиссиясы
СЖҚИ	Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі
СЖААТЗ	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заң, Украина
СЖҚҰПҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық прокуратура қызметі
БРЭК	Бас ресми этика комиссиясы
АҚБЕС	Адам құқығы бойынша Еуропа Соты
ЕО	Еуропалық Одақ
АЖААО	Ақшаны жылыстатудың алдын алу органы
АБ	Ақпарат бостандығы
ЖСЖБ	Жаһандық сыбайлас жемқорлық барометрі
ГБТ	GRECO бағалау тобы
GRECO	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Еуропалық мемлекеттер тобының кеңесі
СЖҚЖС	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғарғы сот
МДАМҚЖИ	Мүлікті декларациялау және аудиттеу және мүдделер қақтығысының жоғары инспекциясы
СЖҚЫШЖ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспары
СЖААОҚКБ	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес бюросы
ҰСК	Ұлттық сот кеңесі, Польша
МҚМЖМРТЗ	Мемлекеттік қызметте мемлекеттік және жеке мүдделерді реттеу туралы заң
МҚТЗ	Мүдделер қақтығысы туралы заң, Хорватия
ЗТСЖҚБҮЖТЗ	Заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілігі туралы заң
ПМ	Парламент мүшесі
СЖҚҰБ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро
СЖААҰА	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ұлттық агенттігі
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйым
СЖҚҰА	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық агенттік
ЖАК	Жоғары аудит кеңесі, Польша
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
АҚЕБ	Алаяқтыққа қарсы еуропалық бюро
ГБП	Бас прокуратура, Грузия
ЖАФТ	Жоғары атқарушы функцияналды тұлғалар (GRECO пайдаланатындай)
СЖҚАП	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы прокуратура
СЖҚАС	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы структура
АТҚ	Арнайы тергеу қызметі
МКҚ	Мемлекеттік кірістер қызметі
ТІ СЖҚИ	Transparency International Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі
ТІ ЖСЖБ	Transparency International Жаһандық сыбайлас жемқорлық барометрі
БҰҰСЖҚК	БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы
БҰҰЕКЖБ	БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы
СЖҰҚААБ	Сыбайлас жемқорлықтың және ұйымдастырылған қылмыстың алдын алу басқармасы
ПЖТ	Парақорлыққа қарсы жұмыс тобы



## 1. КІРІСПЕ

1. Сарапшының басты мақсаты постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған күш-жігердің қазіргі таңдағы жағдайы туралы зерттеу жүргізу, нәтижесі бойынша есеп дайындау болды. Сонымен қатар, қиындықтарды анықтап, постсоциалистік және басқа елдердегі үздік тәжірибелерге сүйене отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күресу туралы ұсынымдар беру. Сондықтан, бұл зерттеудің мақсаты - постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлық кесірінен туындайтын қиындықтарды, кедергілерді және мәселелерді түгендеп, оларды шешудің ең тиімді жолдарын ұсыну.

2. Осы есепті жазуда қиындықтары, үздік тәжірибелері, идеялары басқа елдерге де тән болатындай постсоциалистік елдерді дұрыс таңдау маңызды болды. Орталық және Шығыс Еуропадағы<sup>2</sup> немесе Азиядағы<sup>3</sup> қандай елдердің постсоциалистік екендігі анық болса да, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы бірдей немесе кем дегенде салыстырмалы сапалық немесе сандық деректері бар елдерді осы аталған екі аймақтан таңдау қиын. Алайда, постсоциалистік елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізетін саясатын талдаудың жақсы жақтары да бар: олардан басқа әлемдегі ешқандай елдер тобы бұл салаға осынлай қатты кірісіп, тамаша жетістіктерге жеткен жоқ.<sup>4</sup> Көптеген іс-шаралар мен жетістіктермен бірге әрдайым үлкен қиындықтар мен инновациялық шешімдер ғана емес, сонымен қатар қателіктер де бірге жүреді. Бұның барлығы қазіргі жай-күйді нақты бағалауға және алдағы әрекеттердің ең тиімдісін анықтауға мүмкіндік береді, өйткені сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен жетістіктердің тұрақты болуына кепілдік жоқ және онымен күнделікті түрде жылма-жыл күресу керек екенін ескеру қажет.

3. Осы зерттеуде талданған негізгі елдер – Албания (АЛБ), Армения (АРМ), Босния және Герцеговина (БЖГ), Болгария (БОЛ), Хорватия (ХОР), Грузия (ГРУ), Қазақстан (ҚАЗ), Латвия (ЛАТ), Польша (ПОЛ), Румыния (РУМ), Словения (СЛО), Тәжікстан (ТӘЖ), Украина (УКР) және Өзбекстан (ӨЗБ). Егер басқа елдердің шешімдері мен тәжірибелері үздік деп танылса, олардың атаулары бұл тізімге қосылуы мүмкін.

4. Аталған мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы үш жақтан талданды: заңнамалық шешімдер, институционалдық құрылым және практикалық жетістіктер. Әсіресе сыбайлас жемқорлықтың алдын ала алатын болашақ іс-шаралар да ұсынылады. Жаңа Зеландия, Норвегия және Швеция сияқты кейбір елдерде сыбайлас жемқорлық деңгейінің неге төмен екендігі белгісіз болғандықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудегі сәтті іс-қимылды талдау қиын. Осы зерттеуде қарастырылған ұсыныстардан басқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс жүзінде күресудің тиімділігін арттыру үшін елдер жалпы не істеу керектігі туралы ұсынымдар беру мүмкін емес.<sup>5</sup> Сондықтан, он бес елдің практикалық жетістіктері туралы тарауда, үздік тәжірибелер жайында бөлім жоқ; оның орнына елдердің жалпы алғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет ішінде жүргізетін іс-қимылдардың практикалық тиімділігін қалай арттыруға болатыны туралы кейбір пікірлер берілген.

5. Он бес постсоциалистік елдегі жағдайға қатысты халықаралық мониторингтік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдардың есептерінің кейбір бөлімдері осы

---

<sup>2</sup>Албания, Беларусь, Босния және Герцеговина, Болгария, Чех Республикасы, Хорватия, Эстония, Венгрия, Латвия, Литва, Молдова, Монтенегро, Солтүстік Македония, Польша, Румыния, Ресей Федерациясы, Сербия, Словакия, Словения, Украина. [Постсоциалистік елдердегі әлеуметтік ауқаттың динамикасы: жетістіктің құпиясын ашу: мемлекеттік сектор экономикасы \(pse-journal.hr\)](http://post-socialist-countries.eu)

<sup>3</sup>Армения, Әзербайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан.

<sup>4</sup>Олардың бастапқы жағдайларымен салыстырғанда.

<sup>5</sup>Мүдделер қақтығысы, лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп беру, қоғамдық ақпаратқа қолжетімділік, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың арнайы институттары.

мемлекеттердегі жағдайды мадақтау немесе сынау үшін емес, басқа да постсоциалистік мемлекеттерде кездесетін, барлық постсоциалистік елдерге берілетін жалпы ұсынымдардың негізін құрайтын мәселелер мен ең үздік тәжірибелерді анықтау үшін таңдалған. Бұл есептердің барлығы толығымен жаңартылмағандықтан, олар жарияланғаннан кейін кейбір елдерде осы зерттеуде ескерілмеген өзгерістер орын алуы мүмкін. Зерттеудің мақсаты белгілі бір елдердегі жағдайды талдау емес, барлық постсоциалистік елдер үшін ортақ белгілерді анықтау болғандықтан, аталған есептерде ескерілмеген ақпараттың жоқ болуы осы зерттеудің тұжырымдары мен қорытындыларына қатты әсер етпейді.

### 1.1 Статистикалық мәліметтер

6. Өткен ғасырдың соңында орын алған «темір перденің» құлауы, көптеген елдерге тәуелсіздік әкелді. Бұл сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен оған қарсы күрестің бірнеше көрсеткіштерін өлшеу сол елдерде алғаш рет іске асырылған және олар халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралдарды дербес ұстана бастаған сәт болды.

7. Жемқорлық екі түрлі жолмен өлшенеді: зерттеу мен сауалнамалардың көпшілігі сыбайлас жемқорлыққа көзқарасты бағалайды, аз бөлігі ғана түрлі елдердегі сыбайлас жемқорлық деңгейі туралы нақты және қатаң фактілерді келтіреді.

8. Зерттеулердің бірінші тобындағы Transparency International ұйымының сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (TI СЖҚИ) сауалнамасы ең танымалы, сонымен бірге ұзақ жылдар бойына ең тұрақтысы болып келеді. Сондықтан да ол постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарастың қалыптасуына қатысты өте пайдалы ақпарат береді.

1-кесте: Іріктелген елдерде 2000 және 2020 жылдар аралығындағы TI СЖҚИ көрсеткіші

	АЛБ	АРМ	БжГ	БОЛ	ХОР	ГРУ	ҚАЗ	ЛАТ	ЛИТ	ПОЛ	РУМ	СЛО	ТӘЖ	УКР	ӨЗБ	Орташа
<b>2000</b> <sup>6</sup>		2.5		3.5	3.7		3.0	3.4	4.1	4.1	2.9	5.5		1.5	2.4	3.3
<b>2005</b> <sup>7</sup>	2.4	2.9	2.9	4.0	3.4	2.3	2.6	4.2	4.8	3.4	3.0	6.1	2.1	2.6	2.2	3.3
<b>2010</b> <sup>8</sup>	3.3	2.6	3.2	3.6	4.1	3.8	2.9	4.3	5.0	5.3	3.7	6.4	2.1	2.4	1.6	3.6
<b>2015</b> <sup>9</sup>	36	35	38	41	51	52	28	56	59	63	46	60	26	27	19	42.5
<b>2020</b> <sup>10</sup>	36	49	35	44	47	56	38	57	60	56	44	60	25	33	26	44.4

9. Бұл деректерді талдай отыра келесі сипаттама беруге болады:

- постсоциалистік елдердегі орташа TI СЖҚИ, 2000–2005 жылдар аралығын санамағанда жақсарып отыр, ең жоғары көрсеткіш 2010–2015 жылдар аралығында орын алған;

- 2000 – 2020 жылдары кейбір елдерде 5 – 10 жылға қысқа мерзімді жоғары көрсеткіштер тіркеліп отырды: Албанияда 2005 мен 2010, Арменияда 2015 пен 2020, Грузияда 2010 мен 2015, Қазақстанда 2015 пен 2020, Латвияда 2000 мен 2005 және 2010

<sup>6</sup>2000 - СЖҚИ - [Transparency.org](http://Transparency.org).

<sup>7</sup>2005 - СЖҚИ - [Transparency.org](http://Transparency.org).

<sup>8</sup>2010 - СЖҚИ - [Transparency.org](http://Transparency.org).

<sup>9</sup>2015 - СЖҚИ - [Transparency.org](http://Transparency.org).

<sup>10</sup>2020 - СЖҚИ - [Transparency.org](http://Transparency.org).

мен 2015, Литвада 2010 мен 2015, Польшада 2002 мен 2015, Румынияда 2010 мен 2015, Украинада 2000 мен 2005 және Өзбекстанда 2015 пен 2020 жылдар аралығында;

- орта есеппен алғанда TI СЖҚИ көрсеткіші өте төмен елдерде TI СЖҚИ жоғары елдерге қарағанда анағұрлым көп оң өзгерістер тіркелді;

- 2010 мен 2015 жылдар аралығында сыбайлас жемқорлықты қабылдаудағы ең елеулі өзгерістер болған сияқты;

- кейбір елдерде жиырма жыл бойы үлкен дерлік өзгерістер байқалмаған (БжГ, Слования, Тәжікстан, Өзбекстан), бұл саясаттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге ынтасы аз екендігін көрсетеді;

- кейбір елдер TI СЖҚИ зерттеудің ең басында сыбайлас жемқорлықты қабылдауда оң нәтижелерді көрсетті (Латвия, Украина), алайда бұл үрдіс кейін жалғасын таппаған (Украина);

- кейбір елдер осы мәселе бойынша ерік-жігерлерін тек соңғы 2015–2020 жылдар аралығындағы бес жылда күшейтті (Армения, Қазақстан, Өзбекстан);

- кейбір елдер TI СЖҚИ көрсеткішін жақсартуда өте нәтижелі жұмыс атқарды (Армения, Грузия, Латвия, Литва);

- СЖҚИ бойынша ең жоғары нәтиже Грузия еліне тиесілі (+3.3), ал ең төмен нәтиже көрсеткен ел ол Тәжікстан (+4).

10. Transparency International зерттеуге қатысатын адамдар және олардың отбасындағы басқа мүшелер арасында нешеуі соңғы бір жыл ішінде пара төлегенін көрсететін жаһандық сыбайлас жемқорлық барометрі (TI ЖСЖБ) атты әлемдегі елдердегі сыбайлас жемқорлықтың шынайы көрсеткішін ойлап тапты. Алайда, бұл зерттеудің осал тұсы – әрдайым барлық елдер бойынша деректерді қарастырмауы. Бұл зерттеу тіпті жыл сайын емес, орта есеппен бес жылда бір рет өткізіледі. Сондықтан, әр түрлі жылдар мен елдер бойынша, әсіресе орташа көрсеткіштерді салыстыру қиын, алайда, кейбір салыстырулар жасау мүмкін болып отыр.

2-кесте: TI ЖСЖБ (соңғы жыл ішінде пара төлеген адам, пайыздық үлес)

	АЛБ	АРМ	БжГ	БОЛ	ХОР	ГРУ	ҚАЗ	ЛАТ	ЛИТ	ПОЛ	РУМ	СЛО	ТӘЖ	УКР	ӨЗБ	Орташа
<b>2006</b> <sup>11</sup>	66		5	8	7	7			28	8	20					18.6
<b>2011</b> <sup>12</sup>		23	23	8	5	4		15	34	16	20	4		37		17.2
<b>2016</b> <sup>13</sup>	34	24	27	17	10	7	29	15	24	7	29	3	50	38	18	22.1

11. Бұл деректерді талдай отыра келесі қорытынды шығаруға болады:

- 2006 және 2016 жылдар арасында пара төлеген адам пайызы өсті, алайда бұл зерттеуге қатысқан елдердің санының өсуіне де байланысты болуы мүмкін;

- кейбір елдерде жағдай тіптен нашарлаған (БжГ, Болгария, Хорватия, Румыния);

- ЕО-ға мүшелік ету бұл мәселеде артықшылық бермейтін сияқты: ЕО жеті мүше-мемлекетінің тек үшеуінде (Литва, Польша, Словения) кішігірім жақсарулар тіркелді, қалған төрт елде жағдай нашарлады, тіпті кейбір елдерде күрт нашарлады (Болгария, Румыния);

- жақсы нәтиже тіркелген елдерде оның аралығы төмен нәтиже тіркелген елдердегі аралыққа қарағанда әлдеқайда аз;

<sup>11</sup>Жаһандық сыбайлас жемқорлық барометрінің есебі 2005 ([transparencycdn.org](http://transparencycdn.org)).

<sup>12</sup>GCB20102011 ҚОРЫТЫНДЫ 2 5 12 ДН-1.xls ([live.com](http://live.com)).

<sup>13</sup>Адамдар және сыбайлас жемқорлық: Еуропа және Орталық Азия - [Transparency.org](http://Transparency.org).

- ең төмен нәтиже тіркелген ел БжГ болып табылады (5 пайыздан 27 пайызға дейін);
- ең жоғары нәтиже көрсеткен ел – Албания (66 пайыздан 34 пайызға дейін);
- ТІ ЖСЖБ-ны барынша жақсартқан елдердің ішінде (Армения, Грузия, Латвия, Литва) тек Литвада ғана ТІ ЖСЖБ шамалы жақсарды (28 пайыздан 24 пайызға дейін).

## 1.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық заңнамаларды ұстану

12. Ел халықаралық заңнамалық құжаттарда белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу стандарттарын қабылдауға дайын болса, бұл оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге ынталы екенін көрсететін маңызды белгі. Постсоциалистік елдердің территориялық сипатын ескерсек, мына үш халықаралық конвенцияның маңызы бар: БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы (БҰҰСЖҚК), Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Конвенция (ETS 173) және Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Конвенциясы (ETS 174). Халықаралық құжаттарға қол қойғанның өзінде, ратификациялау актісі немесе басқалай да қосылу елдің жаңадан қосылған конвенцияны өз заңнамасына енгізуі және ондағы талаптарды орындауын қамтамасыз етпейді. Көп жағдайда елдер конвенцияға қосылғаннан соң ұзақ жылдар бойы сол конвенцияның ережелерін өз заңнамасына қоспай келді.

*3-кесте: Кейбір постсоциалистік елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияға қосылу жылдары*

	АЛБ	АРМ	БжГ	БОЛ	ХОР	ГРУ	ҚАЗ	ЛАТ	ЛИТ	ПОЛ	РУМ	СЛО	ТӘЖ	УКР	ӨЗБ
<b>БҰҰСЖҚК</b> <sup>14</sup>	2006	2007	2006	2006	2005	2008	2008	2006	2006	2006	2004	2008	2006	2009	2008
<b>ETS 173</b> <sup>15</sup>	2001	2006	2002	2001	2000	2008		2001	2002	2002	2002	2000		2009	
<b>ETS 174</b> <sup>16</sup>	2000	2005	2002	2000	2003	2003		2005	2003	2002	2002	2003		2005	

13. Ең қызығы, сыбайлас жемқорлық деңгейі орташа елдердің кейбірі де сол конвенцияларға қосылған.

*4-кесте: Басқа елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияға қосылу жылдары*

	Австрия	Ботсвана	Франция	Германия	Ирландия	Біріккен Корольдік	АҚШ
<b>БҰҰСЖҚК</b> <sup>17</sup>	2005	2011	2005	2014	2011	2006	2006
<b>ETS 173</b> <sup>18</sup>			2008	2017	2003	2003	
<b>ETS 174</b> <sup>19</sup>			2008				

14. Германияның БҰҰСЖҚК-ға тек 2014 жылы, ал Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Конвенциясына тек 2017 жылы

<sup>14</sup>[Ратификация статусы \(unodc.org\)](http://unodc.org).

<sup>15</sup>[Толық тізім \(coe.int\)](http://coe.int).

<sup>16</sup>[Толық тізім \(coe.int\)](http://coe.int).

<sup>17</sup>[Ратификация статусы \(unodc.org\)](http://unodc.org).

<sup>18</sup>[Толық тізім \(coe.int\)](http://coe.int).

<sup>19</sup>[Толық тізім \(coe.int\)](http://coe.int).

қосылғаны таң қалдырады.

15. Осы құжаттың соңында аталған үш конвенцияға қосылу жылдары мен оларды қолдану деңгейін салыстыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық құқықтық құжаттарға қосылу кезеңі мен оларды қолданудың арасындағы байланыс туралы кейбір қызықты фактілерді байқауға болады.

## **2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ЗАҢНАМАЛЫҚ ШЕШІМДЕР**

16. Көпшіліктің келіспейтініне қарамастан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы заңнамаларды қабылдау ең оңай қадам болып табылады. Себебі, оны жүзеге асыру үшін тек парламенттегі көпшіліктің қолдауы және үкіметтің аталған іс-қимылға бағытталған ынтасы қажет. Алайда, мұндағы үкіметтің ынтасы елдің заңды қабылдауға саяси ерік-жігердің бар болуы деген сөз емес. Тарихта өте маңызды заңдардың тек төрт күн бойы әрекет еткен жағдайлары да бар. Украинадағы Сыбайлас жемқорлық үшін заңды тұлғалардың жауапкершілікке тартылуы туралы заң бұған мысал бола алады.

17. Тек кейбір мемлекетішілік заңдардың қабылдануы халықаралық құқықтық құралдардың ықпалы ретінде қарастырылады. Сондықтан, елдерді тиісті түрде салыстыру үшін заңдарды мұқият таңдау қажет. Келесі заңнамалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық күресте маңызды рөл атқаратынында ешбір күмән жоқ және де олар халықаралық стандарттардың тікелей ықпалына түседі; олар: сыбайлас жемқорлықпен күресуге және оның алдын алуға арналған арнайы заң, әртүрлі санаттағы мемлекеттік қызметшілер арасындағы мүдделер қақтығысы туралы заң, әртүрлі санаттағы мемлекеттік қызметшілердің мүлкі бойынша есеп туралы заң, заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы заң, ақпаратқа қол жеткізу туралы заңдар.

18. Зерттеліп отырған елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар туралы ақпарат үш халықаралық сыбайлас жемқорлықты бақылайтын мониторингтік ұйымдардан алынды; олар: Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы (GRECO),<sup>20</sup> ЭЫДҰ Парақорлыққа қарсы жұмыс тобы (ПЖТ),<sup>21</sup> және ЭЫДҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісі (СЖҚЖ).<sup>22</sup>

19. Кейбір елдердің үздік тәжірибесі пайдалы, жарамды және басқа елдерде модель ретінде қолданыла алатындықтан алдағы тарауларда келтірілген. Осы үздік тәжірибелерге негізделген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаларды қабылдау мен оларды қолдануға ынталандыратын ұсыныстар берілген. Үздік тәжірибелерді талдау мен ұсынымдар беру барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда әлдеқашан оң өзгеріс әкелетін заңдарға ерекше назар аударылған, олар мына заңдар: әртүрлі санаттағы мемлекеттік қызметшілер арасындағы мүдделер қақтығысы туралы заңдар, сол мемлекеттік қызметшілердің мүлкі бойынша есеп туралы заңдар, ақпаратқа қол жеткізу туралы заңдар. Заңнамалардың келесі екі санаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы заң және заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы арнайы заң – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудегі елдердің жалпы саяси ерік-жігерін, ондағы құқықтық жүйелерінің жалпы дамуын,<sup>23</sup> және елдердің халықаралық ұйымдарға қосылу мүмкіндіктерін<sup>24</sup> бағалауда маңызды болып табылады. Алайда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласында аталған заңнамалардың әсері азырақ.

<sup>20</sup>[GRECO сайтына қош келдіңіз \(coe.int\)](http://www.greco.int).

<sup>21</sup>[ЭЫДҰ Халықаралық бизнес транзакцияларындағы парақорлыққа қарсы жұмыс тобы - ЭЫДҰ.](#)

<sup>22</sup>[Шығыс Еуропа және Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы желі - ЭЫДҰ.](#)

<sup>23</sup>Заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы жақсы заңнама – сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық база жеткілікті түрде қабылданғанның белгісі.

<sup>24</sup>Мысалы, заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы заңды қабылдамаған елдер ЭЫДҰ-ға қосыла алмайды.

## 2.1 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу немесе оны болдырмау туралы арнайы заңдар

20. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу немесе оны болдырмау туралы заңдар» сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға немесе оны жоюға бағытталған деп түсіндірілуі керек. Мұндай заңнамалардың мазмұны әртүрлі болуы мүмкін. Осы зерттеуде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін мамандандырылған және дербес органдардың құрылуы мен жұмыс істеуін реттейтін заңдар да назарға алынған. Елдердің осындай заңдарды қабылдағандығын тексеру арқылы олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудегі мүддесі мен ерік-жігерін көруге болады. Егер мемлекет тиісті заңнамалардың бірнешеуін қабылдаған болса, төмендегі 5-кестеде олардың тек біріншісі ғана келтіріледі. Кейде елдер сыбайлас жемқорлықпен қатар ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті бірге жүргізеді, ондай заңнамалар да осы есепте ескерілген.

21. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу немесе оны болдырмау туралы заңдар» зерттеуге қатысқан постсоциалистік елдерде мына жылдары қабылданған.

*5-кесте: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы заңдардың кейбір постсоциалистік елдерде қабылдануы*

<b>АЛБ</b>	<b>АРМ</b>	<b>БжГ</b>	<b>БОЛ</b>	<b>ХОР</b>	<b>ГРУ</b>	<b>ҚАЗ</b>	<b>ЛАТ</b>
Жоқ	Жоқ	2010 <sup>25</sup>	2018 <sup>26</sup>	2001 <sup>27</sup>	1997 <sup>28</sup>	1998 <sup>29</sup>	2002 <sup>30</sup>
<b>ЛИТ</b>	<b>ПОЛ</b>	<b>РУМ</b>	<b>СЛО</b>	<b>ТӘЖ</b>	<b>УКР</b>	<b>ӨЗБ</b>	
2000 <sup>31</sup>	2006 <sup>32</sup>	2000 <sup>33</sup>	2004 <sup>34</sup>	1999 <sup>35</sup>	1995 <sup>36</sup>	2017 <sup>37</sup>	

22. Жоғарыдағы 5-кесте негізінде мына фактілерді анықтаймыз:

- екі елде (Албания, Армения) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған заң жоқ;

- 1995 – 2006 жылдар аралығында он мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды қабылдаған;

- үш ел (БжГ, Өзбекстан, Болгария) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды ең соңғы болып қабылдады. Әсіресе ЕО-ның мүше-мемлекеті Болгарияның бұл заңнаманы кеш қабылдауы таң қалдырады.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті бақылайтын халықаралық мониторингтік ұйымдар және жалпы қолжетімді ақпаратқа сүйене отырып, мынадай фактілерді байқауға болады:

- 2010 жылы ЕО-қа визасыз тәртіпті қамтамасыз етудің қажетті шарты ретінде БжГ-да Сыбайлас жемқорлықты алдын алу және оған қарсы күресті үйлестіру агенттігі

<sup>25</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күресті үйлестіру агенттігі туралы заң.

<sup>26</sup>Сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеуге қарсы күрес туралы заң.

<sup>27</sup>Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдастырылған қылмыстың алдын алу басқармасы туралы заң.

<sup>28</sup>Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық туралы заң.

<sup>29</sup>№ 267-1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң.

<sup>30</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрес бюросы туралы заң.

<sup>31</sup>Арнайы тергеу қызметі туралы заң.

<sup>32</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша орталық бюро туралы заң.

<sup>33</sup>Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу, анықтау және оларға санкция салу туралы заң.

<sup>34</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заң.

<sup>35</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң.

<sup>36</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң.

<sup>37</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң.

туралы арнайы заң қабылданды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге шынайы саяси күш-жігер болмағандықтан, заңды бірінші редакциямен салыстырғанда оның нормалары нақты емес болып қабылданды;

- 2017 жылы қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң Өзбекстан үшін ең үлкен жетістіктердің бірі болды;

- 2004 жылы қабылданған Сыбайлас жемқорлықты алдын алу туралы арнайы заң Словенияның ЕО-қа кірудің шарты болды;

- Польша мен Болгария сәйкесінше 2006 және 2018 жылдары ЕО-ың көрсеткен қысымының нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы заң қабылдады;

- Хорватияда 2001 жылы сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасы туралы заң қабылданғаннан кейін материалдық ресурстар ұзақ жылдар бойы қамтамасыз етілмей жаңадан құрылған басқарма тиісті түрде жұмыс атқара алмады;

- бірқатар елдер соңғы 25 жылда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы бір ғана арнайы заң қабылдады (БжГ, Болгария, Грузия, Латвия, Польша, Словения, Тәжікстан, Өзбекстан), ал екі ел (Румыния, Украина) осы заңдардың көптеген нұсқаларын қабылдады;<sup>38</sup>

- сонымен қатар, кейбір елдер (Хорватия, Литва) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оны болдырмау мәселелерін әртүрлі заңнамаларды қолдана отырып реттейді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы заңдардың басым бөлігінің қабылдануы халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы «заң шығару»-дың белсенді кезеңімен тұспа-тұс келді: 1997 жылы қабылданған ЭЫДҰ Шетелдік лауазымды тұлғалардың халықаралық бизнес транзакцияларындағы парақорлыққа қарсы конвенция; 1999 жылғы Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық заң туралы конвенциясы; 1999 жылғы Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық заң туралы конвенциясы; 2003 жылғы БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы;

- постсоциалистік елдер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды әртүрлі себептерге орай қабылдады, алайда олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты күреске деген шынайы еркі көптеген елдерде әрқашан маңызды себептердің бірі бола бермейді;

- кейбір елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы заңнамаға қатысты жаңа заңнамалық бастамалардың аз болуы қолданыстағы заңдардың жақсы сапасының, ал кейбір елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске шынайы талпыныстың болмауының салдары болып табылады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы заңдарды көптеп қабылдау елдердің сыбайлас жемқорлықпен күресудегі белсенділігінің артуының белгісі емес, керісінше;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы заңнаманың бар болуы ЕО-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарына кірмейтін сияқты;<sup>39</sup>

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы заңдардың көпшілігі олардың сапасын да көрсетпейді, елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін де дәлелдемейді.

## **2.2 Әртүрлі санаттағы мемлекеттік қызметшілер арасындағы мүдделер қақтығысы туралы заңдар**

24. «Әртүрлі санаттағы лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысы туралы заң» лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың қоғамға көрсететін қызмет

<sup>38</sup>Кейбір заңдарға түзетулер енгізілді (мысалы, Словенияда 2010 және 2011 жылдары).

<sup>39</sup>Болгария бұндай заңды 2018-жылға дейін қабылдады.

арасындағы сәйкессіздікті реттейтін заңнама деп түсіндірілуі тиіс. Терең қарастырылған жағдайда, мүдделер қақтығысын реттеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы өте тиімді іс-шара бола алады. Жұмсақ және агрессивті емес әдіс болуына қарамастан, ол кез келген елдегі мемлекеттік қызметтің сипатына зор әсерін тигізе алады. Бұл әдіс арқылы мемлекеттік қызметшілер жұмыстарының мақсаты мемлекетті қорғау немесе жеке өздерінің немесе басқа адамдардың жеке мүддесін қорғау емес, азаматтардың, яғни олардың клиенттерінің мүдделерін қанағаттандыру екендігін түсінеді. Басқаша айтқанда, мүдделер қақтығысы туралы заңнаманы қабылдай отырып, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де лауазымды тұлғалар олардың мемлекеттің қолындағы құралы емес, азаматтар үшін қызмет ететіндіктерін түсінеді. Егер мемлекет тиісті заңнамалардың бірнешеуін қабылдаған болса, төмендегі 6-кестеде олардың тек біріншісі ғана келтірілген.

*6-кесте: Лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысы туралы заңнамаларды қабылдаған кейбір постсоциалистік елдер*

<b>АЛБ</b>	<b>АРМ</b>	<b>БжГ</b>	<b>БОЛ</b>	<b>ХОР</b>	<b>ГРУ</b>	<b>ҚАЗ</b>	<b>ЛАТ</b>
2005 <sup>40</sup>	жоқ	2002 <sup>41</sup>	2008 <sup>42</sup>	2003 <sup>43</sup>	1997 <sup>44</sup>	1998 <sup>45</sup>	2002 <sup>46</sup>
<b>ЛИТ</b>	<b>ПОЛ</b>	<b>РУМ</b>	<b>СЛО</b>	<b>ТӘЖ</b>	<b>УКР</b>	<b>ӨЗБ</b>	
1997 <sup>47</sup>	1992 <sup>48</sup>	1999 <sup>49</sup>	1992 <sup>50</sup>	2015 <sup>51</sup>	1995 <sup>52</sup>	2017 <sup>53</sup>	

25. Жоғарыдағы 6-кестеге сүйене келе, келесі фактілерді атауға болады:

- бір елде (Армения) мүдделер қақтығысы туралы заңның жоқтығы;
- өткен мыңжылдықтың соңына дейін мүдделер қақтығысы туралы заңды жеті ел, 2000 және 2005 жылдар аралығында төрт ел қабылдаған;
- үш ел мүдделер қақтығысы туралы заңды кешірек қабылдады (Болгария 2005 жылы, Тәжікстан 2015 жылы және Өзбекстан 2017 жылы).

26. Халықаралық сыбайлас жемқорлықты бақылайтын мониторингтік агенттіктер оларға мүше елдердегі мүдделер қақтығысы мәселесіне қарсы күресті де бағалайды. Соңғы тұжырымдардың кейбіреуі төменде келтірілген:

- **«Албанияда»** сыбайлас жемқорлыққа қарсы және мүдделер қақтығысы туралы өте егжей-тегжейлі заңнамалар қабылданған. Алайда, конституциялық ережелерден тұратын мүдделер қақтығысы мен мүлік туралы есеп беру туралы заң өте күрделі, және жиі жасалған көптеген түзетулер оның тұрақтылығы мен құқықтық нақтылығына кері

<sup>40</sup>Мемлекеттік қызметті орындаудағы мүдделер қақтығысының алдын алу туралы заң.

<sup>41</sup>Мемлекеттік органдардағы мүдделер қақтығысы туралы заң.

<sup>42</sup>Мүдделер қақтығысын анықтау және оның алдын алу туралы заң.

<sup>43</sup>Мемлекеттік міндеттерді орындаудағы мүдделер қақтығысы туралы заң.

<sup>44</sup>Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық туралы заң.

<sup>45</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң.

<sup>46</sup>Лауазымды тұлғалардың әрекетіндегі мүдделер қақтығысының алдын алу туралы заң.

<sup>47</sup>Мемлекеттік қызметтегі қоғамдық және жеке мүдделерді реттеу туралы заң.

<sup>48</sup>Мемлекеттік қызметті атқаратын тұлғалар үшін бизнеспен айналысу мүмкіндігін азайту туралы заң.

<sup>49</sup>№161/2003, № 7/2004 және № 171/2004 заңдарымен толықтырылған № 188/1999.

<sup>50</sup>Пайда табу әрекеттері мен мемлекеттік қызметтің сәйкессіздігі туралы заң.

<sup>51</sup>Мемлекеттік қызмет туралы заң.

<sup>52</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң.

<sup>53</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң.



әсерін тигізді. Аталған өзгертулер қарама-қайшы түсіндіріледі».<sup>54</sup>

- **«Арменияда** соңғы мониторинг кезеңінде анықталған кемшіліктердің көпшілігін жою үшін мүдделер қақтығысына қатысты жаңа ережелер қабылданған. Жаңа заңнамалардың арқасында қадағалау үрдісі күшейтілді, алайда оларды іс жүзінде әлі де қолданыла бастамаған. Арменияға әдеп жөніндегі комиссиялар мен сатылмаушылық жөніндегі ұйымдастырушылардың жұмысын қоса алғанда, іс жүзінде мүдделер қақтығысының ережелерін орындауды күшейту ұсынылады. Сонымен қатар, ол мемлекеттік қызметшілерді хабардар етіп, оқытуы қажет, сондай-ақ осы ережелерді талдау және іс жүзінде қолдану бойынша қажетті нұсқаулармен қамтамасыз етуі керек».<sup>55</sup>

- **Босния және Герцеговинада** «ең бастысы, заң шығарушы органдардағы адалдықты қамтамасыз ету мен мүдделер қақтығысын болдырмау үшін мониторинг пен құқық қолдану режимін айтарлықтай күшейту қажет».<sup>56</sup>

- **Болгарияда** «мүдделер қақтығысы мәселесі төңірегінде көптеген органдар тек қағаз жүзінде ғана тексерістер жүргізе алады. Тексерістер егер жүзеге асырылса үстірт болып табылады және олардың міндеті негізінен депутат, сот немесе прокурорлардың жеке мүдделері, қызмет міндетіне сәйкес келмейтін іс-әрекеттері және мүлкі туралы мәлімдемелерді жария етуге дейін шектелген. Депутат, сот және прокурорларлар мүдделер қақтығысы және активтерді жария ету ережелерін бұзды деп анықталса және жазалау бойынша қандай да бір мұқият тексерістер мен елеулі нәтижелер болмаған жағдайда, ашықтық алдамшы деп танылады және сондықтан халықтың құқық бұзушылықпен күресетін үш институтқа, әсіресе сотқа деген сенімін арттыруға ықпал ете алмайды».<sup>57</sup>

- **Хорватияда** «мүдделер қақтығысы туралы ұғымды адамдар дұрыс түсінбейді, және ол айыпталатын мінез-құлықпен байланыстырылады. Сонымен қатар, азаматтардың ойынша, қанағаттанарлықтай шешілмеген мүдделер қақтығысы жағдайлары орын алған. Мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі комиссия қолданыстағы ережелер мен олардың негіздемесі бойынша арнайы нұсқаулар мен кеңестер беруде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің жекелеген салаларында өзін-өзі басқаруды және талаптарды сақтауды ынталандыруда маңызды рөл атқарады».<sup>58</sup>

- **Грузияда** «мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлық туралы заң қабылданған, алайда ол іс жүзінде қолданылмайды. Ішкі аудит органдары заңның орындалуын қадағалау керек, алайда олардың жұмысының тиімділігі байқалмайды. Мемлекеттік қызмет бюросы мүдделер қақтығысы бойынша дайындық өткізді, алайда басшылық және/немесе алдын алудағы орталықтандырылған рөлге ие емес. Мүдделер қақтығысы (МК) туралы заң сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары болатын барлық лауазымдарға қолданылмайды».<sup>59</sup>

- **Қазақстанда** «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң мен

---

<sup>54</sup>GRECO, Албанияны бағалаудың төртінші раунды, 2014 жылғы наурыз айының бағалау есебі, 4-бет, [Greco Төртінші бағалау есебі \(2013\) 9Е Қорытынды Албания ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ](#).

<sup>55</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Армениядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 10-бет, 2018, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Армения-4-Раунд-Тексеру-Есен-Шілде-2018-ENG.pdf](#).

<sup>56</sup>GRECO, Босния және Герцеговинаны бағалаудың төртінші раунды, 2015 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 4-бет, [Greco Төртінші бағалау есебі \(2015\) 2Е Қорытынды Бжк ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ](#).

<sup>57</sup>GRECO, Болгарияны бағалаудың төртінші раунды, 2015 жылғы наурыз айының бағалау есебі, 3-бет, [ТӨРТІНШІ БАҒАЛАУ РАУНДЫ \(coe.int\)](#).

<sup>58</sup>GRECO, Хорватияны бағалаудың төртінші раунды, 2014 жылғы маусым айының бағалау есебі, 4-бет, [Greco Төртінші бағалау есебі \(2013\) 7Е Қорытынды Хорватия ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ](#).

<sup>59</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Грузиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 8-бет, 2018, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Грузия-Раунд-4-Тексеру-Есен-ENG.pdf](#).

«мемлекеттік қызмет туралы» заң мүдделер қақтығысының (МҚ) алдын алу мен оны басқару ережелерін кеңейтті. Донорлардың көмегімен Қазақстан мемлекеттік қызметтегі МҚ-ға байланысты нұсқауларды шығарып, таратты. Мемлекеттік қызмет агенттігі мақтауға тұрарлық кеңінен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. МҚ ережелерін бұзу фактілерінің алғаш рет орын алған кездері де бар. Дегенмен, МҚ түсіндірмесі халықаралық стандарттарға толықтай сәйкес келмейді. Аталған ережелерді бұзу үшін жауапкершілікке тарту тиімді шара емес. Бұрынғыдай, жұмыстан босатылғаннан кейінгі шектеулердің орындалуын бақылайтын тетік жоқ. Сыйлықтарға қатысты шектеулер бірнеше заңда оқта-текте кездеседі және олардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша түсіндірулер мен хабардарлықты арттыру қажет».<sup>60</sup>

- **Латвияда** «лауазымды тұлғалардың жұмыс барысындағы мүдделер қақтығысын болдырмау туралы заң (мүдделер қақтығысы туралы заң) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша Латвиядағы негізгі заң болып табылады. Бұл заң сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны жою жөнінде бюро (СЖААОҚКБ) мен Мемлекеттік кірістер қызметі (МКК) қадағалайтын қаржылық ақпаратты ашып көрсетудің жан-жақты жүйесін қамтиды. Бұл барлық лауазымды тұлғаларға қатысты».<sup>61</sup>

- **Литвада** «Мемлекеттік қызметтегі қоғамдық және жеке мүдделерді реттеу туралы заң (МҚҚЖЖМРТЗ) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы негізгі ережелерді қамтиды. Ол мүдделер қақтығысына анықтама береді, мүдделер қақтығыстардың алдын алатын немесе олар орын алса, оны реттей алатын шектеулер мен ережелерді қамтиды. Сонымен қатар, бұл заң мемлекеттік қызметтегі адамдардың, депутаттардың, соттар мен прокурорлардың жеке мүдделерін жариялау міндеті мен оны қадағалау мен мәжбүрлеу тетіктерін қамтиды. Заң кешенді және әрі оң ықпал етуші тұстары бар, бірақ жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету үшін нақтырақ іске асыру шараларын қабылдау қажет».<sup>62</sup>

- **Польшада** «кешенді саясат жүргізу қажет, сонымен қатар сыйлықтар мен басқа пайдаларды, мүдделер қақтығысын және көмекші әрекеттерді, лоббистермен және басқа үшінші тұлғалармен қарым-қатынасты қамтитын жан-жақты мінез-құлық ережелері қажет. Бұл іске асыруды қолдау шараларымен, соның ішінде күшті ықпал ету тетіктерімен қатар жүруі қажет».<sup>63</sup>

- **Румынияда** «сыйлықтар мен мүдделер қақтығысы туралы қолданыстағы ережелер бар болғанымен, осы мәселе бойынша шектеу шаралары нәтиже көрсеткен жоқ (мысалы, депутаттар протоколға тікелей байланысты емес кездерде сыйлықтар мен басқа жеңілдіктер алуы мүмкін). Осыған ұқсас себептерге байланысты сәйкессіздіктер туралы қолданыстағы ережелер іс жүзінде тиімсіз, тіпті сот шешімдері шығарылған кезде де олардың кейде сақталмайтыны хабарланды».<sup>64</sup>

- **Словенияда** «СЖААК-тың іс-әрекеттеріне ЖАФТ мүлкін декларациялауды, мүдделер қақтығысын, лобби және тұтастық жоспарларын қадағалау үшін ресурстардың жеткіліксіздігі, және бірінші кезекте жоюды қажет ететін рәсімдік кемшіліктер қатты кедергі келтіреді».<sup>65</sup>

---

<sup>60</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 4-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖКЖ-Қазақстан-Раунд-4-Тексеру-Есен-ENG.pdf](#).

<sup>61</sup>GRECO, Латвияны бағалаудың төртінші раунды, 2012 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 5-бет, [ТӨРТІНШІ БАҒАЛАУ РАУНДЫ \(coe.int\)](#).

<sup>62</sup>GRECO, Литваны бағалаудың төртінші раунды, 2014 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 5-бет, [ТӨРТІНШІ БАҒАЛАУ РАУНДЫ \(coe.int\)](#).

<sup>63</sup>GRECO, Польшаны бағалаудың бесінші раунды, 2018 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 4-бет, [GRECO \(coe.int\)](#).

<sup>64</sup>GRECO, Румынияны бағалаудың төртінші раунды, 2015 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 5-бет, [Greco Төртінші бағалау есебі \(2015\) 4Е Қорытынды Румыния ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ \(2\)](#).

<sup>65</sup>GRECO, Словенияны бағалаудың бесінші раунды, 2017 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 5-бет, [Бесінші бағалау раунды \(coe.int\)](#).

- **Тәжікстанда** «мүдделер қақтығысы туралы заңнамаға өзгертулер жобасын әзірлеуді оң бастама деп атауға болады. Дегенмен, бұның халықаралық озық тәжірибе тұрғысынан әлі де қанағаттанарлықсыз екенін және нақты, әлеуетті және айқын мүдделер қақтығысын қамтымайтынын атап өткен жөн. Заң жобасында мүдделер қақтығысын реттеудің қандай шаралары енгізілгені туралы ақпарат жоқ».<sup>66</sup>

- **«Украинаның** мүдделер қақтығысын басқару саласындағы жетістіктері айқын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық агенттік (СЖҚҰА) әртүрлі методологиялық ережелерді шығарды, ақпарат тарату іс-шараларын өткізді, жұмысшыларды оқытып, заңды орындауды бастады. Бұл мақтауға тұрарлық жайт және ол жалғасын табуға тиіс. Дегенмен, мүдделер қақтығысының ережелерін іске асыру, сондай-ақ оның мандатының басқа бөліктері тиімді деп бағалануы және саяси бейтарап ретінде қарастырылуы үшін СЖҚҰА-ның саяси араласудан және бейтараптықтан тәуелсіз жұмыс істеуіне қатысты мәселелер шешілуі керек».<sup>67</sup>

- **«Өзбекстанда** мүдделер қақтығысының алдын алу туралы ережелер заңнамаға енгізілгенімен, олардың тиісті түрде орындалуы қосымша реттеуді қажет етеді. Атап айтқанда, жауапкершілікті тәртіптік жазаларға дейін ғана шектемей, кеңейту қажет».<sup>68</sup>

27. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске мониторинг жүргізетін ұйымдардың мәліметтеріне және жалпы қолжетімді ақпаратқа негізделе отырып, келесі фактілерді байқаймыз:

- Хаммурапидің (б.з.д.1760) өзі «ешкімнің өз ісін міней алмайтынын» білген, алайда әлі де мүдделер қақтығысының алдын алу мен басқарудың кешенді жүйесін, ол тетіктер жұмсақ әрі тиімді болса да, енгізуден бас тартатын елдер бар;

- кейбір елдер мүдделер қақтығысын барлық лауазымды тұлғалар үшін бірдей қарастырады, ал кейбір елдер оны әртүрлі санаттағы лауазымды тұлғалар үшін бөлек қарастырады;

- мемлекеттік қызметшілердің кейбіреулері – соттар, прокурорлар, алқабилер, – мүдделер қақтығысының жалпы режимдерінен босатылған және белгілі себептерге орай бөлек және әлдеқайда қатаң режимдерде қарастырылады;

- парламент мүшелері мүдделерінің қақтығысын реттеу өте қиын, бұл әсіресе қақтығыстар анықталғаннан кейінгі салдарға қатысты;<sup>69</sup>

- айқын, ықтимал және нақты мүдделер қақтығысының ашықтығы оларды тиімді анықтау және басқару үшін міндетті шарт болып табылады;

- кейбір елдерде мүдделер қақтығысы сыбайлас жемқорлық болып қате түсініледі;

- кейбір елдерде жоғары лауазымды тұлғалар мүдделер қақтығысын реттейтін заңдардан босатылған;

- мүдделер қақтығысына қатысты көптеген заңнамалық актілері бар елдерде олар дұрыс үйлестірілмеген, бұл барлық мемлекеттік қызметшілерді бірдей деңгейде қарастыруға мүмкіндік бермейді;

- көптеген елдер мүдделер қақтығысы туралы заңдарды жүзеге асыруда мәселелерге тап болады, бұл мәселелер әсіресе жұмыстан босатылғаннан кейінгі

---

<sup>66</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Тәжікстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 45-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Тәжікстан-Раунд-4-Тексеру-Есен-ENG.pdf](#).

<sup>67</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Украинадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 8-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-4-Раунд-Есен-Украина-ENG.pdf](#).

<sup>68</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Өзбекстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 9-бет, 2019, [Өзбекстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар \(oecd.org\)](#).

<sup>69</sup>Мысалы, егер парламент мүшесі мүдделер қақтығысы жағдайында болса да, оның дауыс беруден бас тартуын талап ету өте қиын.

шектеулерге қатысты;

- мемлекеттік лауазымды тұлғалардың нысаналы санаттарының хабардар болуын арттыру олардың мүдделер қақтығысы туралы қағидаларды сақтауын қамтамасыз етуде шешуші мәнге ие;

- мүдделер қақтығысы туралы ережелерді орындауға жауапты органдарға кейде өз мандатын толық орындау үшін ресурстар жетіспейді;

- мүдделер қақтығысының ережелерін орындауға жауапты агенттіктер тиімді және саяси тұрғыдан бейтарап болып қана қоймай, сонымен қатар олар солай қарастырылуы да керек;

- мүдделер қақтығысын басқаруды реттейтін заңдардың қабылдануын және қолданылуын бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мониторингі жүргізу бойынша көптеген халықаралық ұйымдардың мандатың бір бөлігі болып табылатынына қарамастан (мысалы, ЭЫДҰ БААК, СЖКМТ), олар әдетте тиісті құқықтық құжаттардың болуы қажеттілігін және тиісті құқық қолдануды талап етпейді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы немесе басқа да заңнамаға қатысты осындай шешімде;<sup>70</sup>

- заңнамалардың бірдей болғанымен де, оларды іске асыру әр елде әртүрлі жүреді: кейбір елдерде мүдделер қақтығысы туралы заңдарды бұзу ешқандай салдарға алып келмейді, мысалы, Словенияда, ал кейбір елдерде мұндай заң бұзушылық көптеген маңызды салдарға алып келуі мүмкін, мысалы, Португалияда;

- мүдделер қақтығысы туралы заңнаманы интернационализациялау және оны лауазымды тұлғалардың қатаң әрі тиімді түрде қадағалуы ұзақ уақытты талап етеді, бұл әсіресе постсоциалистік елдерде орын алады. Бірақ бұл кезеңге қол жеткізгеннен кейін, қоғамдық этиканың жалпы аясындағы басқа да көптеген жағымды сипаттар да пайда бола бастайды.

### **2.2.1 Мүдделер қақтығысына байланысты үздік тәжірибелер**

28. Мына заңдар мүдделер қақтығысының жақсы мысалдары болып табылады: Латвияның лауазымды тұлғалардың әрекеттеріндегі мүдделер қақтығысының алдын алу туралы заңы,<sup>71</sup> Литваның мемлекеттік қызметтегі қоғамдық және жеке мүдделерді реттеу туралы заңы,<sup>72</sup> және Словенияның сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның тұтастығы туралы заңы.<sup>73</sup> Аталған заңнамалық актілердің ең маңызды мазмұндық элементтері мыналар болып табылады.

29. Жеке басқа қатысты қолдану: үш елдің барлығында бұл заңдар қатысты болып табылатын лауазымды тұлғалардың тізімі өте үлкен. Олар орталық және жергілікті деңгейдегі президенттерді, премьер-министрлерді, басқа да министрлерді, кейбір мамандарды (барлау, тергеушілер, әскери қызметшілер және т.б.) қоса алғанда, барлық лауазымды тұлғаларды қамтиды. Литва заңнамасында «мемлекеттік саясаткер» деген термин қолданылады.

30. Мүдделер қақтығысының анықтамасы: мүдделер қақтығысының анықтамасы үш елде қатты ұқсас, алайда бірдей емес:

- Латвия заңы бойынша мүдделер қақтығысы «лауазымды тұлғаның лауазымдық міндеттерін орындау кезінде осы мемлекеттік қызмешінің, оның туыстарының немесе контрагенттердің жеке немесе қаржылық мүдделеріне әсер ететін немесе әсер ете алатын мемлекеттік қызметшінің қызметіне байланысты шешім қабылдау немесе шешім

---

<sup>70</sup>Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері, ақшаны жылыстату, алып қою және тәркілеу, заңды тұлғалардың жауапкершілігі және т.б. туралы

<sup>71</sup>[2002 жылғы Латвияның Мүдделер қақтығысы туралы заңы 2007 жылы шоғырландырылған EN.pdf \(worldbank.org\).](https://www.worldbank.org/ru/2002-jylgy-Latviya-ny-n-Muddeler-qaqtygy-sy-turaly-za-ny-2007-jyly-sho-ghyr-landyryl-fan-EN.pdf)

<sup>72</sup>[https://vtek.lt/wp-content/uploads/2020/10/The\\_Law\\_on\\_Adjusting\\_Public\\_and\\_Private\\_Interests\\_2020.docx.](https://vtek.lt/wp-content/uploads/2020/10/The_Law_on_Adjusting_Public_and_Private_Interests_2020.docx)

<sup>73</sup>[Словенияның сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның тұтастығы туралы заңы 2010 en.pdf \(worldbank.org\).](https://www.worldbank.org/ru/2010-en.pdf)

қабылдауға қатысу немесе өзге де қызметті жүзеге асыру жағдайы» дегенді білдіреді.<sup>74</sup>

- Литва заңы бойынша, «мүдделер қақтығысы — мүдделі тұлға өзінің қызметтік міндеттерін атқару немесе қызметтік тапсырмасын орындау кезінде өзінің жеке мүдделеріне қатысты шешім қабылдауға немесе шешім қабылдауға қатысуға немесе тапсырманы орындауға міндетті жағдай».<sup>75</sup>

- Словенияның заңы бойынша, «мүдделер қақтығысы — лауазымды тұлғаның жеке мүддесі оның қоғамдық міндеттерін объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе ықпал ететіндей болып көрінетін жағдайлар».<sup>76</sup>

**31. Жеке бас мүдделері:** Латвияда жеке бастың мүддесіне анықтама «мемлекеттік қызметшінің, оның туыстарының немесе контрагенттердің жеке немесе қаржылық мүдделеріне» кіреді, ал Литва мен Словенияда бұл терминге бөлек анықтама берілген:

-Литваның заңы бойынша, жеке мүдде «мүдделі тұлғаның (немесе оған жақын адамның) жеке экономикалық немесе экономикалық емес пайдасына мүдделілікті, немесе мүдделі тұлғаның (немесе оған жақын адамның) қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі моральдық борышты, моральдық міндеттемені немесе басқа да осыған ұқсас мүддені білдіреді».<sup>77</sup>

- Словенияның заңы бойынша, «лауазымды тұлғаның жеке мүддесі - оның пайдасына немесе оның отбасы мүшелерінің немесе өзімен жеке, іскерлік немесе саяси қарым-қатынастарды жүргізетін немесе жүргізген басқа да жеке немесе заңды тұлғалардың пайдасына келетін ақшалай немесе материалдық емес пайда».<sup>78</sup>

32. Үш елдің заңдары мүдделер қақтығысы туатын әртүрлі жағдайларды ескереді: мемлекеттік органды басқа мемлекеттік органдармен біріктіру,<sup>79</sup> пайда табу үшін жасалатын әрекеттер,<sup>80</sup> мемлекеттік және жеке заңды тұлғаларға мүшелікке және қызметке тыйым салу,<sup>81</sup> мемлекеттік лауазымды тұлғаның мемлекеттік органы мен басқа ұйымдар арасында оның жеке мүдделерін анықтауға болатын іскерлік қатынастарды орнату,<sup>82</sup> «айналмалы есіктер» немесе «пантуфляж»,<sup>83</sup> сыйлық алу,<sup>84</sup> және «күнделікті» (кез келген уақытта орын алатын) мүдделер қақтығысы жағдайлары.<sup>85</sup>

33. Үш елдің заңнамалары мүдделер қақтығысының басқа да нысандары бойынша толық ережелер жинағына қосымша мүдделер қақтығысының жағдайын өздігінен жариялау туралы да ержелерді қамтиды:

- Латвияның заңы бойынша, мемлекеттік лауазымды адамдар «жоғары тұрған мемлекеттік лауазымды тұлғаға немесе алқалы органға жазбаша түрде келесі ақпаратты кідіріссіз беруге міндетті: (1) қызмет іс-әрекетіне байланысты олардың қаржылық немесе басқа жеке мүдделері, туыстардың немесе контрагенттердің қаржылық немесе басқа жеке мүдделері; (2) коммерциялық компаниялар, акционерлер, серіктестер, қадағалау, бақылау, атқарушы органының мүшесі болып табылатын лауазымды тұлға немесе оның туыстары, лауазымды тұлға өзі немесе оның туысы мемлекеттік немесе жергілікті билік органдарының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мемлекеттік немесе

<sup>74</sup>1-тарау, 1-бап, 5-тармақ.

<sup>75</sup>2-тарау, 2-бап.

<sup>76</sup>4-тарау, 1-бап, 9-тармақ.

<sup>77</sup>2-тарау, 3-бап.

<sup>78</sup>4-тарау, 1-бап, 10-тармақ.

<sup>79</sup> 6-(8,1) бөлім, 15-Латвия заңы, Словения заңының 27-тарауы.

<sup>80</sup> Латвия заңының 9, 10, 16, 17-бөлемдері, Словения заңының 26-тарауы.

<sup>81</sup> Словения заңының 27 – 29-тараулары.

<sup>82</sup> Латвия заңының 11 және 12-бөлімдері, Литва заңының 12-тарауы, Словения заңының 35-тарауы.

<sup>83</sup>Мандаты тоқтатылған лауазымды тұлғаның мемлекеттік лауазымындағы бұрынғы мемлекеттік лауазымды адаммен немесе ол немесе ол үшін әрекет ететін ұйымдармен іскерлік қатынастарға түсе алмайтын жағдай: Литва заңының 15-18-тараулары, Словения заңының 36-тарауы.

<sup>84</sup> Латвия заңының 13-14-тараулары, Литва заңының 13-тарауы, Словения заңының 30-заңы.

<sup>85</sup> Латвия заңының 20 – 22-тараулары, Литва заңының 11-тарауы, Словения заңының 37-40-тараулары.

жергілікті билік органдарынан тапсырыс қабылдайтын жеке кәсіпкер болса, ашық конкурс нәтижесінде бөлінген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік немесе жергілікті қаржылық ресурстар, мемлекет немесе жергілікті үкіметтер кепілдік берген несиелер, немесе мемлекеттік не жергілікті үкіметтің жекешелендіру қорлары туралы».<sup>86</sup>

- Литва заңы бойынша, лауазымды тұлғаның жеке мүддесін әдеп жөніндегі бас комиссияға немесе заңда көзделген басқа да тұлғаларға мәлімдеу қажет.<sup>87</sup>

- Словенияның заңы бойынша, «лауазымды тұлға лауазымына кірген сәттен бастап мүдделер қақтығысы орын алған кезде немесе орын алуы мүмкін кезде өз басшысына кідіріссіз хабарлауы керек, басшысы болмаған жағдайда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу комиссиясына хабарлау керек. Бұл жағдайда лауазымды тұлға мүдделер қақтығысы туындаған мәселе бойынша кез келген жұмысты, кешіктіру зиян келтірмесе, дереу тоқтатуға міндетті».<sup>88</sup>

34. Үш елде де мүдделер қақтығысымен айналысатын арнайы агенттіктер бар: Латвияда Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күресу бюросы (СЖААОҚКБ), Литвада Бас ресми этика комиссиясы (БРЭК) және Словенияда Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу комиссиясы (СЖААК) бар.

35. Мүдделер қақтығысымен айналысатын арнайы агенттіктердің беделі әр елде әртүрлі:

- Латвиядағы СЖААОҚКБ тиісті лауазымды тұлғалардан, орталық немесе жергілікті билік өкілдерінен, саудагерлерден, қоғамдық немесе саяси мекемелер мен ассоциациялардан, діни мекемелер мен басқа институттардан, сондай-ақ көрсетілген немесе заңның ережелеріне сәйкес тиісті декларацияда көрсетілуі тиіс тұлғалардан ақпаратты сұрауға және алуға, және кез келген тұлғадан жазбаша нысанда және құжаттарда түсініктеме сұрауға және алуға, сондай-ақ лауазымды тұлғаның мүлкінің сатып алынуының заңдылығын тексеруге құқылы,<sup>89</sup>

- Литвадағы БРЭК институттар мен органдардан, Литва банкінен, Литва Республикасындағы банкілерден, қаржылық немесе несиелік органдарды қоса басқа да институттар мен органдардан барлық керекті ақпаратты, түсініктемелерді және құжаттарды алуға құқылы<sup>90</sup> және де баршаға қолжетімді мүдделі мемлекеттік қызметкерлердің аты-жөні, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері туралы мәлімдемелері және жеке мүдделердің өздері қамтылған жеке мүдделер тізімін бақылауға және басқаруға құқылы;<sup>91</sup>

- Словениядағы СЖААК мемлекеттік немесе жеке құқыққа бағынатын мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқаратын жергілікті қауымдастықтар мен мемлекеттік билік иелерінен, сондай-ақ кез келген заңды тұлғадан деректер мен құжаттарды сұрап ала алады;<sup>92</sup> сонымен қатар құзыретті құқық қорғау және қадағалау органдарынан, оның ішінде ақша жылыстатудың алдын алу бойынша органынан (АЖААО) өз өкілеттігі шеңберінде Словения Республикасындағы және шетелдегі лауазымды тұлғалардың мүлкіне қатысты фактілерді анықтауды талап етуге және өз нәтижелерін комиссияға ұсынуға құқығы бар; АЖААО-дан ақшаны жылыстатуға қарсы күрес туралы заңнамаға сәйкес мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды жинауды және талдауды талап етуге, сондай-ақ мемлекеттік өкілеттіктер берілген ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен

---

<sup>86</sup> Латвия заңының 21-тарауы.

<sup>87</sup> Литва заңының 4/1-тарауы.

<sup>88</sup> Словения заңының 38-тарауы.

<sup>89</sup> 28-бөлім.

<sup>90</sup> Бас ресми этика комиссиясы туралы заңның 18/1-тарауы, [Тиісті заңдар – Бас ресми этика комиссиясы \(vtek.lt\)](#).

<sup>91</sup> Литва заңының 19-тарауы.

<sup>92</sup> Адвокаттар, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар немесе діни қызметкерлерге құпия қарым-қатынаста жұмыс істеу барысында танымал болған, немесе заң бойынша деректерді қорғауға мәжбүр басқа да бір тұлғалардан алынған кездерден басқа.

басшыларын немесе жауапты тұлғаларын шақыруға құқылы.<sup>93</sup>

36. Мүдделер қақтығысы жағдайлары туралы хабарламау заңды бұзу болып саналады. Мұндай бұзушылықтар үшін әртүрлі санкциялар жиынтығы қолданыдалы:

- Латвияның заңы бойынша, тәртіптік санкциялардан басқа, заңда белгіленген шектеулерді бұзу немесе оларды пропорционалды түрде ұлғайту жолымен алынған кірістер мен қаржылық пайдалар мемлекетке беріледі;<sup>94</sup>

- Литваның заңы бойынша, келесі санкциялар қолданылады: бір жылдан үш жылға дейінгі мерзім ішінде жұмыс бабымен жоғарылатуға, жұмысқа қабылдауға, жұмыс бабымен ауыстыруға, оған тең немесе жоғарырақ лауазымға тағайындауға немесе сайлауға тыйым салу, қызметтен шығару;<sup>95</sup>

- Словенияның заңы бойынша, заңды бұзу 400 бен 1200 евро аралығындағы немесе 1000 мен 2000 евро аралығындағы айыппұлдармен жазаланады (жеке тұлғалар үшін), 400 бен 4000 евро мемлекеттік органдардың жауапты тұлғалары мен мекемелер үшін, жергілікті қоғам органдары үшін, мемлекеттік лауазымды тұлғалар үшін, және мемлекеттік немесе жеке құқыққа бағынатын заңды тұлға үшін; 400 бен 100,000 евро аралығында мемлекеттік лауазымды тұлғалар үшін немесе мемлекеттік немесе жеке құқыққа бағынатын кез келген заңды тұлға үшін.<sup>96</sup>

37. Мүдделер қақтығысы туралы заңның маңызды талаптарымен қоса, кейбір басқа элементтер де маңызды: мүмкін болса, мемлекеттер өздерінің мүдделер қақтығысы туралы заңнамасын көптеген заңдарға бөлшектемегені жөн,<sup>97</sup> сонымен қатар мүдделер қақтығысы туралы заң қамтитын міндеттер туралы мемлекеттік қызметшілер мен лауазымды тұлғаларды хабардар етіп, сол туралы білім беру үшін мемлекеттер айтарлықтай күш пен ресурс жұмсауы керек.

## **2.2.2 Мүдделер қақтығысы туралы заңнамаға қатысты ұсынымдар**

38. Постсоциалистік елдердегі үздік тәжірибелерге және басқа да елдердің тәжірибесіне сүйенсек, мүдделер қақтығысы туралы заңнаманың қалай жазылуы және орындалуы керек туралы келесі ұсынымдарды жасауға болады:

a) мүдделер қақтығысының заңдары елдегі мемлекеттік лауазымды тұлғалардың мүмкіндігінше кең ауқымына, соның ішінде ең жоғары деңгейдегі лауазымды тұлғаларға, тікелей сайланатын мемлекеттік лауазымды тұлғаларға қатысты мұқият қолданылуы керек;

b) «мүдделер қақтығысының» анықтамасы мемлекеттік қызметшінің міндеттерін объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болатын нақты, анық және ықтимал мүдделер қақтығысын қамтуы тиіс;

c) «жеке мүдделер» ұғымы лауазымды тұлғаның немесе оның отбасы мүшелерінің және лауазымды тұлғаның кәсіпкерлік, жеке, саяси немесе соған ұқсас қатынастағы адамдардың экономикалық және экономикалық емес пайдасын қамтуы тиіс;

d) «лауазымды тұлғаның отбасы мүшелері» анықтамасы лауазымды тұлғаның тек қанды туыстарын ғана емес, сонымен қатар лауазымды тұлғамен бірге тұратын немесе онымен азаматтық некеге тұрған адамдарды да қамтуы тиіс;

e) мүдделер қақтығысы туралы заңдар мүдделер қақтығысының барлық ықтимал жағдайларын қамтуы тиіс: мемлекеттік қызметтегі лауазымды басқа

---

<sup>93</sup>16-тарау.

<sup>94</sup>Латвия заңының 30-бөлімі.

<sup>95</sup>Литва заңының 23-тарауы.

<sup>96</sup>Словения заңының 78 және 79-тараулары.

<sup>97</sup>Мысалы, лауазымды тұлғалардың әрбір санаты үшін.

мемлекеттік қызмет ете алмауы, мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғаның қызметінің басқа мемлекеттік немесе жеке заңға бағынатын ұйымдарда мүшелік ету, жұмысқа тұру және лауазымдарға ие бола алмауы, ғылым, білім беру, спорт және жылжымайтын мүлікке жеке меншік сияқты салалардың жекелеген санаттарын қоспағанда, пайда табу мақсатымен жасалатын әрекеттерге тыйым салу,<sup>98</sup> лауазымды тұлғаның мемлекеттік қызметі мен оның жеке мүдделері бар ұйымдар арасында іскерлік қатынастар орнатуға тыйым салу, «айналмалы есіктерге» тыйым салу («пантуфляж»), сыйлықтарды қабылдауға тыйым салу немесе шектеу және «күнделікті» мүдделер қақтығысының ережелері;

f) мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғаның басқа мемлекеттік қызмет ету мен лауазымдарға ие бола алмау туралы ереже әртүрлі мемлекеттік қызметте мүдделердің қайшы келуіне жол бермеу мақсатына және лауазымды тұлғаның негізгі қызметінде міндеттерін толықтай адал орындау талабына негізделуі тиіс;

g) мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғаның мемлекеттік немесе жеке заңға бағынатын басқа ұйымдарға мүше болуға, жұмысқа тұруға және лауазымдарға ие болуға тыйым салу туралы ережелер оның мемлекеттік қызметі немесе лауазымының талаптары мен сол ұйымдардың мүдделері арасындағы қайшылықты болдырмау мақсатына негізделуі тиіс;

h) лауазымды тұлғаның басқа пайда табу мақсатымен жасалатын әрекеттерге тыйым салу ережелері оның мемлекеттік қызмет немесе лауазымындағы міндеттерді орындауға уақыт пен күшінің жеткілікті болуына және мүдделер қақтығысын тудыратын әрекеттермен айналыспау мақсатына негізделуі тиіс;

i) лауазымды тұлғаның мемлекеттік қызметі мен оның жеке мүдделері бар ұйымдар арасында іскерлік қатынастар орнатуға тыйым салу туралы ережелердің мақсаты оның мемлекеттік қызмет немесе лауазымының талаптары мен сол ұйымдардың мүдделерінің бір-біріне қарама-қарсы келтірмеу болуы тиіс;

j) «айналмалы есіктерге» тыйым салу ережелерінің мақсаты лауазымды тұлғаның бұрынғы мемлекеттік қызметі немесе лауазымы мен оның жаңа жұмыс орнының, өкілдігінің немесе ұйымының арасындағы ықтимал мүдделер қақтығысты және артықшылықты қарым-қатынасты болдырмауы тиіс;

k) лауазымды тұлғаның сыйлық қабылдауына тыйым салу немесе оны шектеу ережелерінің мақсаты ұсынылған, уәде берген, берілген сыйлықтар лауазымды тұлғаның өз міндеттерін объективті және бейтарап орындауына әсер ету жағдайларының болдырмауды қамтамасыз ету болуы тиіс;

l) «күнделікті» мүдделер қақтығысының ережелерінің мақсаты лауазымды тұлғалардың шынайы, айқын немесе ықтимал мүдделер қақтығысы жағдайларға тап болған жағдайдағы іс-әрекеттері бойынша нақты нұсқаулар беру;

m) лауазымды тұлғалар үшін өздерінің қосымша жұмыстары, мүшеліктері, жұмыс орындары мен лауазымдары туралы тұрақты түрде жария ету және мемлекеттік қызметтегі жұмыс барысында мүдделер қақтығысы жағдайына тап болуы туралы кідіріссіз мәлімдеме жасау міндет етіп қойылуы тиіс;<sup>99</sup>

n) мүдделер немесе мүдделер қақтығысы туралы мәлімдеме лауазымды тұлғаның басшысына және/немесе тиісті органға немесе арнайы агенттікке тапсырылуы тиіс;

o) егер лауазымды тұлға мүдделер қақтығысы жағдайына тап босла, кешіктірудің зияны болмаса, ол мүдделер қақтығысы туындаған мәселеге қатысты кез

---

<sup>98</sup>Оның жалақысына немесе оның мемлекеттік лауазымы үшін өтемақы төлеудің басқа түрлерімен байланысты емес.

<sup>99</sup>Әдетте жыл сайын және әр өзгертуден кейін.



келген жұмысты дереу тоқтатып, басшысының немесе басқа тиісті органның немесе арнайы агенттіктің нұсқауларын күтуі керек;

р) мүдделер қақтығысымен айналысатын агенттіктерде мүдделер туралы есептерді тексеру және мүдделер қақтығысы жағдайында тиімді шешім қабылдау үшін қажетті барлық өкілеттіктер болуы керек;

қ) кем дегенде, мүдделер қақтығысымен айналысатын органдардың өкілеттігі барлық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік және жеке құқық ұйымдарынан қисынды мерзімде қажетті ақпарат пен құжаттаманы сұрату және алу, жекелеген адамдарды шақыру және олардан сұрау және басқа мемлекеттік органдардан олардың өкілеттіктері шеңберінде көмек сұрау құқығын қамтуы тиіс;

ғ) мүдделер қақтығысы туралы заңды бұзу үшін қолданылатын санкциялар тиімді, пропорционалды және тежеуші болуы тиіс;

с) санкция салынған лауазымды тұлғалар санкциялар қолданылғанға дейін өз көзқарасын түсіндіруге, кепілдік берілген санкциялар бойынша шешімдерге дау айтуға құқылы болуы тиіс;

т) мемлекеттер мүдделер қақтығысын реттеуді лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп беретін заңдарда қарастырып, арнайы агенттіктерге осы екі мәселемен бірлей айналысуға өкілеттік берулері керек.

### **2.3 Мемлекеттік қызметшілердің мүлкі туралы есеп беру туралы заңдар**

39. Лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп беру туралы заңнама лауазымды тұлғаның байлығын, табысын және мүддесін жария етуге міндет салатын заң деп түсіндірілуі қажет. Мұндай тәжірибе әлемдегі көптеген елдерде қалыпты болып саналса да, бұл ережелерді аса зауықсыз енгізіп жатқан елдер де бар. Олардың мәлімдеуінше, мұндай ынтасыздықтың себебі - лауазымды тұлғаның жеке өмірінің құпияға құқығын қорғау. Тәжірибе мен әртүрлі елдердің конституциялық соттарының шешімдерінен көріп отырғанымыздай, лауазымды тұлғалардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық пен олардың активтерінің ашықтығы арасындағы дұрыс теңгерімді табу мүлдем қиын емес. Оған қоса, мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын азаматтармен салыстырғанда, лауазымды тұлғалардың (әсіресе жоғары лауазымдағы) «күтілетін құпиялылық» деңгейі төмен. Мұндағы қызықты жай, көптеген елдер лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы, есеп туралы заңнамаларды енгізген кезде, осы жүйені көптен бері қолданатын елдерге қарағанда әлдеқайда қатаң ережелерді қолданып, мүлік туралы есеп беру міндетін лауазымды тұлғалардың анағұрлым кең ауқымына қарасты қолданады.

40. Мұндай заңдарды енгізудің себебі мемлекеттік шенеуніктер заңсыз кірістерін жария ете бастайды деген үміт емес – дегенмен бұндай жағдай кейде орын алуы мүмкін – олардың заңды және заңсыз кірістерінің айырмашылықтарын табу мен мүліктері туралы есеп беру міндеттемесінің жалпы әсерін көру.

41. Егер мемлекет тиісті заңнамалардың бірнешеуін қабылдаған болса, төмендегі 7-кестеде олардың тек біріншісі ғана келтірілген.

7-кесте: Кейбір постсоциалистік елдердің мүлік туралы есеп беру туралы заңды қабылдаулары

АЛБ	АРМ	БжГ	БОЛ	ХОР	ГРУ	ҚАЗ	ЛАТ
2003 <sup>100</sup>	2001 <sup>101</sup>	2010 <sup>102</sup>	2000 <sup>103</sup>	2003 <sup>104</sup>	1997 <sup>105</sup>	2015 <sup>106</sup>	2002 <sup>107</sup>
ЛИТ	ПОЛ	РУМ	СЛО	ТӘЖ	УКР	ӨЗБ	
1996 <sup>108</sup>	1992 <sup>109</sup>	1996 <sup>110</sup>	1992 <sup>111</sup>	1999 <sup>112</sup>	2014 <sup>113</sup>	Жоқ	

42. Жоғарыдағы 7-кестеге сүйене отырып, келесі фактілерді анықтауға болады:

- бір елде (Өзбекстан) лауазымды тұлғаларды олардың мүлкі туралы есеп беруге тартатын бір де бір заң жоқ;

- кейбір елдер лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп беруін арнайы заңдарда жазған (Албания, Армения, Болгария, Литва, Румыния), кейбір елдер мұндай міндеттемені мүдделер қақтығысы туралы заңға енгізген (Хорватия, Грузия, Латвия, Польша, Словения), ал кейбір елдер мұндай міндеттемелерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы жалпы заңдарда қосқан (БжГ, Тәжікстан, Украина);

- көптеген елдер лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп беру туралы заңды алдыңғы ғасырдың соңында енгізген (Грузия, Литва, Польша, Румыния, Словения, Тәжікстан), олардан кейін аз уақыттан соң басқа да елдер мұндай заңды қабылдады (Албания, Болгария, Хорватия, Латвия);

- үш ел (БжГ, Қазақстан, Украина) лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп беру туралы заңды айтарлықтай кеш қабылдады – 2010, 2015 және 2014 жылдары.

43. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске мониторинг жүргізетін халықаралық ұйымдар лауазымды тұлғалардың өз елдерінде мүлкі туралы есеп беруді де бағалайды. Он бес постсоциалистік елдерде соңғы мәліметтердің кейбірі мыналар:

- **Албанияда** «мүлік және жеке мүдделер туралы мәлімдемені» №9049/2003 сайланған адамдар мен кейбір лауазымды тұлғалардың мүлкі мен қаражаттық міндеттері туралы декларация мен аудит туралы заң реттейді». ЖАФТ, сонымен қоса полиция қызметкерлері өз мүлкі туралы жұмысқа кірген кезде (30 күн ішінде), жұмыс атқару барысында жыл сайын (31-наурызға дейін), және жұмыс атқаруды тоқтатқаннан кейін (15 күн ішінде) мүлікті декларациялау және аудиттен өткізу мен мүдделер қақтығысы бойынша жоғары инспекториатқа (МДАӨМҚЖИ) есеп беруі тиіс...».<sup>114</sup>

- **Арменияда** «мүлікті декларациялау жүйесін жақсартатын көптеген ілгерінді қадамдар жасалған. Жоғары лауазымды тұлғалардың этика комиссиясына (ЖЛТЭК)

<sup>100</sup>Сайланған адамдар мен кейбір лауазымды тұлғалардың мүлкі мен қаражаттық міндеттері туралы декларация мен аудит туралы заң.

<sup>101</sup>Армения Республикасының жоғары лауазымды тұлғаларының мүлкі мен кірісін декларациялау туралы заң.

<sup>102</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күресті үйлестіру агенттігі туралы заң.

<sup>103</sup>Жоғары лауазымды және басқа позициядағы мемлекеттік жұмысшылардың мүлкінің ашықтығы туралы заң.

<sup>104</sup>Мемлекеттік функцияларды атқару кезіндегі мүдделер қақтығысы туралы заң.

<sup>105</sup>Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық туралы заң.

<sup>106</sup>Жеке тұлғалардың кірісі мен мүлкі туралы кейбір заңнамаларға өзгерістер енгізу туралы заң.

<sup>107</sup>Лауазымды тұлғалардың әрекетіндегі мүдделер қақтығысының алдын алу туралы заң.

<sup>108</sup>Резиденттердің мүлкі мен кірісін декларациялау туралы заң.

<sup>109</sup>Мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға іскерлікпен айналысуға мүмкіндіктерді азайту туралы заң.

<sup>110</sup>Лауазымды тұлғалардың, судьялардың, мемлекеттік қызметкерлер мен басшылардың мүлкін декларациялау және қадағалау туралы заң.

<sup>111</sup>Қаржылық пайда әкелетін әрекеттер мен мемлекеттік функциялардың сәйкессіздігі туралы заң.

<sup>112</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң.

<sup>113</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заң.

<sup>114</sup>GRECO, Албанияны бағалаудың төртінші раунды, 2020 жылғы қазан айының бағалау есебі, 25-бет, [GRECO \(coe.int\)](http://GRECO(coe.int)).

декларацияларды тексеруге өкілеттік пен құралдар берілді, оның ішінде әкімшілік санкцияларды салу үшін тиісті дереккөздерге қолжетімділік пен қылмыстық құқық бұзушылық орын алған жағдайда істі құқық қорғау органдарына жіберу функциялары да бар. Дүниежүзілік банктың қолдауымен әзірленген электрондық тексеру жүйесі тиісті дерекқорларға қосылған және жұмыс жасайды. Сонымен қатар, заңсыз баю туралы жаңа қылмыстық заң құқық қорғау органдарына мемлекеттік қызметкерлерге қарсы мүлкін декларациялау кезінде анықталған негіссіз байлық туралы іс қозғауға құқық береді. Тексерістің саяси араласусыз немесе біржақты болмай жүргізілуі болжанған 11 заң бұзушылық қарастырылып, мөлшерлес және тежеуші санкциялар салынып, және нәтижелерді жария ету өте маңызды. Істің ЖЛТЭК-тан жаңа СБААК-қа ауысуы жазаны орындауға кедергі болуы мүмкін, Арменияға бұның алдын алуға ұсыным жасалады».<sup>115</sup>

- **Босния және Герцеговинада** «мүлік және қаражат туралы декларацияны толтыру мүдделер қақтығысын анықтау мен оның алдын алудағы маңызды құрал, алайда декларациялар жасырылып, қолданылмаса, мұндай құралдың мәні болмайды. Қалай болмағанда да, нақты, мөлшерлес және тежеуші шаралармен бірге жылдық есеп-қисапты тексеру жүйесін, мысалы, кездейсоқ тексеру арқылы енгізу қажет. Мұндай жүйенің сенімді болуы үшін қажетті адам және материалдық ресурстар, қаржылық және мүліктік ақпаратты сақтауға жауапты басқа органдармен ынтымақтастық арналары (мысалы, салық органдары мен жерді тіркеу органдары) алдын ала қарастырылуы керек».<sup>116</sup>

- **Болгарияда** «ең алдымен, оған қоса, көптеген органдар тек қағаз жүзінде жұмыс істеп, тиісті тексеріс жүргізуге өкілеттіктері жоқ. Тексерістер егер жүзеге асырылса үстірт болып табылады және олардың міндеті негізінен депутат, сот немесе прокурорлардың жеке мүдделері, қызмет міндетіне сәйкес келмейтін іс-әрекеттері және мүлкі туралы мәлімдемелерді жария етуге дейін шектелген. Депутат, сот және прокурорларлар мүдделер қақтығысы және активтерді жария ету ережелерін бұзды деп анықталса және жазалау бойынша қандай да бір мұқият тексерістер мен елеулі нәтижелер болмаған жағдайда, ашықтық алдамшы деп танылады және сондықтан халықтың құқық бұзушылықпен күресетін үш институтқа, әсіресе сотқа деген сенімін арттыруға ықпал ете алмайды».<sup>117</sup>

- **Хорватияда** «мүдделер қақтығысының алдын алу комиссиясының жұмысына озық ақпараттық технологиялық жүйе зор үлесін қосты. GRECO Бағалау тобы (ГБТ) мәлімдеуінше, тексерістердің тиімділігі мен пәрменділігін арттыру мақсатында тұрақты тексерістер жөнінде жаңа бөлім құру жоспарлануда. Қазіргі таңда орташа есеппен тек 50 мемлекеттік қызметкер (мүдделер қақтығысы туралы заңға бағынатын 3500 қызметкер арасында) «тұрақты тексерістен» өтеді. Осыған байланысты үкімет мүшелеріне басымдық берілмеген сияқты, өйткені олардың қаржылық декларацияларындағы ақпарат, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мұқият тексерілетін болады. ГБТ комиссияны тәуекелді бағалауға негізделген «тұрақты тексеруден» өту үшін ең маңызды декларацияларды іріктеу әдістемесін әзірлеуге шақырады».<sup>118</sup>

- **«Грузияда** мүлікті декларациялау жүйесі 2010 жылы енгізілген. 2016 жылы 5600

<sup>115</sup>Шығыс Еуропада және Орталық Азияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Армениядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 10-бет, 2018, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Армения-4-Раунд-Тексеру-Есеп-Шілде-2018-ENG.pdf](#).

<sup>116</sup>GRECO, Босния және Герцеговинаны бағалаудың төртінші раунды, 2015 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 36-бет, [Greco Төртінші бағалау есебі \(2015\) 2Е Қорытынды БжГ ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ](#).

<sup>117</sup>GRECO, Болгарияны бағалаудың төртінші раунды, 2015 жылғы наурыз айының бағалау есебі, 3 бет, [Төртінші бағалау раунды \(coe.int\)](#).

<sup>118</sup>GRECO, Хорватияны бағалаудың бесінші раунды, 2019 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 27 бет, [GRECO \(coe.int\)](#).

қызметкер декларация тапсыру керек болды (40000 мемлекеттік қызметшілер арасынан). Олардың ішіне Президент, Премьер Министр, Үкімет мүшелері мен олардың орынабасарлары, автономиялық республикалардың жоғарғы өкілді органдарының мүшелері, әкімдер, мэрлер, жергілікті әкімдіктердің басшылары, муниципалитет мүшелері, мемлекеттік мекемелердің басшылары, мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары құрған кәсіпкерлік емес заңды тұлғалардың басшылары, мемлекеттік құқық заңды тұлғалардың басшылары және олардың орынбасарлары, соттар, прокуратурадағы басшылар кірді. Алайда, жүйе прокурорлар мен тергеушіле сияқты сыбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелімен байланысты барлық лауазымдарды қамтымайды».<sup>119</sup>

- «Лауазымды тұлғалардың мүлкі мен кірісін декларациялау мәселесіне қатысты **Қазақстан** жаңа жүйенің енгізілуін тағы да кейінге қалдырды (2020 жылға дейін). Бұған қатысты бұрын айтылған сын әлі де өзекті. Атап айтқанда, жаңа жүйе оны тиімсіз ететін салық салынатын мүлік пен кірістерге ғана бағытталған, өйткені мемлекеттік шенеуніктердің декларациялары басқа мақсаттарды көздейді және ашып көрсетудің кең ауқымын талап етеді. Декларациялар жабық болып табылады және мағлұмдаушы келіскен жағдайда ғана жарияланады (сонда да, мұндай тәжірибе кең таралған, тіпті шенеунікті бағалау кезінде ескеріледі)».<sup>120</sup>

- мүшелерінің және басқа да саяси шенеуніктердің мүліктері туралы декларацияларының шынайылығы жүйелі (мүмкіндігінше, жыл сайынғы) терең және тәуелсіз тексерістен өтуін қамтамасыз етуі керек. Орталық үкіметтегі ЖАФТ-тың (және барлық мемлекеттік қызметкерлердің) жаңартылған мүліктері туралы декларациялары заңда көзделгендей онлайн режимінде жалпыға қолжетімді болуы керек».<sup>121</sup>

- **Литвада**, «...заң мемлекеттік қызметтегі, депутаттардың, соттардың, прокурорлардың жеке мүдделері туралы міндеттерін және оны қадағалау мен орындауды қамтиды. Заң жан-жақты және жағымды ерекшеліктерді қамтиды, бірақ жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету үшін оны жүзеге асыруда неғұрлым нақты шаралар қабылдау керек».<sup>122</sup>

- **Польшада** ЖАФТ-тың мүлкін және мүддесін декларациялау күшейтіліп, ретке келтірілуі керек. Сонымен қатар, ақпаратты баршалыққа қолжетімді ететін орталық тізілім қолданылуы керек».<sup>123</sup>

- **Румынияда** жақсы үлгі бола алатын кірісті, мүлікті және мүдделерді декларациялаудың тиімді жүйесі іске асырылған, оны ұлттық сатылмаушылық агенттігі қадағалайды.

Бұны анағұрлым белсенді көзқарас пен деректерді өңдеудің жақсы мүмкіндіктері арқылы одан әрі нығайтуға болады».<sup>124</sup>

- **Словенияда** «СЖААК-тың жұмысына ЖАФТ-тың мүлік туралы есеп беруіне мүдделер қақтығысы, лоббизм мен сатылмаушылық жөнінде жоспарларын және бірінші

---

<sup>119</sup>Шығыс Еуропада және Орталық Азияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Грузиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 35-бет, 2016, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Грузия-Раунд-4-Тексеру-Есеп-ENG.pdf](#).

<sup>120</sup>Шығыс Еуропада және Орталық Азияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 5-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Қазақстан-Раунд-4-Тексеру-Есеп-ENG.pdf](#).

<sup>121</sup>GRECO, Латвияны бағалаудың бесінші раунды, 2018 жылғы маусым айының бағалау есебі, 4-бет, [16808cdc91 \(coe.int\)](#).

<sup>122</sup>GRECO, Литваны бағалаудың төртінші раунды, 2014 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 5-бет, [ТӨРТІНШІ БАҒАЛАУ РАУНДЫ \(coe.int\)](#).

<sup>123</sup>GRECO, Польшаны бағалаудың бесінші раунды, 2018 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 4-бет, [GRECO \(coe.int\)](#).

<sup>124</sup>GRECO, Румынияны бағалаудың төртінші раунды, 2015 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 5-бет, [Greco Төртінші бағалау есебі \(2015\) 4Е Қорытынды Румыния ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ \(2\)](#).

кезекте жоюды қажет ететін рәсімдік кемшіліктерді қадағалауға ресурстардың жеткіліксіздігі айтарлықтан кедергі келтіреді. Лоббиге қатысты ережелерде кейбір олқылықтар бар және олар тиісті түрде сақталмайды. ЖАФТ мүлкі туралы декларация жарияланбайды және елеулі түрде тексерілмейді».<sup>125</sup>

- **Тәжікстанда** «2017 жылдың 18 шілдесіндегі №1455 Конституциялық заңға сәйкес, Тәжікстан Республикасының Үкіметі туралы конституциялық заңға өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерге сыбайлас жемқорлықты жою туралы заң мен салықтық заңнамаларға сай, Үкімет мүшелері мен олардың отбасыларының кірісі мен мүлкі декларациялануы тиіс. Бұл оң өзгеріс. Алайда, мұндай декларацияларды жариялау туралы міндет қойылмайды. Декларациялардың уақтылы берілуі, ақпараттың толықтығы мен сенімділігі жөнінде тұрақты мониторинг жүргізілуде. Қолданыстағы қағазға басып шығарылған декларация бланкілері қазіргі электронды нысандар сияқты тиімді емес».<sup>126</sup>

- **Украинада** «мағлұмдаманың электронды жүйесі Украинаның соңғы жылдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іске асырған ең маңызды әрекеттерінің бірі. Қазіргі таңда жоғары лауазымды тұлғаларды қосқанда, 1271000-нан астам мағлұмдама жалпыға қолжетімді. Құқық қорғау органдары осы деректерге сүйене отырып қылмыстық істер қозғап жатыр. Жүйе төңірегіндегі толқулар мен түрлі сәтсіздіктер Украинадағы сыбайлас жемқорлықты анықтауға және оған қарсы күресуге бағытталған кез келген бастамаға қарсылықтың ауқымдылығын көрсетеді. Жүйені көптеген араласудан қорғау үшін азаматтық қоғам, халықаралық қауымдастық және жалпы қоғам жұмылдырылды. Қазір, жүйе іс жүзінде алғашқы нәтижелерін көрсетіп жатқаннан кейін, оның толыққанды және кедергісіз орындалуын қамтамасыз ету қажет. Яғни, қажетті нормативті актілерді қабылдау, автоматтандырылған тексеру жүйесін енгізу, жүйені тиісті дереккөздермен байланыстыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі ұлттық агенттігіне (СЖААҰА) тексеру мандатын толыққанды және тәуелсіз орындауына жол беру, және заңда жазылғандай сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюроға (СЖҚҰБ), дереккөздерге қолжетімділігін қамтамасыз ету. Тексеру жұмыстарын жоғары деңгейдегі шенеуніктерге тапсыру ұсынылады. Мағлұмдаушылардың әрекет ету аясын сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділерге дейін кеңейткен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заңға енгізілген соңғы өзгерістер оларды мүлікті декларациялау жүйесінің мақсатынан алшақтатып, Украинадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділікті тежеу және қорқыту құралы ретінде қолданылуы мүмкін. Бұл өзгерістер жойылуы тиіс».<sup>127</sup>

- **Өзбекстанда** «мемлекеттік қызметшілердің мүлкі мен мүдделерін декларациялауды реттейтін бір де бір заң жоқ. Сондықтан, саяси қызметкерлерді, соттарды, прокурорларды қоса алғанда, барлық мемлекет қызметшілерінің мүліктері мен мүдделерін декларациялайтын біркелкі жүйе енгізу ұсынылады. Мұндай жүйе тәуекелдер негізінде мағлұмдамаларды міндетті тексеруді, электрондық декларацияларды онлайн түрінде тапсыру мен жариялау, мағлұмдаманы тапсырмағаны немесе жалған ақпарат тапсырғаны үшін тиімді жаза қолдануы керек. Осы жұмысқа ресурстар мен өкілеттіктер қамтамасыз етілген, лауазымды тұлғалардың мағлұмдамаларын қабылдап, тексеріп және жариялайтын тәуелсіз орган құрылуы

---

<sup>125</sup>GRECO, Словенияны бағалаудың бесінші раунды, 2017 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 4-бет, [Бесінші бағалау раунды \(coe.int\)](#).

<sup>126</sup>Шығыс Еуропада және Орталық Азияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Тәжікстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 51-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Тәжікстан-Раунд-4-Тексеру-Есеп-ENG.pdf](#).

<sup>127</sup>Шығыс Еуропада және Орталық Азияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Украинадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 8-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-4-Раунд-Есеп-Украина-ENG.pdf](#).

керек».<sup>128</sup>

44. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске мониторинг жүргізетін ұйымдардың және жалпы қолжетімді ақпаратқа негізделе отырып, келесі фактілерді байқаймыз:

- әлі де мүлікті декларациялайтын жүйені енгізбеген елдер бар, мысалы, Өзбекстан;
- лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметін бастаған, кейде олардың әл-ауқатында үлкен өзгеріс болған кезде өз мүліктері туралы есеп берулері тиіс, сонымен қатар мұндай есеп беру жүйелі түрде орын алуы керек (көбінесе, жыл сайын);

- заңсыз баюдың қылмыстық құқық бұзушылық болып саналуы лауазымды тұлғалардың мүлік туралы есеп беру жүйесінің маңыздылығын көтеруі мүмкін;<sup>129</sup>

- бірнеше постсоциалистік ел мүлікті декларациялау жүйесінің маңыздылығын тез ұғып, оны жылдам енгізді;

- мақсатты лауазымды тұлғалардың көбісі кідіріссіз өздерінің жеке өмірін қорғау мәселесін көтерді. Олар мүліктері туралы ақпаратты жария ету олардың жеке өмірінің құпиялығы туралы құқықтарына қарсы келеді және олардың меншігінен заңсыз айырылуы мүмкін деген мағынада әртүрлі қауіпсіздік тәуекелдеріне ұшыратады деген деген наразылық білдірді;

- осы наразылықтарға қарамастан, және одан кейін конституциялық соттар мен Адам құқығы бойынша Еуропа соты (АҚЕС) деңгейінде бірқатар мәселелерге қарамастан, көптеген елдер деректерді ашық және жалпыға қолжетімділігі етті; дегенмен, мүлік туралы есептерді жинау мен жариялаудың конституцияға сәйкестігін/заңдылығын белгілі бір кепілдіктер енгізілгеннен кейін азды-көпті растады;<sup>130</sup>

- бір елде (Словения) конституциялық сот лауазымды тұлғалардың мүлкін тек мемлекеттік қызмет кезінде ғана жария етуді бекітті;

- лауазымды тұлғалардың отбасы мүшелерінің мүлкі туралы есеп беру мәселесін әр елде әртүрлі жолмен шешеді; кейбір елдерде олар лауазымды тұлғалар бағынатын режимге бағынады, кейбір елдерде олар мүлкі туралы есеп беруге немесе жүйелі түрде есеп беруге міндетті емес, ал кейбір елдерде олар есеп беруге тиісті, бірақ олардың есептері жария етілмейді;

- барлық дерлік елдерде мүлкі туралы есеп бергісі келмейтін лауазымды тұлғалар бар, бұл кейде әкімшілік құқық бұзушылық ретінде айыппұл салу немесе мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын азайту немесе қылмыстық құқық бұзушылық ретінде жазаланады;

- өкілетті мекемелердің кейбіреуі мүлік туралы мәліметтерді жинау, сонымен қатар оларды қатаң тексеруден өткізу керектігін бірден түсінбеді;

- кейбір елдерде есептерді жинау және оларды тексеру жүйесі уәкілетті/жауапты агенттіктердің нақты қатысуынсыз тек қағаз жүзінде жұмыс істейді;

- әртүрлі қысым салдарынан деректерді жинауға, тексеруге және жариялауға уәкілетті бірнеше институт өздерінің заңды міндеттемелерінің бір бөлігін орындаудан бас тартты мысалы, Словенияда; өзін-өзі шектеу рәсімдерін әзірледі<sup>131</sup> немесе мемлекеттік қызметкерлер үшін қандай да бір тәуекелді мойындамады, мысалы, Украинадағы СЖААҰА, бұл оларға деген сенімнің жоғалуына әкелді;

- елдердегі мүлікті декларациялау жүйелерінде көп айырмашылықтар бар, олардың ең бастыларының біреуі – лауазымды тұлғалардың нешеуі есеп беруге міндетті

---

<sup>128</sup>Шығыс Еуропада және Орталық Азияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Өзбекстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 9-бет, 2019, [ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ РЕФОРМАЛАР \(oecd.org\)](https://www.oecd.org/corruption/ozbekstan).

<sup>129</sup>БҰҰ СЖҚК бойынша міндетті емес.

<sup>130</sup>Мекенжайлар, көлік нөмірлері сияқты шынымен құпия деректер жарияланбайды.

<sup>131</sup>Тексеріске өте қысқа мерзімдер белгілеу, басқа елдердегі мүлікті тексеруге жол бермеу.

туралы сұрақ; егер олардың саны тым көп болса, онда ол үрдісті басқару мәселесі туындайды, ал тым аз болса, шенеуніктерге тең көзқарас және жүйенің маңыздылығы туралы мәселе туындайды;

- кейбір елдерде, мысалы, Грузияда, жүйе сыбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелімен байланысты лауазымдарды қамтымайды;

- сонымен қатар, кейбір Қазақстан сияқты елдерде мемлекеттік лауазымды тұлғалардың есептеріндетек салық салынатын мүлік пен кірістер көрсетілетіндіктен жүйе тиімсіз болып саналады;

- есептердің көптігін ескере отырып, кейбір елдерде жоғары лауазымды тұлғаларға байланысты деректерді арнайы бір агенттік жинап тексереді, ал басқа лауазымды тұлғалардың есептерін басқа органдар жинайды және тексереді;

- өкілеті бар жағдайда, арнайы агенттік деректерді лауазымды тұлғалардың көбінен жинаса, бұл есеперді кідіріссіз немесе жүйелі түрде тексеруге мүмкіндік бермейді, сондықтан, сол агенттіктердің басшылары тәуекелдерді бағалау негізінде тексеруде басымдықтарды белгілеп, жоспар әзірлеуі керек;

- басында арнайы агенттіктердің көбісі есептерді қағаз жүзінде пошта арқылы қабылдап отырды;

- көп ұзамай деректерді жинау, сақтау және тексеру үшін заманауи электрондық құралдарды, әсіресе арнайы жасалған бағдарламалық жасақтамаларды қолдану тиісті органдарға өз жұмыстарын орындауда көмек беретіні анық болды;<sup>132</sup>

- басқа органдардағы дереккөздерсіз деректерді тексеру мүмкін емес; сондықтан, деректерді жинауға және оларды тексеруге жауапты органдар үшін басқа органдардағы дереккөздер қолжетімді болуы тиіс – мүмкін болса тікелей электрондықық қолжетімділік болғаны дұрыс;

- басқа мекемелер, әсіресе құқық қорғау органдарының, осы тетік арқылы жинаған деректерге қолжетімділік ерекше қиындық туғызуы мүмкін, алайда бұл үлкен мәселе емес және оны елеулі қиындықтарсыз шешуге болады; бірақ, кейбір елдерде - олардың құқық қорғау органдарының кез келген басқа өкілеттіктеріне қатысты – лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы деректерді жинайтын органдар мен құқық қорғау органдарының арасында заңда немесе келісімде жазылған арнайы рұқсат болу керек;

- жиналған деректерді жариялаудың маңызды салдарының бірі - бұқаралық ақпарат құралдары мен азаматтардың мемлекеттік қызметшілердің мүлкі туралы қосымша мәліметтерді жинауға жанама қатысуы, сондықтан дерек жинауға жауапты органдар үшін сыртқы көздерден деректерді алу маңызды;

- кейде мүлік туралы есеп беру нысандары күрделі болатындықтан дерек жинауға жауапты агенттіктердің бұл рәсімді түсіндіруге қатысқаны жөн;

- лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есептердің жалпыға қолжетімді болып тіркелуі жүйенің ашықтығына зор үлесін қосады және азаматтардың осы жүйеге сенімін ұлғайтады;

- лауазымды тұлғалардың әртүрлі кезде тапсырған мүлкі туралы есептері бір-бірімен салыстырылуы керек, бұл кез келген сәйкессіздікті табуға жол береді;

- іс жүзінде мүлік туралы есеп беру туралы заңды бұзушыларға қарсы қатаң жаза қолданылмайды, алайда нақты, мөлшерлес және тежеуші санкцияларды қолдану қажет;

- мүлік туралы есеп беруде постсоциалистік елдердің көбінде айтарлықтай нәтиже болмағандықтан, бұл жүйе сыбайлас жемқорлықтың алдын алатын басқа шараларға көмекші құрал ретінде ғана қарастырылып, тек басқа да заңдарды бұзушылық табылған кезде ғана қолданылады;

---

<sup>132</sup>Алдын ала тіркелген қызыл жалаулар негізінде жүйе қай тұлғалардың есептері бірінші болып тексерілуі керектігін көрсетеді.

- мүлік туралы есеп беру жүйесі мүлдем жұмыс істемейтін немесе ашық түрде жұмыс істемейтін елдерде азаматтар үкіметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізетін күреске сенбейді;

- өз жұмыстарын орындауға ресурстары жеткіліксіз органдарға да азаматтар сенімін жоғалтады;

- лауазымды тұлғаларды қадағалаудың тиімді тәсілдері үкімет тарапынан жағымсыз реакция тудыруы мүмкін, мысалы, Хорватия мен Украинада үкімет бұл агенттіктерді кейбір өкілеттерінен айырғысы келеді және осылайша бұл жүйенің сапасын түсіргісі келеді.

### **2.3.1 Мемлекеттік қызметшілердің мүлкі жөнінде есеп беру туралы заңнамалардың үздік тәжірибелері**

45. Мынадай заңнамалар лауазымды тұлғалардың мүлкі туралы есеп берудің жақсы мысалдары ретінде келтірілген: Латвияның Лълауазымды тұлғалардың әрекетіндегі мүдделер қақтығысының алдын алу туралы заңы,<sup>133</sup> «Румынияның «Мемлекеттік қызмет пен әдептеріне қатысты адалдық туралы» заңы<sup>134</sup> және әзірге ең жан-жақты болып табылатын – Украинаның «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы» заңы.<sup>135</sup> Аталған заңнамалық актілердің ең маңызды мазмұндық элементтері мыналар болып табылады:

46. Жеке басқа тиісті қолдану: үш елдің барлығында да бұл заң қолданылатын лауазымды тұлғалар тізімі өте кең. Латвия мен Румынияның заңдары бойынша<sup>136</sup> лауазымды тұлғалардың барлығы мүлік және мүдделер туралы мағлұмдама тапсыруға міндетті, ал Украинаның заңы бойынша, кейбір лауазымды тұлғалар бұл міндеттен босатылған.<sup>137</sup>

47. Есеп берудің жиілігі үш елде ұқсас: жұмысқа кіргеннен және одан шыққаннан кейін бір ай ішінде (Латвия мен Румынияда) немесе он бес күн ішінде (Украинада) және өткен жыл бойынша жыл сайын.<sup>138</sup>

48. Мағлұмдамаға енгізілетін ақпаратқа қосымша элементтер өте кең түрде сипатталған:

**Латвияда** лауазымды тұлға мыналар бойынша есеп беруі керек:

- мемлекеттік жұмыс орны;  
- мемлекеттік жұмыстан басқа жерлердегі лауазымы және жұмыс келісімшарттары, немесе белгілі бір міндеттемелерді орындау туралы келісімшарттар туралы ақпарат;

- тұлға ие болатын, пайдаланатын және қолданылатын жылжымайтын мүлік туралы ақпарат (және басқа адамдардан жалға алынған мүлік туралы), сонымен қатар тұлғаның қорғаншылық немесе қамқоршылық мақсатымен иеленген мүлігі туралы ақпарат;

- лауазымды тұлғаның жеке кәсіпкер екендігі, ол акционер немесе серіктес болып табылатын коммерциялық ұйымдар, сонымен қатар тұлғаға тиесілі акциялар және бағалы қағаздар туралы ақпарат;

- лауазымды тұлғаның атындағы және меншігіндегі көлік, сонымен қатар ол иеленетін, қолданатын көлік немесе жалдау шарты бойынша сатып алынған көлік

<sup>133</sup>[2007 жылы шоғырландырылған Латвияның Мүдделер қақтығысы туралы 2002 жылғы заңы EN.pdf \(worldbank.org\).](#)

- **Хорватияда** «қолданыстағы заң мен ақпарат жөніндегі уәкілдің жұмысы туралы жалпы оң әсер қалыптасқанымен және заң бекіткен уақытта берілген ақпарат сұрауларының салыстырмалы түрде жоғары санына қарамастан, заңның толық орындалуына қатысты кейбір мәселелер әлі де бар. Уәкілдің нұсқауы орындалмаған жағдайда, ол «айыптау актісін беруге» құқылы. Уәкілетті тұлға ұсақ құқық бұзушылықтар бойынша сотқа айыптау актісін бермес бұрын, мемлекеттік орғандағы «жауапты тұлғаны» оған қарсы айыптау қорытындысы шығарылатыны туралы хабардар етуі керек. Құқық бұзушы бұл хабарламаны алғанын растау үшін (яғни айыппұл туралы хабарламаның жеткізілгені жеткіліксіз) жеке өзі қол қоюы керек, бұл рәсімнің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Бұған қоса, ұсақ құқық бұзушылық бойынша соттағы іс жүргізу үш-төрт жылға созылуы мүмкін, бұл кезде сұралған ақпараттың пайдалылығы

<sup>219</sup>GRECO, Албанияны бағалаудың бесінші раунды, 2020 жылғы қазан айының бағалау есебі, 18-бет, [GRECO \(coe.int\)](https://www.greco.int/).

<sup>220</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Армениядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 12-бет, 2018, [ЭЙДҰ-СЖҚЖ-Армения-4-Раунд-Тексеру-Есен-Шілде-2018-ENG.pdf](https://www.greco.int/~/media/Files/2018/2018-ENG.pdf).

<sup>221</sup>Фридом Хаус, 2021 Әлемдегі Бостандық, Босния және Герцеговина, [Босния және Герцеговина: 2021 Әлемдегі бостандық Мемлекеттік есебі | Фридом Хаус](https://www.freedomhouse.org/country/bosnia-herzegovina).

<sup>222</sup>Фридом Хаус, 2021 Әлемдегі Бостандық, Болгария, [Болгария: 2021 Әлемдегі бостандық Мемлекеттік есебі | Фридом Хаус](https://www.freedomhouse.org/country/bulgaria).

ескіруі мүмкін. Сондықтан, мысалы, ақпарат жөніндегі уәкілге өз нұсқауларын орындату үшін оны басқа органдарға тәуелді етпей, нұсқауларды орындату өкілеттілігін уәкілдің өзіне беру мүмкіндігін қарастыру пайдалы болар еді. Қысқасы, GRECO бағалау тобының пікірінше, азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін тиімдірек ету мақсатында қарапайым және жылдам рәсімді қамтамасыз ету үшін көп нәрсе істеуге болады».<sup>223</sup>

- «**Грузияда** ақпаратқа қол жеткізу туралы негізгі құқықтық жағдайлар бар, бірақ ақпаратқа қатысты құқық туралы заманауи дербес заң жоқ. Сондай-ақ тиісті ережелердің орындалуын қамтамасыз ететін арнайы қадағалау органы жоқ. Оған қоса, жеткілікті оқыту мен ақпараттандырудың болмауы да Грузияда ақпаратқа қатысты құқықтың толық жүзеге асырылуына кедергі етеді және ол төмен дәрежеде қалып отыр. Үкіметтің жаңа АБ заңын әзірлеуге күш салуы және заң жобасының мазмұны құптау тапқанымен, екі жылдық жұмыстан кейін де жоба әлі де парламентке жетпеді. Ақпаратты белсенді түрде жариялау жүйесін енгізу маңызды реформа болды; алайда оның орындалуы біркелкі емес, көптеген мемлекеттік органдар белгіленген стандарттарды сақтамайды».<sup>224</sup>

- «**Қазақстан** 2015 жылы көптен күткен «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңды қабылдап, оны жүзеге асыруға кірісу арқылы маңызды қадам жасады. Бұл Қазақстандағы ақпаратқа қол жеткізу туралы алғашқы заң. Заңда бірқатар оң ережелер болғанымен, ол негізгі халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес келмейді және шұғыл түрде түзетулер енгізуді қажет етеді. Заң өз күшіне әлі де толықтай енген жоқ, және оның жүзеге асырылуына тиімді бақылау жүргізілмейді. Осыған байланысты Ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі комиссияның мәртебесін өзгерту, өкілеттіктерін кеңейту және атқарушы билік органдарынан дербестігін қамтамасыз ету арқылы оны күшейту керек. Қазақстан диффамация үшін жауапкершілікке тарту жөніндегі ұсынысты орындамады; бұл әрекет іс жүзінде кеңінен таралғандықтан сөз бостандығы мен сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау шектелді».<sup>225</sup>

- **Латвияда** «мемлекеттік құжаттардың барлығына еркін қол жеткізуге болады ([www.mk.gov.lv](http://www.mk.gov.lv)), сондай-ақ олар тиісті министрліктер мен басқа да мемлекеттік мекемелердің веб-сайттарында орналасқан. Автор немесе мекеме басшысы заңды негізде қол жетімділікті шектеу туралы шешім қабылдай алады. Ақпаратқа шектеулі қол жетімділік белгілі бір мәселелерді шешумен байланысты құжаттарға, оның ішінде кеңесшілер не шақырылған сарапшылар жасаған құжаттарға, бір мекеменің пайдалануы үшін басқа бір мекеме жасаған құжаттарға да қойылады. Шектеулі ақпаратқа қол жеткізу үшін сұраудың мақсаты мен негіздерін көрсете отырып, жазбаша түрде өтініш жасауға болады. Мекеме ақпарат беруден бас тартқан жағдайда аудандық әкімшілік сотқа және Жоғарғы Сот пен Сенатқа шағымдануға болады».<sup>226</sup>

- «Литва заңы жұртшылыққа ресми ақпаратқа қол жеткізу құқығын береді, ал үкімет әдетте мұндай сұраныстарды орындайды. Дегенмен, мемлекеттік компаниялардың қызметі біршама күңгірт және қаржылық бұзушылықтардың орын алуына бейім. Мемлекеттік сатып алулардың ашықтығы мен әділдігін арттыруға бағытталған реформалар шектелді. Соңғы жылдары саясаткерлер өздеріне қатысты

---

<sup>223</sup>GRECO, Хорватияны бағалаудың бесінші раунды, 2019 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 19-бет, [GRECO \(coe.int\)](https://www.greco.int/).

<sup>224</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Грузиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 9-бет, 2016, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Грузия-4-Раунд-Тексеру-Есен-ENG.pdf](#).

<sup>225</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 6-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Қазақстан-4-Раунд-Тексеру-Есен-ENG.pdf](#).

<sup>226</sup>GRECO, Латвияны бағалаудың бесінші раунды, 2018 жылғы маусым айының бағалау есебі, 16-бет, [16808cdc91 \(coe.int\)](https://www.greco.int/).

қолжетімді қоғамдық ақпараттың көлемін қысқартуға барынша тырысты».<sup>227</sup>

- **Польшада** «қоғамдық ақпаратқа қол жетімділік конституциямен және 2001 жылғы «Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңмен қамтамасыз етілген, бірақ мемлекеттік мекемелерден жазбалар мен деректерді алу баяу әрі қиын процесс болуы мүмкін. Сейм кеңсесі Жоғарғы Әкімшілік соттың шешіміне қарамастан, жеке деректерді қорғау мәселелеріне сілтеме жасай отырып, ҰСК-ке жаңадан тағайындалған даулы үміткерлерді қолдаған судьялардың тізімін жариялаудан бас тартты. Қазіргі үкімет саяси идеялар бойынша сыртқы сарапшылармен немесе азаматтық қоғам ұйымдарымен кеңесуден тартынады және талқылау не түзетулер енгізуге онша мүмкіндік бермейтіндей заңнаманы тез арада енгізуге және қабылдауға бейім».<sup>228</sup>

- **Румынияда** «азаматтардың қоғамдық ақпарат алуға заңды құқығы бар және ол үшін мемлекеттік органдарға өтініш бере алады. Дегенмен, әртүрлі мүдделі тараптар мен азаматтық қоғам сарапшыларының қатысуы мен араласуын қамтамасыз ететін процестер дұрыс анықталмаған және үкімет әлі де заң шығару үшін төтенше жағдайлар туралы қаулыларды кеңінен пайдаланады. 2020 жылдың наурыз-мамыр айлары аралығында COVID-19-ға байланысты төтенше жағдай кезінде билікте ақпарат сұрауларына жауап беру үшін 60 күн болды, бұл төтенше жағдайға дейінгі шектеуді екі еселеді. Билік пандемияға қатысты ақпаратты кейде жасырды. 2020 жылдың наурыз айында Ішкі істер министрлігі жергілікті префекттерге тапсырылған COVID-19 сынамаларының санын және оң нәтижелер санын жарияламауды бұйырды. Қыркүйек айындағы баяндамасында Тәуелсіз журналистика орталығы (ТЖО) денсаулық сақтау қызметкерлеріне көбіне пандемия туралы бұқаралық ақпарат құралдарына мәлімдеме жасауға тыйым салынғанын атап өтті».<sup>229</sup>

- **Словенияда** «үкімет негізінен ашық және жария түрде жұмыс істейді. Дегенмен, Еуропалық комиссия 2020 жылғы қыркүйектегі есебінде басты реттеуші органдарда ресурстардың жетіспеушілігіне қатысты алаңдаушылық білдірді. Бұған қоса, үкімет басқару шығындарын азайту мен тиімділікті арттырудың артықшылықтарын негізге ала отырып, барлық сегіз тәуелсіз реттеуші органды екі суперагенттікке біріктіруді ұсынды».<sup>230</sup>

- «**Тәжікстан** ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнаманы жетілдіру бойынша ешқандай әрекет жасамады. Құпия ақпараттың көлемі едәуір үлкен болып қала береді. Сонымен қатар, ақпараттың қай түрі жалпыға қолжетімді болуы туралы қатаң талаптар жоқ. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мониторинг жүргізуге жауапты болғанымен, мандаты мен ресурстары жеткіліксіз. Сондай-ақ, Тәжікстанда Президентті көпшілік алдында қорлағаны немесе оған жала жапқаны үшін қылмыстық жазаға тартылады; басқаша айтқанда, диффамация толығымен қылмыссыздандырылған жоқ және оны түзету ұсынылады».<sup>231</sup>

- «Өткен жылдары **Украина** ашықтықты көтеруде біршама жетістіктерге жетті, мысалы, банкроттен иелері жайлы ақпаратты жариялауды талап етті және саясаткерлер мен бюрократтарға активтері туралы электронды декларация тапсыруын

---

<sup>227</sup>Фридом Хаус, 2021 Әлемдегі Бостандық, Литва, [Литва: 2021 Әлемдегі бостандық Мемлекеттік есебі | Фридом Хаус](#).

<sup>228</sup>Фридом Хаус, 2021 Әлемдегі Бостандық, Польша, [Польша: 2021 Әлемдегі бостандық Мемлекеттік есебі | Фридом Хаус](#).

<sup>229</sup>Фридом Хаус, 2021 Әлемдегі Бостандық, Румыния, [Румыния: 2021 Әлемдегі бостандық Мемлекеттік есебі | Фридом Хаус](#).

<sup>230</sup>Фридом Хаус, 2021 Әлемдегі Бостандық, Словения, [Словения: 2021 Әлемдегі бостандық Мемлекеттік есебі | Фридом Хаус](#).

<sup>231</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Тәжікстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 6-бет, 2017, [ЫДҰ-СЖҚЖ-Тәжікстан-4-Раунд-Тексеру-Есеп-ENG.pdf](#).



міндеттейтін 2016 жылғы заңды қабылдады. Алайда, 2020 жылдың қазан айында Конституциялық сот активтерді декларациялау туралы заңның, сондай-ақ активтер туралы жалған есеп бергені үшін қылмыстық жазаны белгілейтін заңның күшін жойды. Құқық қорғау органдары кейбір аса даулы сыбайлас жемқорлыққа қатысты істерді жабуға және ресми декларациялардың базасын көпшілікке толықтай қолжетімсіз етуге мәжбүр болды. Парламент желтоқсанда заңның әлсіреген нұсқасын қалпына келтірді».<sup>232</sup>

- **Өзбекстанда** «ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнаманы жетілдіру тұрғысынан бұрынғы ұсыныстар өзекті болып қала береді. Аталмыш заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажет, алайда бұны ақпаратқа қоғамдық қол жетімділікті негізсіз қысқартуды болдырмауға кепілдік бере отырып, әрі ақпаратқа қолжетімділік туралы негізгі заңмен үйлестіре отырып мемлекеттік және қызметтік құпиялар туралы заңдарды өзектендіру арқылы жасау керек. Өзбекстан ақпаратқа қол жеткізу туралы заңның сақталуын қадағалайтын мемлекеттік механизмді әлі де құруы керек, оған ақпаратқа қол жеткізуге қатысты міндетті бұйрықтарды шығару мен санкциялауды қоса алғанда тиісті өкілеттіктерді де беруге тиіс. Жала жабу мен қорлау үшін қылмыстық жауапкершілік жойылған жоқ және өкінішке орай, іс жүзінде белсенді түрде қолданылуда. Сондықтан бұған дейін ұсынылғандай жала жабу мен қорлауға қатысты барлық қылмыстарды қылмыссыздандыру керек, нәтижесінде, олар бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығына, атап айтқанда, журналистік зерттеуге және сыбайлас жемқорлықты әшкерелеуге айтарлықтай шектеу қоя алмайтын болады».<sup>233</sup>

71. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жөніндегі халықаралық органдардың қорытындылары мен жалпыға қолжетімді ақпарат негізінде келесі фактілерді де атап өту қажет:

- қоғамдық ақпараттың және жалпы мемлекеттік басқарудың ашықтығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте нақты дұрыс шешім болмағанымен, оның даму шарттарына айтарлықтай әсер етеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттің тиімділігін күшейтеді;<sup>234</sup>

- ашықтық деңгейі дәстүрлі түрде жоғары елдер сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен елдер тізімінде әдетте өте жоғары орналасады;<sup>235</sup>

- қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуді арнайы қарастыратын халықаралық құқықтық құжат жоқ;

- сәйкес салаларға ашықтықты енгізетін кейбір халықаралық салалық бастамалар бар;<sup>236</sup>

- кейбір елдерде қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығы конституциямен қамтамасыз етілген, мысалы, Польшада;

- көптеген елдерде мемлекеттік мекемелер жеке веб-сайттарында өздерінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі туралы кейбір негізгі ақпаратты, соның ішінде өз мекемелеріне қатысты қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы мәліметті де жариялауы керек;

- кейбір елдерде ақпаратқа сұраныс уәждемені қажет етпейді;

- мемлекеттік қаражатты пайдаланатын субъектілердің тек теориялық емес,

---

<sup>232</sup>Фридом Хаус, 2021 Әлемдегі Бостандық, Украина, [Украина: 2021 Әлемдегі бостандық Мемлекеттік есебі | Фридом Хаус](#).

<sup>233</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Өзбекстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 12-бет, 2019, [ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар \(oecd.org\)](#).

<sup>234</sup>Оңтайлы жағынан алғанда.

<sup>235</sup>Скандинавия елдері секілді.

<sup>236</sup> Өндіруші салалардағы ашықтық бастамасы, Құрылыс секторындағы ашықтық бастамасы.

практикалық тұрғыдан да ашықтығын қамтамасыз ету ерекше маңызға ие,<sup>237</sup>

- қолданыстағы заңнамаға қарамастан, кейбір елдерде сатып алулар көбіне жасырын түрде жасалады, мысалы, Босния мен Герцеговинада және мемлекеттік мекемелер ақпарат бостандығы туралы заңдарды жиі орындамайды, мысалы, Польшада;

- COVID-19 пандемиясы кезінде бірқатар елдер қоғамдық ақпаратқа қолжетімділікті шектеді, мысалы, Румыния;

- елдерде жеткілікті дайындықтың болмауы мен лауазымды тұлғаларды қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу бойынша хабардар етудің төменгі деңгейі ақпаратқа қол жеткізу құқығына әсер етеді;

- халықаралық талап болмаса да, бүкіл әлем емес, кейбір елдер қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету үшін мамандандырылған институттар құруды бастады; дегенмен, олардың кейбіреулері тиісті өкілеттіктерге ие емес, мысалы, Хорватияда, Қазақстанда және Тәжікстанда;

- бұл институттардың кейбіреулері екі түрлі, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты міндеттерді біріктіреді: қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету және жеке және/немесе кез келген басқа құпия деректерді қорғау;

- әдетте, азаматтар соңғы инстанция ретінде сотқа шағымдана алады, мысалы, Латвия немесе Словенияда қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуді сұраған кезде;

- кейбір елдер азаматтардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуіне жол бермеу үшін шектен тыс құпиялылық жүйесін пайдаланады, мысалы, Тәжікстан,<sup>238</sup>

- жала жапқаны үшін жауапқа тарту әдісі кейбір елдерде сөз бостандығын және сыбайлас жемқорлық туралы хабарламаларды шектеу үшін қолданылады, мысалы, Тәжікстан мен Өзбекстанда;

- кейбір елдер ашық деректердің мемлекеттік порталдарын енгізді, осылайша қоғамдық ақпаратқа қолжетімділікті арттырады;

- соңғы жылдары бүкіл әлемде құқық қорғау органдары, сонымен қатар азаматтар мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте маңызды құралға айналған – заңды тұлғалардың бенефициарлық меншігінің ашықтығы бойынша елеулі бастама дамып келеді;

- соңғы жылдары жаһандық деңгейде жеке деректерді қорғауға маңызды назар аударылды, бұл бастама көп жағдайларда қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыруға тікелей әсер етеді.

### **2.5.1 Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу бойынша үздік заңнамалық тәжірибелер**

72. Мүдделер қақтығысы мен активтер туралы есеп беруге қатысты алдыңғы тақырыптарға қарағанда, талданып отырған он бес елде қоғамдық ақпаратқа қолжетімділік саласы үшін оңтайлы шешім табу қиын. Сондықтан қосымша екі елдің, яғни Эстония мен Норвегияның осы саладағы озық тәжірибелері ескеріледі. Олар транспаренттіктің нақты салаларында үлгілі шешімдер таба білді, сондықтан осы шешімдердің Грекия мен Словениядағы қолданысы қосылды: Грекия кешенді ережелер мен институттарының бірегей жүйесі арқасында қоғамдық ақпаратқа жалпы қолжетімділікті қамтамасыз етеді және Словения өзінің заманауи<sup>239</sup> механизмі арқасында барлық мемлекеттік мекемелердің шығыстары туралы ақпаратқа күнделікті онлайн қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

<sup>237</sup>Мысалы, бұл Армения мен Болгарияда қарастырылмаған.

<sup>238</sup>Мысалы, тергеуші БАҚ.

<sup>239</sup>Әуелде ол «Supervisor» деген атпен белгілі болған, ал қазірде «Erag» деп аталады.

73. Келесі заңнамалық актілер қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты жалпы заңдардың сапалы үлгілері болып табылады: Эстонияның «Қоғамдық ақпарат туралы» заңы,<sup>240</sup> Латвияның «Ақпарат бостандығы туралы» заңы<sup>241</sup> және Норвегияның мемлекеттік органдары мен мемлекеттік кәсіпорындарының иелігіндегі құжаттарға қол жеткізу туралы заңы (Ақпарат бостандығы туралы заң).<sup>242</sup> Осы заңнамалық актілердің ең маңызды мазмұндық элементтері келесідей:

73. Үш заңда да қоғамдық ақпаратқа қол жеткізудің мақсаты бірдей айқындалған. Эстония заңына сәйкес, қалың жұртшылық пен әрбір адам демократиялық және әлеуметтік құқықтық мемлекет пен ашық қоғам қағидаттары негізінде қоғамдық пайдалануға арналған ақпаратқа қол жеткізуге құқылы, сондай-ақ қызметтің орындалуын халық тарапынан бақылауға құқылы.<sup>243</sup> Латвия заңына сәйкес, заңның мақсаты - мекемелердің қарамағындағы немесе өз құзыретіне сәйкес мекеме құруға міндетті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.<sup>244</sup> Норвегиялық заңға сәйкес, оның мақсаты ашық және транспарентті мемлекеттік басқаруды жеңілдету, осылайша ақпарат пен сөз бостандығын, демократиялық қатысуды, жеке тұлғаның құқықтық кепілдігін, мемлекеттік билік органдарына сенімін және халықтың бақылауын нығайту болып табылады.<sup>245</sup>

74. Қарастырылып отырған үш заңдағы «қоғамдық ақпарат» түсінігінің айырмашылығы көп емес. Эстония заңына сәйкес, қоғамдық ақпарат дегеніміз «кез келген тәсілмен және кез келген тасымалдаушыда жазылған не құжатталған, сондай-ақ заңда немесе оның негізінде шығарылған заңнамада көзделген мемлекеттік міндеттерді орындау кезінде алынған немесе жасалған ақпарат».<sup>246</sup> Латвия заңына сәйкес, қоғамдық ақпарат «мекемелердің қарамағындағы немесе өз құзыретіне сәйкес мекеме әзірлеуге міндетті ақпарат» болып табылады.<sup>247</sup> Норвегия заңы жалпыға ортақ ақпаратты «әкімшілік орган қабылдаған не оған берілген, немесе әкімшілік органның қызметі мен міндеттеріне қатысты өзі жасаған «құжаттар<sup>248»</sup>,<sup>249</sup> ретінде анықтайды, бұл ретте «құжат» «кейіннен оқу, тыңдау, ұсыну, тасымалдау және т.с.с. үшін тасымалдаушыда сақталған ақпараттың логикалық шектеулі көлемі»<sup>250</sup> ретінде анықталады.

76. Қоғамдық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету міндеті жүктелген мекемелер жан-жақты айқындалады: Эстония заңы әрбір «қоғамдық ақпаратты иелік етушіні»,<sup>251</sup> Латвия заңы «мекемелерді» (әрбір мекеме, сондай-ақ ақпарат айналымы барысында тиісті функциялар мен міндеттерді жүзеге асыруға байланысы бар әрі әкімшілік қызметтер мен тапсырмаларды орындайтын тұлғалар)<sup>252</sup> және Норвегия заңы мемлекетті, округтік билік органдарын және муниципалды органдарды, жеке шешімдер

---

<sup>240</sup>[Қоғамдық ақпарат туралы Заң–Riigi Teataja.](#)

<sup>241</sup>[Ақпарат бостандығы туралы Заң.docx \(live.com\).](#)

<sup>242</sup>[Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың құзырындағы құжаттарға қол жетімділік туралы Заң \(Ақпарат бостандығы туралы Заң\) - Lovdata.](#)

<sup>243</sup>Эстония заңының 1-бабы

<sup>244</sup>Латвия заңының 2-тарауы

<sup>245</sup>Норвегия заңының 1-тарауы

<sup>246</sup>3/1-бап

<sup>247</sup>2/1-тарау

<sup>248</sup>Бірақ бұл құжаттарға келесілер жатпайды: кітапхананың немесе мұражай қорының бір бөлігін құрайтын құжаттар, жеке заңды тұлға мемлекеттік мұрағатқа сақтау үшін тапсырған құжаттар, жарияланатын мерзімді баспа журналына шығару үшін әкімшілік органдарға тапсырылған құжаттар, газеттер, журналдар, жарнамада жария ету үшін тапсырылған құжаттар, әкімшілік орган өз мекемесіндегі нақты іске байланысы жоқ бола тұра қабылдаған құжаттар, сол сияқты әкімшілік органның қызметкері аталмыш әкімшілік органның құзыретіне кірмесе де алған құжаттар

<sup>249</sup>4/2-тарау

<sup>250</sup>4/1-тарау

<sup>251</sup>5-бап

<sup>252</sup>1/1/4-тарау

қабылдаған жағдайда не бұйрық шығарған жағдайда кез келген басқа заңды тұлғаны,<sup>253</sup> штат, округтік билік немесе муниципалды орган тікелей немесе жанама түрде кез келген тәуелсіз заңды тұлғаға дауыстардың жартысынан көбін берген жағдай орын алатын мекеме қызметкерін,<sup>254</sup> штат, округтік билік немесе муниципалдық билік тікелей немесе жанама түрде дауыс беретін мүшелердің жартысынан көбін сайлауға құқылы органда қызмет ететін заңды тұлғаны<sup>255</sup> айқындайды.

77. Үш заңның барлығы да ақпаратты қайта пайдалануды анықтайды, бұл жағдай бастапқыда жасалған, алынған немесе оның иелері пайдаланған ақпарат оны сұраушыларға берілген және олар пайдаланған кезде орын алады. Эстония заңы оны «қоғамдық пайдалануы заңмен немесе заңмен белгіленген тәртіппен (бұдан әрі ашық деректер) шектелмеген, сондай-ақ ақпарат мемлекеттік міндеттемелер аясында алынған не дайындалған кезде оны басқа мақсатта пайдаланатын, коммерциялық немесе коммерциялық емес мақсаттар үшін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлғалармен шектелмеген жағдайда қолданысы» деп анықтайды.<sup>256</sup> Латвияда қайта пайдалану дегеніміз «мекеменің қарамағындағы және мекеменің о баста коммерциялық немесе коммерциялық емес мақсатты көздемей-ақ жасаған жалпыға қолжетімді ақпаратты пайдалану, жеке тұлға мекеменің қарамағындағы ақпаратты мемлекеттік басқару міндеттерін орындаудан басқа мақсаттарда пайдаланатын ақпаратты пайдалануы».<sup>257</sup> Норвегия заңы «пайдалану» дегенді тиісті тараудың атауында ғана атап өтеді, сонымен бірге «қайта пайдалануды» «аталған заң немесе басқа заңнама пайдалануға рұқсат берген ақпарат» ретінде анықтайды, сондай-ақ «егер тағы бір заң не үшінші тұлғаның құқықтары кедергі келтірмесе ақпаратты кез келген мақсатта пайдалануға болады»<sup>258</sup> деп көрсетеді. Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу, әдетте, оны қайта пайдалану құқығын да қамтиды,<sup>259</sup> алайда, Латвияда ақпарат иесі оны қайта пайдалану үшін арнайы сұрау салу қажет.<sup>260</sup>

78. Қоғамдық ақпаратқа қолжетімділік қарастырылып отырған барлық үш заңның негізгі қағидасы болып табылады. Норвегиялық заң тіпті жалпыға ортақ құжаттардың интернетте қолжетімді болуын талап етеді.<sup>261</sup> Үш елде де ақпарат қолжетімсіз болған жағдайлар төмен дәрежеде анықталған. Эстония заңы бойынша, мемлекеттік құпия саналатын ақпарат не жасырын сипаттағы шетелдік ақпарат, мұрағаттарда пайдалануы шектеулі ақпарат және нақты актілермен немесе халықаралық келісімдермен шектелген ақпарат қолжетімсіз болып табылады.<sup>262</sup> Сонымен қатар, ақпараттың қоғамдық иесі ақпаратты қоғамдық пайдалануға беру кезінде адамдардың жеке өміріне қол сұғылмаушылықты, авторлық құқықтарды қорғауды, ұлттық қауіпсіздікті қорғауды, іскерлік құпияны және басқа да шектелген ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.<sup>263</sup>

Латвия заңына сәйкес «қолжетімділігі шектеулі ақпарат» дегеніміз:

- заңмен осындай мәртебе берілген;
- мекеменің ішкі пайдалануына арналған және белгіленген;

---

<sup>253</sup>Алайда жеке заңды тұлғалармен тікелей бәсекелестікте және бірдей шарттарда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар емес.

<sup>254</sup>Бірдей дереккөз

<sup>255</sup>2/1-тарау

<sup>256</sup>3-1/1-бап

<sup>257</sup>1/1/5-тарау

<sup>258</sup>7/1-тарау.

<sup>259</sup>Эстония заңының 8/3 Бабы, Норвегия заңының 7 Тарауы.

<sup>260</sup>11-тарау.

<sup>261</sup>10/3-тарау.

<sup>262</sup>2-бап.

<sup>263</sup>3-1/3-тарау.

- мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес сатып алу туралы шарт және мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық ресурстарымен және мүлкімен іс-әрекеттерге қатысты шарттың басқа түрі жасалған жағдайды қоспағанда, коммерциялық құпия болып табылатын;

- аттестациялармен, емтихандармен, ұсынылған жобалармен (қаржыландыруына мемлекет кепілдік беретін жобаларды қоспағанда), тендерге шақырумен (мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың қажеттіліктері үшін сатып алумен байланысты, немесе мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың қаражатымен және мүлкімен байланысты тендерлерге шақыруды қоспағанда) және осыған ұқсас сипаттағы басқа да бағалау процестерімен байланысты жеке тұлғалардың жеке өміріне қатысты болған жағдайда;

- тек ресми пайдалануға арналған;

- бұл Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымының немесе Еуропалық Одақтың ақпараты болып табылған жағдайда, сәйкесінше «Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымы «САШҰ» ҚҰПИЯ» немесе «ҚОЛЖЕТИМДІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ» деп белгіленген.<sup>264</sup>

Норвегиялық заңға сәйкес, келесі ақпаратқа қол жеткізу шектелуі мүмкін: ішкі құжаттар,<sup>265</sup> заңмен құпия ретінде танылған ақпарат,<sup>266</sup> істі ішкі дайындау үшін сырттан алынған құжаттар,<sup>267</sup> сот құжаттары,<sup>268</sup> Норвегияның сыртқы саяси мүдделері үшін маңызды құжаттар,<sup>269</sup> ұлттық қорғаныс және қауіпсіздік мүдделері,<sup>270</sup> бюджет мәселелері,<sup>271</sup> үкіметтің келіссөздердегі ұстанымдары,<sup>272</sup> реттеу немесе бақылау шаралары,<sup>273</sup> тағайындаулар мен жалақы туралы жазбалар,<sup>274</sup> емтихан құжаттары және т.б.<sup>275</sup>

79. Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуді сұрау құқығы бар бенефициар Эстония заңына сәйкес «қоғам және әрбір адам»,<sup>276</sup> Латвия заңнамасына сәйкес «жеке тұлға»<sup>277</sup> және Норвегия заңнамасына сәйкес «кез келген тұлға»<sup>278</sup> болып табылады.

80. Қоғамдық ақпараттың мазмұнынан басқа, ақпарат жалпы жұртшылық үшін қандай түрде қолжетімді екендігі де маңызды. Эстония заңына сәйкес ақпарат иесі ақпаратты бағдарламалық қамтамасыз ету қосымшалары нақты деректерді, соның ішінде фактілердің жеке мәлімдемелері мен олардың ішкі құрылымын (машинада оқылатындай) оңай анықтай алатындай, тани және шығарып алатындай құрылымдалған файл форматында беруге міндетті, сондай-ақ ақпаратты платформаға тәуелсіз және құжаттарды қайта пайдалануға кедергі келтіретін ешбір шектеусіз көпшілікке қолжетімді форматта (ашық формат) беруге тиіс. Егер ашық деректерді цифрлық форматқа, машинада оқылатын форматқа не ашық форматқа түрлендіру мүмкін болмаса, үлкен күш жұмсауды қажет ететін болса, ақпарат иесі ашық деректерге олардың бастапқы форматында немесе кез келген басқа форматта қол жеткізуге рұқсат береді.<sup>279</sup> Латвияда

---

<sup>264</sup>5/2-тарау.

<sup>265</sup>14, 16-тараулар

<sup>266</sup>13-тарау.

<sup>267</sup>15-тарау.

<sup>268</sup>17,18-тараулар.

<sup>269</sup>20-тарау.

<sup>270</sup>21-тарау.

<sup>271</sup>22-тарау.

<sup>272</sup>23-тарау.

<sup>273</sup>24-тарау.

<sup>274</sup>25-тарау.

<sup>275</sup>26-тарау.

<sup>276</sup>1-бап.

<sup>277</sup>10/1-тарау.

<sup>278</sup>9-тарау.

<sup>279</sup>3-1/4-бап.

сұратылатын ақпарат ауызша, жазбаша түрде немесе мүмкіндігінше электрондық байланыс құралдарын пайдалану арқылы беріледі.<sup>280</sup> Норвегияда әкімшілік орган тиісті рәсімді ескере отырып, құжатты жалпы жұртшылыққа қалай қол жетімді ету керектігін шешеді, бұл кезде құжаттың қағаз көшірмесін немесе электрондық көшірмесін сұрату мүмкін.<sup>281</sup>

81. Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу тегін, дегенмен оның иелері ақпаратты шығаруға байланысты ақыны ала алады.<sup>282</sup>

82. Әдетте, қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуді сұрайтын тұлғаларға онысы үшін заңды мүдделерді көрсету<sup>283</sup> міндетті емес немесе бұл ерекше жағдайларда ғана талап етіледі.<sup>284</sup> Норвегия жағдайында заңда заңды мүдде мүлде айтылмайды.

83. Қоғамдық ақпарат иелерінен ақпаратқа қол жеткізу рәсімін және қол жеткізудің өзін мүмкіндігінше тез және оңай етуді талап ететін көптеген ережелер бар.<sup>285</sup>

84. Қоғамдық ақпаратқа оңай қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін елдер оның иелерінен барлық құжаттардың цифрлық тізілімін әзірлеуді талап етеді.<sup>286</sup>

85. Қоғамдық ақпаратты сұрату жолдары әр түрлі сипатталады.

Эстонияда ақпаратқа қол жеткізуді сұрау келесілерді қамтуға тиіс:

- «ақпаратқа сұрау салған тұлғаның аты-жөні;

- ақпарат агенттіктің немесе заңды тұлғаның атынан сұралған жағдайда заңды тұлғаның немесе агенттіктің атауы;

- ақпарат иесі ақпаратқа сұрау салған тұлғамен байланысуы не ақпарат беруі үшін ақпаратқа сұрау салған тұлғаның байланыс деректері (пошталық мекенжайы немесе электрондық поштасы, факс немесе телефон нөмірі);

- ақпараттың мазмұны не сұратылып отырған құжаттың түрі, атауы және мазмұны, немесе ақпарат сұраушыға белгілі құжат туралы маңызды ақпарат;

- ақпаратқа сұрау салуды орындау тәртібі».<sup>287</sup>

Латвияда ақпаратты сұрау кезінде өтініш берушінің аты, тегі немесе атауы (фирма), ақпарат жіберілетін мекенжайы және өтініш берушінің қолы көрсетілуі керек.<sup>288</sup>

Норвегияда ақпарат алуға өтініш тек нақты жағдайға қатысты немесе шектен шықпай отырып істердің белгілі бір түріне қатысты болуы керек.<sup>289</sup>

86. Қоғамдық ақпаратқа жасалған сұрауды қанағаттандыру мерзімдері әдетте өте қысқа: Эстонияда ең көбі бес жұмыс күні,<sup>290</sup> Латвияда 7-ден 30 күнге дейін<sup>291</sup> (қажетті ақпарат қосымша өңдеуді қажет ететініне байланысты) және Норвегияда «қажет болмаса кідіріссіз».<sup>292</sup>

87. Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуден бас тарту себептері, әдетте, қоғамдық ақпараттың жалпы қолжетімділігіне қатысты ерекшеліктермен бірдей. Эстонияда олар жабық тізім түрінде қосымша беріледі, оған сәйкес ақпарат иесі ақпаратқа сұрауды қанағаттандырудан бас тартады, егер:

- сұрау салынған ақпаратқа қол жеткізуге шектеулер қойылады, сұрау салған

---

<sup>280</sup>11/1-тарау.

<sup>281</sup>30-тарау.

<sup>282</sup>Эстония заңының 25 бабы, Латвия заңының 13 тарауы, Норвегия заңының 8 тарауы.

<sup>283</sup>Латвия заңының 10/3 тарауы.

<sup>284</sup>Эстония заңының 3-1/5 бабы.

<sup>285</sup>Эстония заңының 4/2 бабы, Норвегия заңының 29/1 тарауы.

<sup>286</sup>Эстония заңының 11 бабы, Латвия заңының 9 тарауы (Ақпарат жазбаларын айта отырып), Норвегия заңының 10 тарауы («журналды» айта отырып).

<sup>287</sup>Эстония заңының 14-бабы.

<sup>288</sup>11/3-тарауы.

<sup>289</sup>28/2-тарауы.

<sup>290</sup>18/1-бабы.

<sup>291</sup>14-тарау.

<sup>292</sup>28/2-тарауы.

тұлғаның сұралған ақпаратқа қол жеткізуге құқығы жоқ;

- ақпарат иесінде сұралған ақпарат жоқ, оның кімде бар екенін білмейді және сұралған ақпараттың иесін де анықтай алмайды;

- ақпаратқа сұрау салуды орындау мүмкін емес, себебі ақпаратты сұрау өтінішінде ақпарат сұраушы қандай ақпаратты сұрап отырғаны көрінбейді;

- егер мемлекеттік баж немесе өзге де баж заң жүзінде белгіленген болса, ал ақпаратты сұраушы мемлекеттік бажды төлемеген немесе ақпаратқа сұрау салуды орындауға байланысты шығындарды төлемеген жағдайда, ал ақпарат иесі өтелуге тиіс шығындарды алып тастамаған жағдайда.<sup>293</sup>

Сонымен қатар, Эстониялық ақпарат иесі ақпарат сұрауын қанағаттандырудан бас тарта алады, егер:

- сұралған ақпарат сұрау салған тұлғаға әлдеқашан берілген жағдайда және тұлға ақпаратты екінші рет алу қажеттілігін негіздемесе;

- жеке немесе заңды тұлғадан сұралатын ақпарат мемлекеттік міндеттерді орындауға қатысы жоқ болса;

- ақпаратқа жасалған сұрауды қанағаттандыру ақпарат иесінен жұмысын ұйымдастыруды өзгертуді талап ететін болса, оған жүктелген мемлекеттік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін болса, не сұратылатын ақпараттың үлкен көлеміне байланысты негізсіз қомақты шығындарды талап ететін болса;

- ақпаратқа сұрауды қанағаттандыру ақпаратты бір рет шығару арқылы мүмкін емес болса;

- ақпаратқа жасалған сұрауды қанағаттандыру үшін ақпаратты қосымша жүйелеу және талдау керек болса, оның негізінде жаңа ақпаратты құжаттау қажет болса;

- сот ақпаратты сұраған тұлғаның белсенді әрекет қабілеттілігі шектелгенін анықтаса;

- ақпарат сұраған тұлғаның байланыс деректері жоқ болса.<sup>294</sup>

88. Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу сұрауы қанағаттандырылмаған ақпарат сұраушы оның себептері жөнінде ақпарат алуға тиіс.<sup>295</sup>

89. Ақпарат сұраушы ақпаратқа қол жеткізе алмаған кезде шешімге қарсы шағым беруге әрқашан құқылы.<sup>296</sup>

### 2.5.2. Грекия тәжірибесі

90. Грекиядағы транспаренттікті қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық базаны бір бірін толықтырушы екі салаға бөлуге болады: азаматтар мен мүдделі тараптардың ақпаратқа қол жетімділігі және үкімет қызметі мен шешімдерінің ашықтығы.<sup>297</sup> Азаматтар мен мүдделі тұлғалардың қолжетімділігі конституциямен<sup>298</sup> және

---

<sup>293</sup>23/1-бабы.

<sup>294</sup>23/2-бабы.

<sup>295</sup>Эстония заңының 23/3 бабы, Латвия заңының 12 тарауы, Норвегия заңының 31 тарауы.

<sup>296</sup>Эстонияда Қадағалау органына немесе Әкімшілік сотқа (46-бап), Латвияда Әкімшілік сотқа (15-тарау), Норвегияда сұрауды қанағаттандырудан бас тартқан агенттіктен жоғары тұрған агенттікке (32-бап).

<sup>297</sup>Каллиопа Спану мен Манто Лампрополу, Грекиядағы ашық саясат: Азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуден бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен ашық мәліметтерге дейін, Еуропалық және Сыртқы саясаттың Грекиялық фонды, 2022 ж., [Грекиядағы ашық саясат: Азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуден бастап сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен ашық мәліметтерге дейін – Каллиопа Спану мен Манто Лампрополу: ELIAMEP \(eliamep.gr\)](#)

<sup>298</sup>5А бабының 1 пункті: «Заңға сәйкес барлық жеке тұлғалар ақпаратқа қол жеткізуге құқылы», 10 баптың 3 пункті: «Құзыретті (мемлекеттік) қызмет не орган ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі сұрауларға жауап беруге және белгіленген мерзімде құжаттарды, әсіресе, сертификаттар, растайтын құжаттар мен аттестаттарды қамтамасыз етуге міндетті (...)».

қосымша 8 заңнамалық актімен,<sup>299</sup> ал үкімет қызметі мен шешімдерінің ашықтығы Грекия парламентінің регламентімен және қосымша 6 заңнамалық актімен<sup>300</sup> реттеледі.

91. Грекия мемлекеттік секторының ашықтығының маңызды элементтерін 2018 – 2021 жылдарға<sup>301</sup> арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық жоспарында және Ашық үкімет жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарынан<sup>302</sup> табуға болады.

Грекияда жоғарыда аталған заңнамалық ережелерді жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік мекемелердің тұтас бір жиынтығы бар: Цифрлық басқару министрлігі,<sup>303</sup> Ұлттық транспаренттік органы,<sup>304</sup> Грекия омбудсмені,<sup>305</sup> Грекияның бірыңғай мемлекеттік сатып алу органы,<sup>306</sup> Азаматтық кадрларды іріктеуге арналған Жоғарғы кеңес,<sup>307</sup> ішкі аудит бөлімшелері және институттар мен транспаренттік жөніндегі арнайы тұрақты парламенттік комиссия.<sup>308</sup>

93. Әзірге Грекия мемлекеттік секторының ашықтығының маңызды элементтері көптеген ашық деректер порталдары мен платформалары болып табылады:

94. 2009 жылы жүзеге асырылған Грекияның ашық үкімет бастамасы (<http://www.opengov.gr/>) үш негізгі бағытты қамтиды: мемлекеттік басқарудағы жоғары басшылық лауазымдар мен басқа да лауазымдарға ашық шақырулар, электрондық талқылаулар<sup>309</sup> және OpenGov зертханалары.<sup>310</sup>

95. Транспаренттік портал (Diavgeia, <https://diavgeia.gov.gr/>) 2010 жылы құрылды және барлық мемлекеттік органдар өз актілері мен шешімдерін олардың жарамдылығының алғышарты ретінде порталда жариялауға міндетті. Сонымен қатар, барлық министрліктер мен басқа да мемлекеттік мекемелер, соның ішінде жергілікті құрылымдар мен мемлекеттік кәсіпорындар жеке веб-сайттарында және Diavgeia платформасында өз бюджетінің қайда жұмсалғандығы туралы мәліметтерді жариялауға міндетті.

96. «Аса айқындық» (<https://yperdiavgeia.gr/> («UltraClarity»): порталда Грекия ашық үкіметінің барлық құжаттары бар: Diavgeia платформасы арқылы жарияланған барлық құжаттар, Грекия заңнамасы, барлық тендерлер мен сатып алулар және Грекия парламентінің барлық отырыстары.

97. Data.gov.gr (<https://www.data.gov.gr/>) – бұл Грекияның мемлекеттік мекемелерінің, органдарының және субъектілерінің дерекқорларына қолжетімділікті қамтамасыз ететін қоғамдық деректердің орталық анықтамалығы.

98. Geodata.gov.gr (<https://geodata.gov.gr/>) 2010 жылдан бері жұмыс істеп келеді және Грекия үшін ашық геокеңістіктік деректер мен қызметтерді қамтамасыз етеді.

99. Муниципалдық деңгейде кейбір құрылымдар ұқсас платформаларды енгізді: Афина муниципалитеті <https://www.cityofathens.gr/khe>, Салоники муниципалитеті [opendata.thessaloniki.gr](https://opendata.thessaloniki.gr) ашық деректер платформасын басқарады (<https://opendata.thessaloniki.gr/>) және Гортиния муниципалитеті

<sup>299</sup>Президент Жарлығы № 28/2015, № 4622/2019 заң, № 2690/1999 заң, № 3463/2006 заң, № 3852/2010 заң, Лайықты әкімшілік мінез-құлық кодексі (2012), № 4727/2020.

<sup>300</sup>Президент Жарлығы № 105/2018, № 4622/2019 заң, № 4727/2020 заң, № 3861/2010 заң, № 4412/2016 заң.

<sup>301</sup>[СЖҚҰЖ 2018-2021 \(aead.gr\)](https://www.aead.gr/).

<sup>302</sup>Біріктіруге қатысты міндеттемелер ([opengovpartnership.org](https://opengovpartnership.org/)).

<sup>303</sup>[Грекияның цифрлық басқару министрлігі | Цифрлық біліктіліктер мен жұмыс орындары платформасы \(europa.eu\)](https://www.euroopa.eu/)

<sup>304</sup>[Ұлттық транспаренттік органы - HOME \(aead.gr\)](https://www.aead.gr/)

<sup>305</sup>[Грекия омбудсмені \(synigoros.gr\)](https://www.synigoros.gr/).

<sup>306</sup>[ГБМСАО - HOME \(eaadhsy.gr\)](https://www.eaadhsy.gr/).

<sup>307</sup>[АЗАМАТТАРДЫ ІРІКТЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖОҒАРЫ КЕҢЕС \(AIAJKK\)](https://www.aiajkk.gr/).

<sup>308</sup>[Комитеттер- Мәліметтер\(hellenicparliament.gr\)](https://www.hellenicparliament.gr/)

<sup>309</sup>Заң жобасы парламентке ұсынылғанға дейін платформада орналастырылады, онда азаматтар мен ұйымдар өз пікірлерін, ұсыныстарын және/немесе сыни пікірлерін жаза алады.

<sup>310</sup>Азаматтардың, мемлекеттік сектордың және жеке сектордың идеялары мен ұсыныстарын біріктіру.



<http://opendatagortynia.gr/>.

100. Грекиядағы құқықтық, институционалдық және практикалық база жоғары бөлшектену деңгейіне қарамастан басқа елдерге үлгі бола алатын ашықтық деңгейін қамтамасыз етеді.

### **2.5.3. Словения тәжірибесі**

101. Словенияда «Erag» атты арнайы қосымша онлайн режимінде барлығына қолжетімді<sup>311</sup>. Ол екі заңның ережелеріне негізделген: «Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңы<sup>312</sup> және «Адалдық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы» заңы.<sup>313</sup> Бұл қосымша қалың жұртшылыққа мемлекеттік сектор органдарының<sup>314</sup> іскерлік операциялары туралы ақпаратқа оңай қол жеткізуді қамтамасыз етеді және сол органдардың қаржылық операцияларын байланысты компаниялар мен олардың коммерциялық тізіліміндегі жазбаларымен сәйкестендіреді, осылайша мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы байланыстар туралы қосымша түсінік береді. Жақында аталмыш қосымша мемлекеттік сектор органдары алған сыйлықтар, салық борышкерлері, лоббистік байланыстар және кәсіпкерлік қызметті шектеу туралы ақпаратпен толықтырылды. Бұл ақпарат кез келген адам үшін қолжетімді, интернетте орналасқан, тіркелуді қажет етпейді. Supervizor деп аталатын осы қосымшаның ізашары 2011 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының мемлекеттік қызметте елеулі жетістігі үшін сыйлығын алды.

102. Бүгінгі күнге дейін<sup>315</sup> 6472 мемлекеттік мекеме, 640 002 жеке компания мен МК арасында 287 671 040 мәміле тіркелді. Транзакциялар туралы күнделікті мәліметті Словения мемлекеттік басқаруының Е-шот-фактура жүйесі қамтамасыз етеді және деректерді іздеуді<sup>316</sup> екі іздеу параметрі арқылы жүзеге асыруға болады: төлеушінің атауы – мемлекеттік мекеме және компанияның атауы не төлемнің басқа жеке алушысы<sup>317</sup>. Алынған ақпарат арқылы жекелеген мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қаражатты алушылар арасындағы қаржылық қатынастарды тереңірек талдауға мүмкіндік беретін әртүрлі статистикалық операцияларды жүргізуге болады.

### **2.5.4 Қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамаға қатысты ұсынымдар**

103. Кейбір постсоциалистік елдердің тәжірибесі мен озық практикасына, сондай-ақ басқа елдердің жетістіктері мен білімдеріне сүйене отырып, қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнаманы қалай әзірлеу және енгізу керектігі туралы келесі ұсыныстарды жасауға болады:

- a) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығы, егер қажет болса, заңда немесе тіпті конституцияда бекітілуі керек;
- b) егер заңда көрсетілмесе, қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығына қоғамдағы әртүрлі дағдарыстық жағдайлар әсер етпеуі тиіс;
- c) қоғамдық ақпарат – бұл қоғамдық ұйымдар шығаратын, жүргізетін және бөлісетін ақпарат;
- d) мемлекеттік шығындарға қатысты қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуге ерекше көңіл бөлінуі керек;

---

<sup>311</sup><https://erar.si>

<sup>312</sup>Словения Республикасының ресми газеті, № 50/14.

<sup>313</sup>Словения Республикасының ресми газеті, № 158/20.

<sup>314</sup>Мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар.

<sup>315</sup>17 қаңтар, 2022 жыл.

<sup>316</sup>Мәміле тараптары жөнінде негізгі ақпарат алынған соң кеңейтуге болады.

<sup>317</sup>Жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар.

- e) қоғамдық ұйымдар биліктің барлық үш тармағына қатаң түрде сай келетін қоғамдық мекемелер, тәуелсіз қоғамдық институттар және мемлекеттік кәсіпорындар;
- f) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығы, егер заңмен, үшінші тұлғалардың құқықтарымен тыйым салынбаса не шектелмесе, оны қайта пайдалану құқығын қамтиды;
- g) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығы өте сирек жағдайда жалпыға қолжетімді ақпараттың негізгі идеясына қауіп төндірмейтін шектеулі және мұқият іріктеліп алынған себептер негізінде заңмен шектелуі мүмкін;
- h) заңды мүддесін көрсетпей-ақ, кез келген жеке немесе заңды тұлға қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуді сұрау құқығының бенефициары болып табылады;
- i) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуге сұрау салудың дәлелді болуы міндетті емес;
- j) ақпаратты берумен байланысты нақты шығындарды қоспағанда, қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығын жүзеге асыру үшін алымдар алынбауы керек;
- k) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуге сұрау салу жолы қарапайым және жалпыға қолжетімді болуы керек;
- l) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу рәсімі жалпыға қолжетімді, қарапайым, жылдам және мүмкін болса цифрлық болуы керек;
- m) қоғамдық ақпарат иелері өз веб-сайттарында ұйымы мен жұмысына қатысты негізгі ақпаратты орналастыруы керек, барлық құжаттардың жалпыға қолжетімді тізілімін әзірлеуі және жүргізуі қажет, мүмкіндігінше цифрлық түрде;
- n) сұраушыға берілген сұралған ақпараттың форматы мүмкіндігінше сұраушының талабына сәйкес келуі керек;
- o) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы сұрауды қанағаттандыру мерзімдері барынша қысқа болуы керек;
- p) қоғамдық ақпаратты беруден бас тарту себептері шектеулі әрі мұқият іріктелуі керек, осылайша олар қоғамдық ақпараттың жалпы қолжетімділігінің негізгі идеясына қауіп төндірмейді;
- q) қоғамдық ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда сұраушыға оның себептері туралы ақпарат жазбаша түрде берілуге тиіс;
- r) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы өтініші қабылданбаған тұлға бұл шешімге шағымдануға және ақыр соңында сотқа шағымдануға құқылы;
- s) шамадан тыс құпиялылық жүйелері мен жала жапқаны үшін жауапқа тарту қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығын негізсіз шектейді;
- t) мемлекеттік қызметшілерді қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша оқыту және хабардар ету керек;
- u) мемлекеттік ұйымдардағы кейбір лауазымды қызметкерлер қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы сұраулармен жұмыс істеуге маманданған болуы керек;
- v) елдер қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз ететін мамандандырылған және тәуелсіз бақылау органдарын құру мүмкіндігін қарастыруы тиіс;
- w) елдер ашық мемлекеттік деректер порталдарын пайдалануды қарастыруы керек;
- x) адамдардың жеке өміріне қол сұқпау мен басқа да құқықтарын қорғау мен қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу құқығы арасында тиісті теңгерім болуы керек;
- y) қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнаманы қасақана бұзғаны үшін тиімді, пропорционалды және шектеуші санкциялар енгізілуі тиіс.

## **2.6 Он бес постсоциалистік елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы бойынша кейбір қорытындылар**

104. Іріктелген он бес постсоциалистік елдің заңнамалық жағдайын талдау сыбайлас жемқорлықпен күресуде маңызды саналатын (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу/тоқтату туралы арнайы заңдар, мемлекеттік қызметшілердің әртүрлі санаттары үшін мүдделер қақтығысы туралы заңдар, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың әртүрлі санаттарының активтері туралы есеп беру туралы заңдар, заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы заңдар, қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңдар) қажетті заңнаманы әлі қабылдамаған елдердің санаулы екенін көрсетеді.

105. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу немесе тоқтату туралы арнайы заңнамасы жоқ екі ел (Албания, Армения) бар, мүдделер қақтығысы саласында заңнамасы жоқ бір ел (Армения) бар, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың өз активтері туралы есеп беруін қадағалайтын заңнамасы жоқ бір ел (Өзбекстан) бар және заңды тұлғалардың жауапкершілігі туралы заңнамасы жоқ үш ел (Армения, Қазақстан, Тәжікстан) бар. Бұл салаларда арнайы заңнаманың болмауы аталмыш елдердің басқа заңнамалық актілерінде жоғарыдағы тақырыптарға қатысты жеке ережелері жоқ дегенді білдірмейді, бірақ белгілі бір саланы кешенді түрде реттейтін заңнаманың болмауы әдетте қажетті хабардарлықтың/білімнің жоқтығын не саяси еріктің жеткіліксіздігін көрсетеді. Заңды тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты заңнаманың болмауын хабардарлықтың/білімнің жоқтығымен, дәлірек айтсақ, құқық бұзушылық жасағандардың тарихи жолмен қалыптасқан субъективтік жауапкершілігінен туындайтын шатасушылықпен байланыстыруға болады;<sup>318</sup> Заңнаманың басқа түрлерінің болмауы қарастырылып отырған елдердегі үкіметтің саяси ерік-жігерінің болмауымен байланысты болуы мүмкін.

106. Жоғарыда аталған он бес елдің барлығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізетін халықаралық органдардың барлығына мүше емес. Мұндай органдарға мүшелік етпеген жағдайда, әсіресе, бұл органдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, институттар мен тәжірибелерді жіті бақылау үдерістерімен танылған жағдайда, мүше емес елдер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте сапалы серпіліс жасауда едәуір қиындықтар тудырады. Алайда, іріктелген он бес елдің тәжірибесі дәлелдегендей, ұлттық және халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға қатысуға шынайы ерік-жігер болмаған кезде бұл елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардың қарқыны өзгере қоймайды.

107. Еуропадағы ең күшті саяси құрылым ретінде танылған Еуропалық Одаққа мүше болған кейбір елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдары мен жетістіктерінде айтарлықтай өзгерістер байқалмағаны өте өкінішті. Қажетті заңнамалық актілер қабылданды, тиісті институттар құрылды, бірақ іс жүзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы елеулі жүйелік жетістіктер әлі де жоқ.

108. Постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың болуы, сапасы мен саны және оның сыбайлас жемқорлықпен күрестегі тиімділігі арасында тек шектеулі оң байланыс бар сияқты. Барлық он бес елдің заңнамасын талдау нәтижесінде бұл салада елдер арасында айырмашылықтар бар екені белгілі болды, бірақ бұл айырмашылықтар сол елдердегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі, сипаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы практикалық жетістіктеріне қатысты айырмашылықтардан әлдеқайда аз боп шықты. Демек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың болуы, сапасы мен саны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте ұлттық күш-жігердің тиімділігін арттыру үшін сөзсіз қажет болғанымен, бұл айтарлықтай жетістіктерге жету үшін жеткіліксіз деуге болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

<sup>318</sup>Жоғарыда 31 параграфта айтылды.

заңнамаға қарағанда басқа элементтердің болуы әлдеқайда маңыздырақ.

### **3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН АРНАЙЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ БАР БОЛУЫ**

109. БҰҰСЖҚК күшіне енбес бұрын халықаралық құқықтық құжаттар елдерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған институттарды құруды және қолдауды талап еткен жоқ. Керісінше, БҰҰСЖҚК алдын алу (6-бап), құқық қорғау (36-бап) және қаржылық барлау (58-бап) салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған институттар құруды талап етеді. Елдерге бір немесе бірнеше мамандандырылған алдын алу немесе құқық қорғау органдарын таңдауға рұқсат етіледі. Әдетте, жаңадан құрылған елдерге жаңа институттар құру оңайырақ болды, ал дамыған батыс демократиялары қиындыққа тап болды.

110. Қаржылық барлау бөлімшелерінен басқа елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған мекемелердің үш түрі құрылды: алдын алу мекемелері,<sup>319</sup> құқық қорғау мекемелері және біріктірілген мекемелер – олар алдын алу қызметімен және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қызметімен айналысуға уәкілетті.

111. Құқық қорғау өкілеттігі бар институттарды құру кезінде елдердің негізгі критерийлері ағымдағы құқық қорғау органдарына сенім деңгейі мен олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі тиімділігі болды: егер жұмыс істеп тұрған органдар кәсіби түрде әрі лайықты автономиялық деңгейде<sup>320</sup> әрекет етсе, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен күресте жақсы нәтижелерге қол жеткізген болса, олар жаңа агенттіктермен ауыстырылмады. Егер үкіметтер мен азаматтар оларға сенбесе, оларды саяси мақсатта пайдаланған болса не жұмысы тиімсіз болса, бірқатар қиындықтарға қарамастан<sup>321</sup> елдер жаңа институттар құрды.

112. 2003 жылы БҰҰСЖҚК өз күшіне енгеннен кейін Еуропада және бүкіл әлемде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жаңа органдардың жаппай құрылуы басталды. Бірақ талай жылдар өтсе де олардың көпшілігі күтілген нәтижені көрсете алмады. Соның салдарынан әлемде жаңа күшті толқын басталды, бұл сыни пікірлер толқыны еді. Бірқатар егжей-тегжейлі талдаулар жүргізілгенмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы кейбір жаңа органдардың тиімділігі мен басқаларының тиімсіздігінің себептері нақты анықталмады. Қазіргі таңда негізсіз сыни пікірлер тоқтады, енді сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған органдар не себепті тиімсіз түрде жұмыс істегенін анықтауға болады.

113. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған институттар бүгінгі күні көптеген елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты жүйесінің бір бөлігіне айналды әрі сол елдердің институционалдық құрылымында өз орнын тапты. Біраз жылдық тәжірибеге сүйене отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған алдын алу органдарын мойындау<sup>322</sup> мен олардың тиімділігі құқық қорғау органдарының жұмысының тиімділігіне тікелей байланысты деген қорытынды жасауға болады. Мұның екі себебі бар: біріншіден, постсоциалистік елдердің азаматтары негізінен мемлекеттік институттар өз билігін қатаң құқық қорғау шаралары арқылы көрсететініне үйренген, сондықтан жұмсақ алдын алу шараларын тиімді деп есептемейді; екіншіден, егер азаматтар сыбайлас жемқорлығы үшін жазасыз қалу, әсіресе жоғары лауазымды тұлғалардың жазадан құтылуы әлі де кең таралған деп ойласа, олардың алдын алу шараларына деген құрметі мен үлес қосуға деген ынтасы өте төмен болады. Теориялық

<sup>319</sup>Бұған білім беру институттары да кіреді

<sup>320</sup>Бұл негізінен саяси қысым мен басшылық алдында иілмеу мағынасын білдірді.

<sup>321</sup>Елде бюджеттік жүктеменің артуы, жаңа және ескі агенттіктердің бөлінуі, сарапшылардың жеткіліксіздігі, ескі институттар тарапынан қызғаныш, жаңа агенттіктердің конституциялық ұстанымындағы мәселелер.

<sup>322</sup>Халық тарапынан.

тұрғыдан алдын алу және түп тамырымен жою шаралары бірдей маңызға ие болғанмен, іс жүзінде постсоциалистік елдер азаматтары әлі күнге дейін әуелі құқық қорғау органдарының тиімді жұмысына көп үміт артады.

114. Төмендегі 10-кестеде қарастырылып отырған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған мекемелердің құрылған жылы, сондай-ақ мекеменің түрі келтірілген: А (алдын алу үшін), ҚҚ (құқық қорғауды күшейту үшін) немесе Б (біріктірілген). Егер елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған органдарды құруға қатысты бірнеше заңнамалық акті қабылданған болса, арасынан соңғысының не ең маңыздысының<sup>323</sup> құрылған жылы көрсетіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің кейбір аспектілерімен ғана айналысатын арнайы органдар болса, олар да төменде атап өтіледі.

10 Кесте: Кейбір постсоциалистік елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған мекеменің құрылуы және олардың түрлері

<b>АЛБ</b>	<b>АРМ</b>	<b>БжГ</b>	<b>БОЛ</b>
2003 - А <sup>324</sup> , 2019 - ҚҚ <sup>325</sup>	2011 - А <sup>326</sup>	2010 - А <sup>327</sup>	2018 - А <sup>328</sup>
<b>ХОР</b>	<b>ГРУ</b>	<b>ҚАЗ</b>	<b>ЛАТ</b>
2001 - ҚҚ <sup>329</sup> , 2004 - А <sup>330</sup>	2003 - ҚҚ <sup>331</sup> , 2021 - А <sup>332</sup>	2016 - Б <sup>333</sup>	2002 - Б <sup>334</sup>
<b>ЛИТ</b>	<b>ПОЛ</b>	<b>РУМ</b>	<b>СЛО</b>
2001 - Б <sup>335</sup>	2006 - Б <sup>336</sup>	2003 - ҚҚ <sup>337</sup> , 2007 - А <sup>338</sup>	2004 - А <sup>339</sup> , 2011 - ҚҚ <sup>340</sup>
<b>ТӘЖ</b>	<b>УКР</b>	<b>ӨЗБ</b>	
2007 - ҚҚ <sup>341</sup> , 2010 - А <sup>342</sup>	2014 - А <sup>343</sup> , 2016 - ҚҚ <sup>344</sup> , 2018 <sup>345</sup>	2001 - ҚҚ <sup>346</sup> , 2017 - А <sup>347</sup>	

<sup>323</sup>Мақала авторының бағалауы бойынша.

<sup>324</sup>Мүлікті декларациялау және аудиттау және мүдделер қақтығысының жоғары инспекциясы (МДАМҚЖИ).

<sup>325</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы структура

<sup>326</sup>Жоғары лауазымды тұлғалардың этика комиссиясы.

<sup>327</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күресті үйлестіру агенттігі.

<sup>328</sup>Сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеуге қарсы күрес комиссиясы.

<sup>329</sup>Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдастырылған қылмыстың алдын алу басқармасы.

<sup>330</sup>Мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі комиссия.

<sup>331</sup>Заңсыз кірістерді заңдастыру бойынша қылмыстық құдалаудың арнайы қызметі.

<sup>332</sup>Әдеп жөніндегі кеңес.

<sup>333</sup>Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (алдын алу өкілеттіктері) мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ұлттық бюро (құқық қорғау органдарының өкілеттіктері)

<sup>334</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес бюросы (СЖААОҚКБ).

<sup>335</sup>Арнайы тергеу қызметі (АТҚ).

<sup>336</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталық бюро (СЖҚОБ).

<sup>337</sup>Прокуратура қызметінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бөлімі.

<sup>338</sup>Ұлттық тұтастық агенттігі (ҰТА).

<sup>339</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу комиссиясы.

<sup>340</sup>Арнайы мемлекеттік прокуратура.

<sup>341</sup>Мемлекеттік қаржылық бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі.

<sup>342</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеуші кеңесі.

<sup>343</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ұлттық агенттігі (СЖААҰА).

<sup>344</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро (СЖҚҰБ), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы прокуратура(СЖҚАП).

<sup>345</sup>Украинаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары соты.

<sup>346</sup>Бас прокуратураның Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті.

115. 10 кестеге сүйене отырып, келесі фактілерді қорытындылауға болады:

- үш елде (Армения, БжГ, Болгария) сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы алдын алу агенттіктері құрылды, төрт ел (Қазақстан, Латвия, Литва, Польша) сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы біріктірілген агенттіктерді таңдады және сегіз ел (Албания, Хорватия, Грузия, Румыния, Словения, Тәжікстан, Украина, Өзбекстан) алдын алу және құқық қорғау органдарын қатар құрды;

- екі елде (Албания, Украина) сыбайлас жемқорлық істері бойынша арнайы соттар құрылды,<sup>348</sup> сондай-ақ бір елде (Украина) сыбайлас жемқорлыққа қарсы екі түрлі арнайы құқық қорғау органдары бар, бірі - сыбайлас жемқорлықты тергеу үшін СЖҚҰБ және екіншісі сыбайлас жемқорлықты қудалау үшін СЖҚАП;

- төрт елде (Албания, Латвия, Литва, Украина) сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарды тергеуге жауапты сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы құқық қорғау органдары тәуелсіз агенттіктер түрінде құрылды, ал 6 елде (Хорватия, Грузия, Румыния, Словения, Украина, Өзбекстан) сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы құқық қорғау мекемелері әр түрлі деңгейдегі автономиялары бар прокуратура органдарының құрамына кіреді;

- 3 елде (Хорватия, Румыния, Украина) арнайы прокуратура органдарының автономия деңгейі өте жоғары, бұл оларды іс жүзінде тәуелсіз прокуратура институттарына айналдырады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы алдын алу агенттіктерінің сегізі (Армения, БжГ, Болгария, Румыния, Словения, Тәжікстан, Украина, Өзбекстан) бірдей сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсаттарына ие, ал басқалары (Албания, Хорватия, Грузия, Тәжікстан) жемқорлықты алдын алудың белгілі бір элементтері үшін ғана жауапты, мысалы, активтер туралы есептерді жинау, мүдделер қақтығысын шешу немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық саясатты іске асыру.

116. Халықаралық мониторинг органдары да мүше-мемлекеттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттар құру мен олардың жұмысына баға береді. Постсоциалистік он бес елдегі соңғы қорытындылардың кейбірі мынадай:

- **Албанияда** «Мүлікті декларациялау және аудиттау және мүдделер қақтығысының жоғары инспекциясы (МДАМҚЖИ) ЖАФТ пен полиция қызметкерлері тарапынан активтер мен мүдделер туралы декларацияларды қабылдауға және қарауға жауапты. Тиімділікті арттыру үшін аталмыш декларацияларды жариялауға арналған электрондық платформа мүмкіндігінше тез іске қосылуы керек, ал МДАМҚЖИ өзінің бақылау мүмкіндіктері мен рәсімдерін жақсартуы керек. Өз кезегінде, МДАМҚЖИ прокуратураға жіберген істер тиісті түрде қаралуы қажет».<sup>349</sup>

- «**Арменияда** сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірде-бір арнайы құқық қорғау органы жоқ. Тергеу және прокуратура органдарының құрылымдары сыбайлас жемқорлыққа қатысты істер бойынша тергеушілер мен прокурорлардың белгілі бір мамандану деңгейін қамтамасыз етеді. Көбіне тергеушілер мен прокурорлар сыбайлас жемқорлықпен қатар басқа да істермен айналысады. Баяндамада сыбайлас жемқорлық істерімен айналысатын құқық қорғау органдарының нақты тәуелсіздігін қамтамасыз ету керектігі, сыбайлас жемқорлықты тергеу мен қудалау барысында қандай да бір қысым мен негізсіз араласуды болдырмау қажеттігі айтылған».<sup>350</sup>

- «Еурокомиссия **Босния және Герцеговина** бойынша соңғы баяндамасында елде

---

<sup>347</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық ведомствоаралық комиссия.

<sup>348</sup>Албания жағдайында да ұйымдасқан қылмыс үшін.

<sup>349</sup>GRECO, Албанияны бағалаудың бесінші раунды, 2020 жылғы қазан айының бағалау есебі, 4-бет, [GRECO \(coe.int\)](https://www.greco.int/).

<sup>350</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Армениядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 14-бет, 2018, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Армения-4-Раунд-Тексеру-Есен-Шілде-2018-ENG.pdf](https://www.greco.int/~/media/Files/2018/04/2018-ENG.pdf)

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белгілі бір деңгейде дайындық болғанмен, 2014 жылы белгілі бір прогреске қол жеткізгенімен, оның құқықтық және институционалдық базасы әлі де әлсіз және жеткіліксіз деп мәлімдеді».<sup>351</sup>

- «**Болгарияда** Ұлттық Ассамблея 2018 жылы 12 қаңтарда «Сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз алынған мүлікті тәркілеуге қарсы іс-қимыл туралы» Заңды (бұдан әрі – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңы») қабылдады, заң 2018 жылы 23 қаңтарда күшіне енді. Осы заң бойынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірыңғай орган – Сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз алынған мүлікті тәркілеуге қарсы күрес жөніндегі комиссия құрылды, ол Парламент депутаттарын қоса алғанда жоғары лауазымды тұлғалардың заңсыз сатып алған мүліктерін анықтау, активтері туралы декларацияларын тексеру және мүдделер қақтығысын шешу міндеттерін де атқарады».<sup>352</sup>

- «Осы жылдар ішінде мамандандырылған прокуратура қызметі, **Хорватиядағы** Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы (USKOK) және оның полициядағы жақында құрылған әріптесі (PN-USKOK) тергеу және тергеуде сенімді тәжірибе жинады. Бұрын жоғары басшылық қызметтерді атқарған тұлғаларға (соның ішінде бұрынғы премьер-министрге қатысты ұзаққа созылған істер бойынша) қарсы бірнеше айыптау актісімен жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық қудалау. Сол сияқты, профилактикалық жағынан Мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі комиссия Мүдделер қақтығысының алдын алу туралы Заңды қолдауда белсенді рөл атқарды, атап айтқанда жоғары атқарушы функцияларды атқаратын немесе атқарған тұлғаларға қатысты».<sup>353</sup>

- «**Грузияда** сыбайлас жемқорлықты тергеу және қудалау үшін бірнеше арнайы бөлімшелер құрылды, бұл көптен күткен қадам болды. Дегенмен, баяндама бойынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің Қауіпсіздік қызметінің құрамында болуы күмән тудырады. Тергеуді де, қылмыстық қудалауды да прокуратура жүргізетіні күмәнді одан бетер күшейтеді. Тергеушілер мен прокурорларды бір мекемеде ұстау орынсыз уәжделген тергеулер мен әрекетсіздіктен қорғауға бағытталған билікті жүзеге асыруда тежеу мен тепе-теңдікті бұзуы мүмкін. БП Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінің автономиясы да күшейтілуі мүмкін».<sup>354</sup>

- «Алдыңғы мониторинг кезеңінен бері **Қазақстан** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігін бірнеше рет институционалдық жағынан қайта құрды. Соңғы қайта құруда, яғни 2016 жылы ел Мемлекеттік қызмет мәселелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігін құрды, оның құрамында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюро да бар. Ұсынылғандай, Агенттіктің құзыретінеік қызмет мәселелері және сыбайлас жемқорлыққа қармен үйлестіру кіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы органның дербестігін қамтамасыз етуде жетістіктер байқалмады».<sup>355</sup>

- **Латвияда** «2002 жылы Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес бюросының (СЖААОҚКБ) құрылуы әлі күнге дейін сыбайлас жемқорлықпен

---

<sup>351</sup>GRECO, Босния және Герцеговинаны бағалаудың төртінші раунды, 2015 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 8-бет, [Greco Төртінші бағалау есебі \(2015\) 2Е Қорытынды БЖК ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ](#).

<sup>352</sup>GRECO, Болгарияны бағалаудың төртінші раунды, 2019 жылғы желтоқсан айының екінші бағалау есебі, 3-бет, [GRECO \(coe.int\)](#).

<sup>353</sup>GRECO, Хорватияны бағалаудың бесінші раунды, 2019 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 6-бет, [GRECO \(coe.int\)](#).

<sup>354</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Грузиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 10-бет, 2016, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Грузия-4-Раунд-Тексеру-Есен-ENG.pdf](#)

<sup>355</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 4-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Қазақстан-4-Раунд-Тексеру-Есен-ENG.pdf](#)

күрестің маңызды кезеңі ретінде қарастырылады. Содан бері СЖААОҚБ бірқатар реформаларды бастан өткерді және кейде кадрлық әрі қаржылық ресурстардың жеткіліксіздігінен зардап шекті. СЖААОҚБ -нің тәуелсіздігі үнемі алаңдаушылық туғызады».<sup>356</sup>

- **Литвада** «бұл салада көптеген институттар жауапты: Сеймнің (парламент) этикасы мен рәсімі жөніндегі комиссиясы, Судья әдебі және тәртібі жөніндегі комиссиясы, Ұждан соты және Прокурорлардың этикасы жөніндегі комиссияның депутаттардың, судьялардың және прокурорлардың әдебіне қатысты нақты мандаты бар. Басқа мекемелердің, атап айтқанда, Арнайы тергеу қызметі мен Қызметтік этика бойынша бас комиссиясының жалпылама құзыреті бар. Олардың барлығы ақпараттандыруды арттыру және көбіне мүдделер қақтығысы кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелерді сақтау мақсатында тығыз ынтымақтастық орнатуы керек».<sup>357</sup>

- «2006 жылы заң жүзінде құрылған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталық бюро» (СЖҚОБ) **Польшаның** сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталық органы болып табылады. Оның құрамында 880 офицерлер мен қызметкерлер бар. Ол СЖҚОБ туралы заңмен реттеледі, онда СЖҚОБ Үкіметтік Әкімшіліктің кеңсесі болып табылады, ал оның басшысы осы әкімшіліктің орталық органы болып табылады делінген».<sup>358</sup>

- **Румынияда** «мемлекеттік шенеуніктер арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бер-еу және парламентарийлердің адалдығын сақтау үшін қолданылатын механизмдер жылдар бойы жинақталып, жүйесіз заңнамалық база мен нашар тепе-теңдікке әкелді. Соңғы жылдары парламент қылмыстық-құқықтық тетіктерге түзетулер енгізуге, сондай-ақ Ұлттық тұтастық агенттігі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық басқармасы сияқты органдардың беделі мен өкілеттіктеріне нұқсан келтіруге бірнеше рет әрекет жасады».<sup>359</sup>

- **Словенияда** «...жеткілікті қаражат пен саяси қолдаудың жоқтығы 2013<sup>360</sup> жылы СЖААК басшылығына наразылық ретінде отставкаға кетуге әкелді. Содан бері, өкінішке орай, Комиссия бірқатар мәселелерге тап болды, атап айтқанда басшылық пен басқа мекемелер арасындағы шиеленіс, көптеген тәжірибелі қызметкерлердің кетуі және соттардың процессуалды себептерге байланысты істерді тоқтатуы. Бұл халықтың Комиссияға деген сенімінің төмендеуіне және оған түсетін шағымдар санының азаюына әкелді».<sup>361</sup>

- «**Тәжікстанда** сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бірнеше құқық қорғау органдары жауапты, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарды анықтауға және тергеуге жауапты Мемлекеттік қаржылық бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, сондай-ақ прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік, Есірткіге қарсы күрес, Салық және кеден органдары. Мемлекеттік қаржылық бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен талдау жұмыстарын үйлестіруге, ал прокуратура органдары статистикалық мониторинг жүргізуге жауапты. Мемлекеттік

---

<sup>356</sup>GRECO, Латвияны бағалаудың бесінші раунды, 2018 жылғы маусым айының бағалау есебі, 7-бет, [16808cdc91 \(coe.int\)](https://www.coe.int/t/dahj/taar/latvia/2018/latvia_2018_01.pdf).

<sup>357</sup>GRECO, Литваны бағалаудың төртінші раунды, 2014 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 5-бет, [БАҒАЛАУДЫҢ ТӨРТІНШІ РАУНДЫ \(coe.int\)](https://www.coe.int/t/dahj/taar/lithuania/2014/lithuania_2014_01.pdf).

<sup>358</sup>GRECO, Польшаны бағалаудың бесінші раунды, 2018 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 13-бет, [GRECO \(coe.int\)](https://www.coe.int/t/dahj/taar/poland/2018/poland_2018_01.pdf).

<sup>359</sup>GRECO, Румынияны бағалаудың төртінші раунды, 2015 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 8-бет, [Greco Баға IV Есеі \(2015\) 4Е Қорытынды Romania ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ \(2\)](https://www.coe.int/t/dahj/taar/romania/2015/romania_2015_01.pdf).

<sup>360</sup>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу комиссиясы.

<sup>361</sup>GRECO, Словенияны бағалаудың бесінші раунды, 2017 жылғы желтоқсан айының бағалау есебі, 8-бет, [Бағалаудың бесінші раунды \(coe.int\)](https://www.coe.int/t/dahj/taar/slovenia/2017/slovenia_2017_01.pdf).



қаржылық бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі сыбайлас жемқорлыққа қатысты істер бойынша жедел-іздістіру, анықтау және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізетін арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган болып табылады».<sup>362</sup>

- **«Украинада** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қылмыстық әділет органдарының институционалдық ландшафтында түбегейлі өзгерістер болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюросын (СЖҚҰБ) құру аяқталды, ол толыққанды жұмыс істей бастады және аса күрделі тергеулер жүргізе алды. Содан бері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы прокуратура (СЖҚАП) құрылып, ол да толыққанды жұмыс істей бастады. СЖҚҰБ секілді СЖҚҰБ істері бойынша процессуалдық нұсқаулар беріп, соттарға күрделі істерді жіберді. Өкінішке орай, аталмыш істер бойынша әрі қарай жылжу болған жоқ. Алайда осы екі жаңа институт (СЖҚҰБ және СЖҚАП) жоғары лауазымды шенеуніктер мен аса күрделі сыбайлас жемқорлық елдегі құқық қорғау органдарының құзырынан тыс қалмайтынын көрсетті. Олар сондай-ақ Украинаның мемлекеттік басқармасындағы күшті олигархтар мен тамырын жайған жемқор жоғары лауазымды шенеуніктерге біраз үрейлі хабарламалар жіберді. Олардың күрделі сыбайлас жемқорлықты ауыздықтаудағы қайсарлығы мен тәуелсіздікті сақтап қалу әрекеттері белгілі бір дәрежеде теріс реакция тудырды. Оларға жан-жақтан шабуыл жасалуда: бұқаралық ақпарат құралдары мен заңнамалық бастамалар арқылы, басшылығы мен қызметкерлеріне қарсы тергеулер мен қудалаулар арқылы, сондай-ақ олардың жұмысына кедергі жасау үшін қолданылатын басқа да әдістер арқылы. Олардың тәуелсіздігін сақтау үшін әрі жиналып қалған істерді түпкілікті шешу үшін шаралар қабылдау қажет».<sup>363</sup>

- **Өзбекстанда** «есепте экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу міндеті мемлекеттік қауіпсіздік органдарына тапсырылғандығы сынға алынып, мұнда жемқорлық қаупі жоғары болғандықтан органдарды бұл міндеттен босатуды қарастыру ұсынылады. Сондай-ақ тәркіленуге жататын активтерді, оның ішінде шетелдегі активтерді анықтауға, іздеуге, тәркілеуге және басқаруға жауапты органды (бөлімді) құру немесе тағайындау ұсынылады».<sup>364</sup>

117. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жөніндегі халықаралық органдардың қорытындылары мен жалпыға қолжетімді ақпарат негізінде келесі фактілерді атап өткен жөн:

- елдер арасында құрылған, таратылған және қайта құрылымдалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы органдар саны бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар. Он бес елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы институттардың ең маңыздыларын ғана ескере отырып, соңғы 30 жылда бұл елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы мекемелердің келесідей саны құрылғанын көруге болады: Албания – 7, Армения – 4, БжГ – 2, Болгария – 6, Хорватия – 2, Грузия – 6, Қазақстан – 4, Латвия – 2, Литва – 5, Польша – 3, Румыния – 2, Словения – 3, Тәжікстан – 4, Украина – 9, Өзбекстан – 4;

- 1998 және 2018 жылдар аралығында құрылған, кейбірі таратылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы мекемелер саны ең көп ел – Украина;

<sup>362</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Тәжікстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 7-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Тәжікстан-4-Раунд-Тексеру-Есеп-ENG.pdf](#).

<sup>363</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Украинадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 12-бет, 2017, [ЭЫДҰ-СЖҚЖ-Украина-4-Раунд-Есеп-ENG.pdf](#).

<sup>364</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Өзбекстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ыстанбұл іс-шара жоспарының тексеруінің төртінші раунды, 13-бет, 2019, [ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ РЕФОРМАЛАР \(oecd.org\)](#).

- Албаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа агенттік, яғни Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы құрылым (СЖҚАҚ) Ұлттық тергеу бюросынан, арнайы прокуратурадан және сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы арнайы соттан тұрады;

- төрт ел (БжГ, Хорватия, Латвия, Румыния) сыбайлас жемқорлыққа қарсы екі арнайы агенттік құрды, бірақ олардың өкілеттіктері мен практикалық жетістіктерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктерді көптеп құрудың әртүрлі себептері бар, агенттіктердің қызметін жаңа ұлттық жағдайларға бейімдеуден бастап, бұрын құрылған органдарды тарату және жаңаларын құру арқылы олардың тиімділігін төмендетуге дейін;

- әдетте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің саны көп елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарының тиімділігі төмен (Албания, Болгария, Украина) немесе олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі жетістіктері агенттік қызметінің жемісі болып табылмайды (Грузия);

- әдетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің қарапайым құрылымы бар елдер (Хорватия, Латвия, Румыния, Словения) басқаларға қарағанда сыбайлас жемқорлықпен тиімдірек күреседі;

- ЕО-қа мүше постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің әртүрлі құрылымдары ЕО-та мүше-мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы институттық құрылымының сипаты мен құрылымына қатысты біртұтас стандарттың жоқтығын көрсетеді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы органдардың нақты тәуелсіздігін қамтамасыз ету керек және олардың жұмысына ешқандай қысым мен орынсыз араласуды болдырмау керек;

- барлау органдарына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу немесе тоқтатумен айналысуға рұқсат беру күмәнді іс;

- бір органға сыбайлас жемқорлықты тергеуді де, қудалауды да тапсыру бірқатар күрделі құқықтық мәселелерге әкелуі мүмкін;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірнеше арнайы институттары бар елдерде оларды үйлестіру мен ынтымақтастығы мәселесі жиі туындайды;

- әртүрлі елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктер қызметкерлерінің саны жағынан да айтарлықтай ерекшеленеді, бұл елдің аумағы мен агенттіктердің өкілеттіктерін көрсете бермейді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің тиімділігі уақыт өте өзгереді: әдетте, жаңа құрылған уақытында олардың тиімділігі төмен болып, кейін бірте-бірте артады (Хорватия), бірақ жаңадан құрылған агенттіктердің тиімділігі бірнеше жылдан кейін айтарлықтай төмендейтін жағдайлар да бар (Словения);

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың басым көпшілігі халықаралық ұйымдардың тікелей қысымының нәтижесінде құрылды;<sup>365</sup>

- постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің құрылуы мен жұмыс істеуіне қолдау көрсету халықаралық және шетелдік донорлардың сүйікті ісі болып табылады, бұл көбінесе жаңа агенттіктердің қызметін бағалаудың болмауымен қатар жүреді;

- кейбір үкіметтер сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктерді басқа мақсаттарына жету үшін құрғаны анық болды: ЕО-ға кіру (Словения), визасыз режимді алу (БжГ), халықаралық ұйымдардың қысымына жауап беру (Болгария) үшін;

- сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің тиімділігі еліндегі

---

<sup>365</sup>ЕО, Еуропа кеңесі – GRECO, ЭЫДҰ СЖҚЖ.

(Румыния) үкіметтің сипаты мен белсенділігіне аса тәуелді болатын жағдайлар да бар, бұл агенттіктер өз қызметіне өзгерістер енгізе алатындықтан емес, керісінше, үкімет олардың жұмысына объективті түрде кедергі келтіретіндіктен болуда,<sup>366</sup>

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа агенттіктерді құрудағы, әсіресе құқық қорғау саласында жиі кездесетін қателік - елде жаңа агенттіктен басқа сыбайлас жемқорлық мәселелерімен айналысатын басқа мекеменің қажет еместігі туралы пікір болып табылады, бұл институттардың ынтасы мен күш-жігерін әлсіретеді, тиісінше, елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әлсіреуіне әкеледі;<sup>367</sup>

- үкімет өз елінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің жұмысын бәсеңдету үшін қолданатын ең тиімді тетіктерге тиісті заңнамадағы өзгерістер, бюджетке қатысты мәселелер және осы органдардағы жоғары лауазымдарды саяси кадрлармен қамтамасыз ету жатады,<sup>368</sup>

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы агенттіктер де ішкі дауларға тап болуы мүмкін;<sup>369</sup>

- постсоциалистік елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктер тиімді жұмыс істей бастағанда, олардың басышылығы әдетте қатты саяси қысымға ұшырайды;

- саясаткерлер ағымдағы басқару құрылымдарына ықпал ете алмаса, келесілеріне ықпал етудің жолдарын жасайды; сондықтан іріктеу рәсімдерінің дербестігі, бейтараптығы мен сіңірген еңбегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың күш-жігерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде өте маңызды;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктер өз жұмысын бастаған сәттен бастап қауіп-қатерге тап болады;

- постсоциалистік ел азаматтары өз еліндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұтас жүйенің тиімділігін бағалау арқылы жекелеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің тиімділігін бағалайды.

### **3.1 Он бес постсоциалистік елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттар жөнінде кейбір қорытындылар**

118. Қарастырылып отырған он бес постсоциалистік елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар арнайы институттар бар. Олар мандаты, өкілеттігі, көлемі, тәуелсіздігі мен дербестігі деңгейі, ұлттық мемлекеттік органдардың құрылымда алатын орны бойынша айтарлықтай ерекшеленеді.

119. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттарды құру қарқыны, оларға берілген өкілеттіктер, ресурстық әрі кадрлық қамтамасыз ету кезінде жиі кездесетін кедергілер аталмыш елдердің кейбірі ғана сыбайлас жемқорлықпен күресуді шын мәнінде қалайтынын көрсетеді. Көптеген елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттар құру халықаралық ұйымдардың мәжбүрлеуімен не басқа мақсаттарды көздеу себебінен жүзеге асты.

120. Қарастырылып отырған елдердің көпшілігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттардың оқтын-оқтын тиімді жұмыс істеуі сол елдердегі саяси элита үшін күтпеген жағымсыз «тосынсый» болғанын байқауға болады. Әдетте, тосқауыл дереу заңнама деңгейінде жасалды - заңнамаға түзетулер енгізу арқылы; институционалдық деңгейде - қолданыстағы құрылымдарды қайта құрылымдау немесе жаңаларын құру арқылы; практикалық деңгейде – жұмысқа қажетті ресурстарды азайту арқылы;

<sup>366</sup>Заңды кедергілер енгізу, бюджетті қысқарту, тікелей саяси қысым көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарында қаралау науқандарын қолдану арқылы.

<sup>367</sup>Жаңадан құрылған сыбайлғи ең қауіпті сыбайлас жемқорлық істерінің шектеулі санымен ғана айналысады.

<sup>368</sup>Сыбайлас жемқорлықпен күресуге әдейі тәжірибесі жоқ, әлсіз не әрекетке қабілетсіз кандидаттарды тағайындау.

<sup>369</sup>Мысалы, басқарма мүшелері арасындағы төбеас жемқорлыққа қарсы агенттіктер өздерінің мамандануына байланысты әдетте елделес.

осылайша мекемелердің әрі қарай тиімді жұмыс істеуіне шектеу жасалды. Кейбір елдерде үкіметтегі өзгерістер олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттарға деген көзқарасына тікелей әсер етеді.

121. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттарға орынсыз ықпал ету, тіпті бақылау әрекеттерін көптеген елдерде байқауға болады. Егер бұл әрекеттер сәтсіз болса, мекемелерге не олардың басқару құрылымдарына қарсы жала жабу науқаны ұйымдастырылады, бұл олардың «саяси астарлы» әрекеттерін сылтаурату арқылы, не оларды келеке ету арқылы іске асырылады.

122. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттар өз елдерінде қолдау тауып, құрметке ие болған кезде, жалпы жұртшылық олардың өмір сүруіне және тәуелсіздік пен автономияның қажетті деңгейінде жұмыс істеуіне көмектесетін ең күшті одақтасына айналады.

123. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы мекемелердің табысты басшылары мен басқа да өкілдері сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі үшін болашақ қызметінде көбіне жазалаулар мен қиындықтарға тап болады.

124. Сыбайлас жемқорлықпен күресуге шынайы саяси ерік-жігері бар азын-аулақ елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы институттар жемқорлыққа қарсы тиімді күрестің кепілі болып табылады.

### **3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы мекемелердің озық тәжірибелері**

125. Берілген құжаттың басты міндеттерінің бірі - сыбайлас жемқорлықты алдын алудың тиімді жолдарын ұсыну болып табылатындықтан, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу органдарының жұмысында жақсы нәтижені келесі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мекемелері көрсетті: Сербия Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (СЖҚІСА), Словения Республикасындағы Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу комиссиясы (СЖААК) және Украинаның Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ұлттық агенттігі (СЖААҰА). Бұл мекемелердің ең маңызды белгілері төмендегідей:

126. Берілген бөлімде талданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының барлығы заңмен құрылған және олардың барлығы заңды тұлға болып табылады.<sup>370</sup>

127. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу институттарын құратын үш заңның барлығында сыбайлас жемқорлықтың анықтамасы бар екені қызық. Сербия заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық дегеніміз «мемлекеттік лауазым, әлеуметтік мәртебе немесе уәкілеттік өзінің не басқаның жеке бас пайдасы үшін пайдаланылған кезде туындайтын қарым-қатынас».<sup>371</sup> Словения заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлық «мемлекеттік не жеке сектордағы лауазымды тұлғалар мен жауапты тұлғалардың тиісті мінез-құлқының бұзылуы, сондай-ақ мінез-құлықтың бұзылуына түрткі болған адамдардың не уәде етілген, ұсынылған, тікелей не жанама түрде берілген артық пайданы көздеген тұлғалардың іс-әрекеті, өз бас пайдасы үшін не кез келген басқа тұлғаның бас пайдасы үшін талап етілген, қабылданған не күтілетін артық пайда алу әрекеті».<sup>372</sup> Украина заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық дегеніміз «осы Заңның 3-бабының 1-ші тарауында көрсетілген тұлғаның оған берілген лауазымдық уәкілеттіктерін не олармен байланысты мүмкіндіктерін өз бас пайдасы үшін, не басқа

<sup>370</sup>Сербияның Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы Заңы ([Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы Заң – Агенција за спречаванье корупције \(acas.rs\)](#)), Словенияның Адалдық және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы Заңы ([ZIntPK 2011 - ENG za tisk \(kpk-rs.si\)](#)) және Украинаның Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы Заңы ([default.aspx \(coe.int\)](#)).

<sup>371</sup>2/1/1-бабы.

<sup>372</sup>4/1/1-бабы.

біреудің бас пайдасы үшін заңсыз пайда алу мақсатын көздеуі, заңсыз пайда алуы не заңсыз пайда туралы уәдені/ұсынысты қабылдауы, сондай-ақ заңсыз пайданы ағымдағы Заңның 3-бабының 1-ші тарауында көрсетілген тұлғаға уәде ету/ұсыну, беру, немесе аталмыш тұлғаның басқа жеке не заңды тұлғаларды лауазымдық уәкілеттіктерін және оған байланысты мүмкіндіктерін заңсыз пайдалануға итермелеу мақсатында заңсыз пайданы уәде етуі/ұсынуы, беруі».<sup>373</sup>

128. Қарастырылып отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы институттардың құрылымы айтарлықтай ерекшеленеді: Сербияда СЖҚІСА органдары кеңес және директор<sup>374</sup> болып табылады. Словенияда СЖААК-ті төраға мен екі орынбасардан<sup>375</sup> тұратын алқалы орган басқарады. Украинада СЖААҰА-ті басшы<sup>376</sup> басқарады және Қоғамдық кеңес<sup>377</sup> бақылайды.

129. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес институттарының тәуелсіздігі үш заңда да атап көрсетілген. Сербияда СЖҚІСА – Сербия Республикасының Ұлттық Жиналысына есеп беретін «Тәуелсіз мемлекеттік орган».<sup>378</sup> Словенияда СЖААК «Автономды және тәуелсіз мемлекеттік орган»<sup>379</sup> болып табылады, ал Украина Заңында СЖААҰА тәуелсіздігінің кепілдіктерін сипаттайтын тұтас бір бап бар.<sup>380</sup>

130. Үш елдің барлығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы үш органы қаржыландыру тиісті заңдарда жан-жақты түсіндіріледі. Сербияда Агенттіктің жұмысына қажет қаражат Сербия Республикасы Бюджетінің арнайы бөлімінен, сондай-ақ заңнамаға сәйкес басқа да көздерден алынады.<sup>381</sup> Словенияда Комиссияның жұмысына

---

<sup>373</sup>1/1/6-бабы.

<sup>374</sup>8-бап.

<sup>375</sup>7-бап.

<sup>376</sup>5/1-бабы.

<sup>377</sup>14/2-бабы.

<sup>378</sup>3-бап.

<sup>379</sup>5-бап.

<sup>380</sup>9-бап: (1) Ұлттық агенттіктің қызметіне ықпал етуге немесе араласуға тыйым салатын кепілдіктер: (i) Ұлттық агенттіктің ерекше мәртебесі; (ii) Ұлттық агенттік басшысын таңдаудың, тағайындаудың және өкілеттігін тоқтатудың ерекше тәртібі; (iii) Ұлттық агенттікті қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі заңмен белгіленген ерекше тәртіп; (iv) осы Заңда және өзге де заңдарда көрсетілген Ұлттық агенттіктің басшысына, оның орынбасарларына және лауазымды тұлғаларына еңбекақы төлеудің тиісті шарттары; (v) өз қызметінің ашықтығы; б) осы Заңда көрсетілген басқа да тәсілдер. (2) Ұлттық агенттіктің басшысы, басшының орынбасарлары мен аппараттың лауазымды тұлғалары өз міндеттерін атқару кезінде мемлекет атынан әрекет ететін және оның қорғауында болатын мемлекеттік лауазымды тұлғалар болып табылады. (3) Ұлттық агенттікті партиялық, топтық немесе жеке мүдделер үшін пайдалануға жол берілмейді. Ұлттық агенттікте саяси партиялар құруға тыйым салынады. (4) Мемлекеттік органдарға, Қырым Автономиялық Республикасының билік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне, саяси партияларға, бірлестіктерге және басқа да субъектілерге міндетін орындау барысында Ұлттық агенттіктің қызметіне араласуға тыйым салынады. Ұлттық агенттікке немесе оның қызметкерлеріне Украина заңнамасында көрсетілмеген, бірақ Ұлттық агенттіктің өкілеттіктеріне қатысты кез келген жазбаша немесе ауызша нұсқаулар, сұраулар, нұсқаулар және т.б. заңсыз болып табылады және оларды орындауға болмайды. Ұлттық агенттік қызметкері мұндай нұсқауды, сұрау салуды, сенімхатты және т.б. алған жағдайда бұл туралы Ұлттық агенттік басшысына дереу жазбаша түрде хабарлайды. (5) Ұлттық агенттіктің басшысына, басшысының орынбасарына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық туралы күдік туралы хабарламаны тек Украинаның Бас Прокуроры (Бас Прокурордың міндетін атқарушы) немесе Бас Прокурордың орынбасары - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл прокурорының басшысы ғана тапсыра алады. Бас Прокурор, оның орынбасары немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл прокуратурасының басшысы қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік тағылған немесе айып тағылған Ұлттық агенттік басшысын немесе оның орынбасарын қызметінен босату туралы өтінішхат беруге құқылы. (6) Ұлттық агенттік аппаратының басшысы, басшының орынбасары және лауазымды тұлғалары, олардың жақын туыстары мен мүлкі мемлекет қорғауында болады. Ұлттық агенттік басшысы тиісті хабарлама жіберген жағдайда Ұлттық полиция органдары Ұлттық агенттік Басшысының, Басшы орынбасарларының, оның жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мүлкін сақтау үшін қажетті шараларды қабылдайды. (7) Ұлттық агенттік Басшысының, Басшысының орынбасарының немесе лауазымды тұлғасының, оның жақын туыстарының өмірі мен денсаулығына қастандық жасау, олардың мүлкін жою немесе бүлдіру, өлтіремін деп қорқыту, күш қолдану немесе мүлкін жоямын деп қорқыту Заң бойынша жазаланады. (8) Ұлттық агенттіктің басшысы, оның орынбасары Ұлттық полиция тарапынан ұсынылған қорғаныс құралдарын қамтамасыз етуге құқылы.

<sup>381</sup>4 Бап.

қажет қаражат Комиссияның ұсынысы бойынша Словения Республикасының бюджетінен алынады және Комиссия бюджет қаражатын қалай пайдаланатынын өз бетімен шешед.<sup>382</sup> Украинада СЖААҰА-не қаржылық қолдау Украинаның Мемлекеттік бюджетінен жүзеге асырылады. Украинаның Жоғарғы Радасы бекіткен халықаралық шарттарда немесе халықаралық техникалық көмек жобаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, СЖААҰА-ті кез келген басқа көздерден қаржыландыруға тыйым салынады.<sup>383</sup>

131. Қарастырылып отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл институттарының басқару органдарын тағайындау кезінде елеулі айырмашылықтар бар. Сербияда директор Агенттік директорын сайлау жөніндегі Сот академиясының комиссиясы өткізетін арнайы конкурс рәсімі арқылы және Әділет министрлігі жариялайтын жария конкурстың нәтижесінде депутаттардың көпшілік дауысымен Ұлттық жиналыс арқылы сайланады<sup>384</sup>. Словенияда Төраға мен Төрағаның орынбасарларын Словения Республикасының Үкіметі, Словения Республикасының Ұлттық Жиналысы, Сыбайлас жемқорлықтың алдын алумен айналысатын ҮЕҰ, Сот кеңесі және Лауазымды тұлғалар кеңесінің атынан өкілдік жасайтын бес мүшеден тұратын қабылдау комиссиясының іріктеу рәсімінен кейін Республика Президенті тағайындайды.<sup>385</sup> Украинада СЖААҰА басшысы Украинаның Министрлер Кабинеті тағайындайтын үш адамнан және Украинаға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күресте халықаралық техникалық көмек көрсеткен халықаралық донорлардың ұсыныстары негізінде Украина Министрлер Кабинеті тағайындайтын тағы үш адамнан тұратын Ұлттық агенттік басшысын таңдау жөніндегі конкурстық комиссия жүзеге асыратын ашық конкурстық іріктеуден кейін тағайындалады<sup>386</sup>.

132. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мекемелерінің басшыларын жұмыстан шығару себептері барлық елдерде бірдей. Сербияда директор саяси партияның және/немесе саяси ұйымның мүшесі болған жағдайда, егер ол қылмыстық құқық бұзушылық үшін кемінде алты ай мерзімге бас бостандығынан айырылса, егер оны жазаланатын қылмысы үшін мемлекеттік қызметке лайықсыз деп таныса, немесе сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заңнаманы бұзғаны анықталса қызметінен босатылуы мүмкін<sup>387</sup>. Словенияда төраға мен тең төрағалар өз қызметтерінен босатуды сұраған жағдайда; заңды күшіне енген үкім нәтижесінде кінәлі деп танылса және бас бостандығынан айыруға сотталса; егер өз қызметінің міндеттерін атқару мүмкіндігін біржола жоғалтса; және қандай да бір қосымша жұмыстарды немесе функцияларды орындауын тоқтатпаса қызметінен босатылуы мүмкін<sup>388</sup>. Украинада СЖААҰА-нің басшысы қызметінен босатылады: егер оның келісімімен басқа лауазымға тағайындалса не сайланса; 65 жасқа толса; денсаулық сақтау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті орталық атқарушы орган құратын дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша өз міндеттерін атқара алмаса; оны әрекетке қабілетсіз деп тану немесе азаматтық әрекет қабілеттілігін шектеу жөніндегі, хабар-ошарсыз кетті немесе қайтыс болды деп тану жөніндегі сот шешімі заңды күшіне енсе; оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енсе; Украина азаматтығын жоғалтса немесе Украина шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетсе; өз

---

<sup>382</sup>6 Бап.

<sup>383</sup>17/1 Бабы.

<sup>384</sup>11, 12 және 13 Баптар.

<sup>385</sup>9 Бап.

<sup>386</sup>6 Бап.

<sup>387</sup>16 Бап.

<sup>388</sup>22/1 Бабы.

қалауы бойынша жұмыстан босатуды сұраса, отставкаға кетсе және қайтыс болса<sup>389</sup>.

133. Қарастырылып отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы институттар бірқатар ұқсастықтарға ие болғанымен, олардың құзыреттері айтарлықтай ерекшеленеді:

Сербияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі:

- стратегиялық құжаттардың орындалуын қадағалайды, Ұлттық Жиналысқа аталмыш құжаттардың орындалуы туралы есеп береді әрі өз ұсынымдарын ұсынады, жауапты тұлғаларға стратегиялық құжаттарды іске асырудағы кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар береді және стратегиялық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастау болады;

- жалпы заңдарды қабылдайды;

- заң бұзушылықтардың бар-жоғын анықтау үшін іс қозғайды және жүргізеді, соған сәйкес қолданылатын шараларды жариялайды;

- мүдделер қақтығысының орын алғандығы туралы шешім қабылдайды;

- саяси қызметті қаржыландыру мәселелерін реттейтін заңнамаға және/немесе лоббилікті реттейтін заңнамаға сәйкес тапсырмаларды орындайды; қылмыстық айыптар тағады, әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін іс қозғауға және тәртіптік іс қозғауға өтініш береді;

- заңға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің тізілімін және мемлекеттік қызметкерлердің мүлкі мен кірістерінің тізілімін жүргізеді, жариялайды;

- мемлекеттік лауазымды тұлғалар өткізген активтер мен кірістер туралы есептерді тексереді;

- заңда көрсетілген жазба деректерін жүргізеді және тексереді;

- жеке және заңды тұлғалардың шағымдары бойынша жұмыс істейді;

- өз бастамасы бойынша немесе жеке не заңды тұлғалардың өтініші бойынша Заң қолданысы туралы ұсыныстар береді және Заңды жүзеге асыруда маңызды рөл ойнайды;

- нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға немесе өзгертуге бастамашылық жасайды, сыбайлас жемқорлықтың қаупі жоғары салаларға арналған заң жобалары қаншалықты жемқорлыққа бейім екендігін бағалайды және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен күресу саласындағы ратификацияланған халықаралық шарттарда қамтылған мәселелерді реттейтін заң жобаларын қорытындылайды;

- сыбайлас жемқорлықтың жай-күйін зерттейді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдайды және оларды жою бойынша ұсыныстары көрсетілген есептер дайындайды;

- тұтастық жоспарларының қабылдануы мен орындалуын қадағалайды;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша оқыту бағдарламасы мен нұсқауларды қабылдайды және мемлекеттік органдарда оқытудың жүзеге асырылуын бақылайды;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша халықаралық ынтымақтастыққа байланысты тапсырмаларды орындайды;

- заңда көрсетілген басқа да тапсырмаларды орындайды.<sup>390</sup>

Словенияда Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу комиссиясы келесі міндеттерді орындайды:

- адалдық пен оқыту бағдарламаларын нығайту үшін сараптамалық негіз дайындау;

- адалдық жоспарларына жауапты тұлғаларды оқытуды қамтамасыз ету;

- тең құқықты мемлекеттік-құқықтық ұйымдардың немесе олардың бірлестіктерінің өкілдерімен бірлесе отырып, тұтастық жоспарларының үлгілерін

---

<sup>389</sup>5/5 Бабы.

<sup>390</sup>6 Бап.

дайындау;

- мемлекеттік және жеке сектордағы адалдықты нығайту мен сыбайлас жемқорлық қатерлерін болдырмау және жою бойынша кеңестер беру;

- Словения Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған міндеттерді әзірлеу және орындау бойынша деректерді бақылау және талдау;

- халықаралық сыбайлас жемқорлық саласындағы істердің жай-күйін бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ Словения Республикасындағы сыбайлас жемқорлық элементтері бар қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны мен көріністері туралы деректерді бақылау және талдау;

- лоббиге байланысты тапсырмаларды орындау;

- заңның мазмұнына байланысты мәселелер бойынша қағидатты пікірлер, ұстанымдар, ұсыныстар, түсініктемелер қабылдау;

- Словения Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды реттейтін резолюцияның орындалуын қамтамасыз ету;

- Словения Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерін реттейтін резолюцияға түзетулерді әзірлеу және оларды Үкіметте талқылауды ұсыну, қабылдау үшін кейін үкімет оларды Ұлттық Жиналыстың қарауына жібереді;

- Словения Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша резолюцияны іске асыруға қатысты резолюцияда көрсетілген жекелеген уәкілетті органдардың іс-шаралар жоспарларына келісім беру;

- Словения Республикасындағы құзыретті органдарды сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қатысты халықаралық құжаттарда көрсетілген міндеттемелерді орындауға шақыру және осы міндеттемелерді жүзеге асыру жолдарына қатысты ұсыныстар беру;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде құзыретті мемлекеттік органдармен ынтымақтасу;

- алдыңғы абзацта көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылауға және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсыну;

- заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жөніндегі ұсыныстарды Үкіметтің талқылауына жібермей тұрып оларға пікір білдіру, әсіресе, осы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер ұсыныстарындағы ережелердің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне қатысты пікір беру; мүдделер қақтығысының алдын алу және жою;

- өз міндеттері мен өкілеттіктеріне сәйкес заң не басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау арқылы белгілі бір саланы реттеу бойынша Ұлттық Жиналыс пен үкіметке бастамалар ұсыну;

- басқа елдердің тиісті органдарымен және халықаралық құрылымдармен, сыбайлас жемқорлықтың алдын алумен айналысатын халықаралық коммерциялық емес жеке сектор ұйымдарымен ынтымақтасу;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда ғылыми, кәсіби, БАҚ және жеке сектордың коммерциялық емес ұйымдарымен ынтымақтасу;

- мінез-құлық кодексі үшін бастапқы пункттерді дайындау;

- кәсіби әдебиеттерді басып шығару;

- төлемді алғаннан кейін жеке сектор пайдаланушылары үшін адалдық жоспарларын құру мен әзірлеуге, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын дайындауға байланысты сараптамалық тапсырмаларды орындау;

- заңнамаға сәйкес есеп жүргізуге;

- заңнамада және басқа да заңдарда белгіленген өзге де міндеттерді орындау.<sup>391</sup>

---

<sup>391</sup>12-бап.



Украинада сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ұлттық агенттігі келесі құзыреттерге ие:

- Украинаның сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы тұру жағдайын, мемлекеттік органдардың жұмысын, Қырым Автономиялық Республикасы органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру жөніндегі қызметін талдау;

- сыбайлас жемқорлық туралы статистикалық мәліметтерді, зерттеу нәтижелерін және басқа да ақпаратты талдау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны және оны іске асырудың Мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру тиімділігін үйлестіру мен бағалауды мониторингілеу;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі ұлттық баяндама жобасын заңда белгіленген тәртіп бойынша әзірлеу және үкіметке ұсыну;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеу және іске асыру, осы мәселелер бойынша құқықтық актілерді әзірлеу;

- сыбайлас жемқорлық жағдайын талдау мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

- мінез-құлық әдептілігі жөніндегі заңның сақталуын қадағалау және бақылау, мемлекеттік не жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті тұлғалар мен оларға теңестірілген адамдардың қызметі барысында мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу;

- мемлекеттік органдардың, Қырым Автономиялық Республикасының билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты қатерлерін анықтауда әдістемелік көмек көрсету және үйлестіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларды дайындау мен іске асыруды қоса алғанда жоғарыда аталған қатерлерді жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;

- мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті тұлғалардың декларацияларын заң бойынша бақылау және тексеру, осындай декларацияларды сақтау және жария ету, мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті адамдардың өмір салтын бақылау;

- саяси партияларды қаржыландырудың құқықтық шектеулерінің сақталуын, саяси партиялардың жарғылық қызметін қаржыландыруға мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттың заңды және мақсатты пайдаланылуын заңда көрсетілген тәртіп бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; партиялардың мүлік, кірістер, шығыстар мен қаржылық міндеттемелер туралы есептерінің, мемлекеттік және жергілікті сайлаулар барысында сайлау қаражатының бөлінуі мен пайдаланылуы туралы есептердің, бүкіл украиналық референдумның бастамасы бойынша үгіт-насихатқа жұмсалатын қаражаттың түсуі мен пайдаланылуы туралы есептердің, бүкіл украиналық референдум қорының қаражатының түсуі мен пайдаланылуы туралы есептердің, бастамашыл топтың қаражатын алу және пайдалану туралы есептердің уақытылы тапсырылуын заңда көрсетілген тәртіп бойынша қадағалау; есептердің толықтығын, партиялардың қаржылық қызметін тәуелсіз сыртқы бақылаудың есебін, оларды тіркеудің белгіленген талаптармен сәйкестігін, осы есептердегі ақпараттың дұрыстығын қадағалау (заңға сәйкес өзгерістер);

- саяси партиялардың жарғылық қызметін қаржыландыруға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражатты заңнамаға сәйкес бөлуді бекіту;

- құқық бұзушылықтар туралы бірыңғай хабарламалар порталын, мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын орындауға уәкілетті

тұлғалардың декларацияларының бірыңғай мемлекеттік тізілімін және сыбайлас жемқорлыққа барған немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімін тиісті түрде жүргізуді қамтамасыз ету;

- құзыреті шегінде әдістемелік қамтамасыз етуді үйлестіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен анықтау бойынша уәкілетті бөлімшелердің (уәкілетті тұлғалардың) тиімділігіне талдау жүргізу;

- мемлекеттік органдардың, Қырым Автономиялық Республикасындағы билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларын бекіту, заңды тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасының үлгілік нысанын әзірлеу;

- хабарламаларды қабылдау және қарау, заң бұзушылықтар туралы хабар берушілермен ынтымақтасу, олардың құқықтық және басқа тұрғыда да қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заң бұзушылықтар жайлы хабарлаушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманың сақталуын тексеру, заң бұзушылықтар жайлы хабарлаушылардың еңбек тәртібінің (жұмыстан босату, ауыстыру, аттестаттау, еңбек жағдайларын өзгерту, жоғары лауазымға тағайындаудан бас тарту, жалақысын төмендету және т.б.) және басқа да құқықтарының бұзылуына жол бермеу, және осындай хабарламаларға байланысты хабарлаушылардың құқықтарын бұзатын кінәлі адамдарды жауапқа тарту;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, Қырым Автономиялық Республикасының мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлерін оқыту, қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

- мінез-құлық этикасы жөніндегі заңнаманы жүзеге асыру бойынша түсіндірме, нұсқау және консультация беру, мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдардың қызметі барысында мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, осы заңның өзге де ережелерін және оны іске асыру үшін қабылданған нормативтік құқықтық актілерді қолдану, хабар берушілерді қорғау;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша Ұлттық агенттік қабылдап жатқан шаралар туралы халықты хабардар ету, халықта сыбайлас жемқорлыққа қатысты теріс пікір қалыптастыруға бағытталған шараларды іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруға, іске асыруға және мониторингілеуге қоғамды тарту;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысты халықаралық міндеттемелердің орындалуын үйлестіру, өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен, шет мемлекеттердің үкіметтік емес ұйымдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

- шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен және халықаралық ұйымдармен ақпарат алмасу;

- заңда көзделген өзге де өкілеттіктер.<sup>392</sup>

134. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары өз құзыреттерін тиімді іске асыру мақсатында әртүрлі өкілеттіктерге ие:

- Сербияда СЖҚІСА келесі өкілеттіктерге ие:<sup>393</sup>

- банктер мен өзге де қаржы ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік өкілеттіктерді жүзеге асыратын басқа да тұлғалардың және өзге де заңды тұлғалардың электрондық деректер базасына тікелей қол жеткізе алады;

- банктер мен басқа да қаржылық ұйымдардан мемлекеттік қызметкерлердің

---

<sup>392</sup>11-бап.

<sup>393</sup>36 және 37-баптар.

шоттары туралы мәліметтерді ала алады;

- жеке тұлғаларды (мемлекеттік лауазымды тұлғаларды, қызметкерлерді және мемлекеттік органның міндеттерін орындауға шақырылған адамдарды, сондай-ақ басқа да адамдарды) шақыра алады.

Словенияда СЖААК келесі өкілеттіктерге ие:

- сыбайлас жемқорлық, мүдделер қақтығысы туралы ережелерді бұзу, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудағы шектеулерді бұзу, лоббистік қызметті реттеуді бұзу, жеке немесе жүйелі сыбайлас жемқорлық қатерлерін бағалау мен жоюға байланысты іс жүргізу, мемлекеттік сектордың этикасы мен тұтастығын бұзу бойынша түскен арыздар бойынша іс қозғауға;

- нақты іс бойынша түбегейлі қорытынды немесе тұжырымдар қабылдау, дей тұра комиссияның түбегейлі қорытындылары мен тұжырымдары заңды немесе жеке тұлғаны қылмыстық, ұсақ құқық бұзушылық, өтемақы, тәртіптік немесе өзге де жауапкершілікке тарту деген сөзді білдірмейді және әкімшілік шешім түрінде қабылданбайды. Егер комиссияның қорытындылары нақты әрі айқын жеке не заңды тұлғаға қатысты болған жағдайда, комиссия өз қорытындысын жарияламай тұрып тиісті тұлғаға жібереді, ол өз кезегінде қорытындыда көрсетілген мәлімдемелер бойынша өз ескертулерін ұсынады;

- мемлекеттік қызметкерлерді қызметке тағайындау және қызметтен босату жөніндегі уәкілетті органға оларды қызметтен босату туралы ұсыныс жібереді және тиісінше халықты хабардар етеді;

- мемлекеттік органдардан (Мемлекеттік Прокурордан, Сот Кеңесінен, Әділет Министрінен, тексеруші органдардан және т.б.) қадағалауды талап етеді;

- мемлекеттік шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтардың енгізілуін және орындалуын бақылау;

- мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және мемлекеттік билікті жүзеге асырушылардан, сондай-ақ мемлекеттік немесе жеке құқыққа бағынатын кез келген заңды тұлғалардан ақпарат пен құжаттарды сұрату және алу;<sup>394</sup>

- құзырлы құқық қорғау және қадағалау органдарынан, оның ішінде ақшаны жылыстатудың алдын алуға жауапты органнан өз өкілеттіктері шегінде Словения Республикасы мен одан тыс жерлерде активтер мен мүлікке қатысты фактілерді анықтауды және өз қорытындыларын комиссияға ұсынуды сұрау;

- лауазымды тұлғалардан және мемлекеттік өкілеттік берілген ұйымдардың басшыларынан немесе жауапты адамдарынан комиссия отырысына қатысуға және Комиссияның сұрақтарына жауап беруге өтініш жасау;

- сыртқы сараптаманың қорытындысын алу.<sup>395</sup>

Украинада СЖААҰА келесі өкілеттіктерге ие:

- мемлекеттік органдардан, Қырым Автономиялық Республикасының билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, меншік түріне қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілерден және олардың лауазымды адамдарынан, азаматтар мен олардың бірлестіктерінен өз міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты белгіленген тәртіп бойынша жазбаша сұрау арқылы заңда көзделген тәртіппен алуға;

- иесі (әкімшісі) мемлекеттік органдар не жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып табылатын қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа, ақпараттық және телекоммуникациялық-анықтамалық жүйелерге, тізілімдерге, деректер банктеріне

---

<sup>394</sup>Бұл адвокаттың, дәрігердің, әлеуметтік қызметкердің, психологтың немесе діни қызметкердің келісілген құпия жұмысы барысында немесе заң бойынша құпия қызметі барысында алған деректерді қорғауға міндетті кез келген басқа тұлғаның деректеріне қатысты қолданылмайды.

<sup>395</sup>13-16 баптар.

тікелей автоматтандырылған қолжетімділікке ие болуға;

- үкіметті, оның ішінде мемлекетті, байланыс құралдарын, арнайы байланыс желілерін және басқа да техникалық құралдарды пайдалануға;

- шет мемлекеттердің ашық дерекқорларынан, реестрлерінен, оның ішінде ақпаратқа қол жеткізу үшін алым талап етілсе, тиісті ақпарат үшін төлем жасағаннан кейін оны алуға;

- белгіленген тәртіп бойынша ғалымдарды, сондай-ақ келісімшарт негізінде мемлекеттік органдардың, Қырым Автономиялық Республикасы билігінің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлерін белгілі бір қызметке тартуға, жекелеген мәселелерді зерттеуге жұмылдыруға;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес мәселелері бойынша комиссиялар мен жұмыс топтарын құруға, конференциялар, семинарлар мен кеңестер ұйымдастыруға;

- құзыретіне кіретін мәселелер бойынша міндетті құқықтық актілерді қабылдауға;

- жеке және заңды тұлғалардан заң бұзушылықтар туралы арыздарды қабылдауға, өз бастамасы бойынша заңды бұзудың ықтимал фактілеріне тексеріс жүргізуге;

- мемлекеттік органдардың, Қырым Автономиялық Республикасының билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекетке жұмыс істейтін заңды тұлғалар мен Заңның 62-бабының екінші тарауында көрсетілген заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен анықтау бойынша жұмысты қалай ұйымдастырғанына тексерулер жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларды дайындау және жүзеге асыру, ықтимал сыбайлас жемқорлық пен оған байланысты құқық бұзушылықтар, басқа да заң бұзушылықтар туралы хабарлаудың ішкі және тұрақты арналарының жұмысын қадағалау, хабар таратушыларды қорғау мәселелері бойынша;

- заңда көрсетілген этикалық мінез-құлық талаптарын бұзғаны үшін ұйғарым шығару, заңда белгіленген өзге де талаптар мен шектеулерді қоса алғанда, мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу, құқық бұзушылықтар туралы хабар таратушыларды қорғау;

- мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын орындауға уәкілетті адамдардан, меншік түріне қарамастан кәсіпкерлік субъектілерден, олардың лауазымды адамдарынан, азаматтардан және олардың бірлестіктерінен мінез-құлық этикасының бұзылуын көрсете алатын мән-жайлар туралы жазбаша түсініктемелер алуға, мүдделер қақтығысын болдырмауға және реттеуге; мемлекеттік функцияларды немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін жүзеге асыруға уәкілетті тұлғалардың декларацияларында көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына қатысты заңда қамтылған өзге де талаптар мен шектеулерді орындауға;

- мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті адамдардан, оларға теңестірілген адамдардан, қоғамдық құқық бойынша заңды тұлғалардың қызметкерлерінен және осы Заңның 62-бабының екінші тармағында көрсетілген заңды тұлғалардан заң бұзушылықтар туралы хабарлаушыларды қорғау туралы заңның бұзылғанын растайтын мән-жайлар бойынша жазбаша түсініктемелер алуға;

- заңда белгіленген талаптар мен шектеулерді бұза отырып шығарылған (қабылданған) құқықтық актілер мен жеке шешімдерді заңсыз деп тану үшін, сыбайлас жемқорлық не оған байланысты құқық бұзушылық жасау нәтижесінде жасалған шарттарды жарамсыз деп тану үшін сотқа қуыным (арыздар) беруге;

- негізсіз баюдан алынған мүлік және оны мемлекетке қайтару туралы талаппен сотқа жүгінуге;

- мемлекеттік органдар қызметінде сыбайлас жемқорлық қатерін бағалау әдістемесін бекітуге, мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларына талдау жүргізуге және осындай бағдарламаларға ұсыныстарды қарауды міндетті етуге;

- қызметтік тергеу-тексеруді бастауға, сыбайлас жемқорлық пен оған байланысты құқық бұзушылықтарға кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуға байланысты шаралар қабылдауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы арнайы уәкілетті субъектілерге осындай құқық бұзушылықтарды дәлелдейтін дереккөздерін жіберуге;

- ұлттық агенттіктің құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға, заңда белгіленген шараларды қолдануға, әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етуге;

- заңда көрсетілген өзге де құқықтар.<sup>396</sup>

135. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметін реттейтін заңнаманы бұзу түрлі салдарлар мен санкцияларға алып келеді:

- Сербияда активтер туралы есеп бермеу немесе активтер туралы жалған ақпарат беру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады және алты айдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады<sup>397</sup>. Заңға қатысты барлық басқа бұзушылықтар теріс қылық ретінде жазаланады, бұл ретте мемлекеттік қызметшілерге<sup>398</sup>, мемлекеттік органдардағы жауапты тұлғаларға<sup>399</sup>, заңды<sup>400</sup> және жеке тұлғаларға,<sup>401</sup>

- Әртүрлі санкциялар қолданылады, Словенияда<sup>402</sup> Сербиядағы сияқты ережелер қолданылады, алайда екі ерекшелігі бар: қылмыстық құқық бұзушылықтар қарастырылмаған және теріс қылық жасаушылардың қосымша тобы қосылған, олар - мүдделі топтар;<sup>403</sup>

- Украинада заңды бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылатын екі тарау бар. Біріншісі, «сыбайлас жемқорлық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік»<sup>404</sup>, ол қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және тәртіптік жауапкершілікке тартуды, сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық нәтижесінде мемлекетке келтірілген залалдар мен шығындарды өтеуді, заңсыз әрекеттер мен мәмілелердің күшін жоюды, жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалдар мен шығындарды өтеп, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруді және заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеуді қарастырады. Екіншісінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар реттеледі<sup>405</sup>.

136. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес институттары тәуелсіз болуына қарамастан, өз жұмысы үшін есеп береді. Сондықтан Сербия мен Словенияда олар Ұлттық ассамблеяға<sup>406</sup> жыл сайынғы есептерді тапсыруы керек. Ал Украинада<sup>407</sup> Есеп палатасы екі жыл сайын агенттіктің шығыстарына тексеріс жүргізеді, ал Ұлттық агенттіктің қызметіне азаматтық бақылауды Комиссияның Қоғамдық кеңесі жүргізеді, оны сайыс негізінде он бес адамды іріктеу арқылы үкімет мүшелері құрады. Сонымен қатар, Ұлттық агенттік қызметінің тиімділігін тәуелсіз бағалау жөніндегі комиссия әр екі

---

<sup>396</sup>12 бап.

<sup>397</sup>101 және 102 Баптар.

<sup>398</sup>103 Бап.

<sup>399</sup>104 Бап.

<sup>400</sup>105 Бап.

<sup>401</sup>106 Бап.

<sup>402</sup>77-79 Баптар.

<sup>403</sup>Лоббистік топтар.

<sup>404</sup>65-1 мен 69 аралығындағы Баптар.

<sup>405</sup>13-А Тарауы.

<sup>406</sup>Сербиядағыдай (39-бапқа сәйкес) және Словениядағыдай (19-21 баптарға сәйкес)

<sup>407</sup>14 Бап.

жыл сайын СЖААҰА қызметінің тиімділігін тәуелсіз бағалайды, аталмыш комиссия сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күресте халықаралық техникалық көмек көрсеткен донорлардың ұсыныстары негізінде үкімет тарапынан тағайындалатын үш адамнан тұрады.

### **3.3 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелер бойынша ұсынымдар**

137. Кейбір постсоциалистік елдердің практикасы мен озық тәжірибесіне, сондай-ақ басқа елдердің дамуы мен алған біліміне сүйене отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелерінің жұмысын тиімді реттеу бойынша келесі ұсыныстарды беруге болады:

a) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің аса маңызды серіктестері халық, азаматтық қоғам ұйымдары және халықаралық ұйымдар болып табылады;

b) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелер SWOT-талдауды қоса алғанда, мұқият зерттеуден кейін ғана құрылуы тиіс;

c) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің жұмыс істеуінің орнықтылығы олардың табысқа жетуінің аса маңызды кілті болып табылады;<sup>408</sup>

d) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелер<sup>409</sup> заңдық күші аз актілермен емес, заңмен, мәселен, үкіметтің қаулысымен құрылуы және реттелуі керек;

e) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің құқықтық субъектілігі болуы тиіс;

f) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің құрылымы тиімділіктің барынша жоғары деңгейіне және жауапкершілікті нақты бөлуге кепілдік беретіндей етіп көзделуге тиіс;

g) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің тәуелсіздігі немесе, кем дегенде, абсолюттік іс-әрекет еркіндігі қамтамасыз етілуге тиіс;

h) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелер өздерінің қаржылық жоспарларын дербес әзірлеуге<sup>410</sup> және оларды дербес жүзеге асыруға тиіс;

i) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің басшыларын іріктеу және тағайындау әр түрлі жолмен, бірақ қызметкерлерді жалдаудағы шешуші рөл елдің саяси жүйесінің өкілдеріне емес, сарапшыларға тиесілі деген қағидаға сәйкес ұйымдастырылуы мүмкін;<sup>411</sup>

j) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің басшыларын жұмыстан шығарудың себептері елдегі кәсіби судьяларды жұмыстан шығару үшін қолданылатын тұжырымдамаға сәйкес шектелуі керек;

k) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің басшылары және осы мекемелердің өздері кез келген заңсыз араласудан

<sup>408</sup>Елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйесінде өзгерістер жиі болмауы керек.

<sup>409</sup>Кейбір елдерде олар Конституцияда бекітілген.

<sup>410</sup>Әдетте, қаржылық бюджеттерді Парламент бекітеді, ал сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі мамандандырылған мекемелер тек жоспарын жасай алады, оны бекіте алмайды.

<sup>411</sup>Персоналды іріктеу жөніндегі комиссияларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес немесе азаматтық қоғамды қоса алғанда, мемлекеттік және жеке меншік секторлардағы адал қызмет жөніндегі сарапшылар саяси жүйе өкілдеріне қарағанда көбірек дауысқа ие болуға тиіс. Тек осы іріктеу комиссиялары таңдаған кандидаттардың арасынан түпкілікті тағайындау үкіметтің, парламенттің немесе президенттің өкілеттіктеріне сәйкес жүзеге асырыла алады.

және жала жабудан қорғалуы тиіс;

l) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған алдын алу мекемелерінің құзыреттері қандай да бір түсініспеушіліктерге немесе қателерге жол бермей және басқа мекемелермен құзыреттердің қайталануына жол бермей, тұтастай және нақты түрде құрылуы тиіс;

m) кез келген жағдайларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған алдын алу мекемелері уәкілетті болуға, өз елдері азаматтарының сыбайлас жемқорлық мінез-құлқы туралы өз пікірін жария түрде мәлімдеуге қабілетті және дайын болуға тиіс;

n) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған алдын алу мекемелері олардың рөлі мен мақсаттарына қарай әртүрлі өкілеттіктерге ие болуы мүмкін, алайда, кем дегенде, олардың жұмысына қажетті кез келген құжаттаманы сұрату және алу, сондай-ақ жеке тұлғаларды шақыру және олардан жауап алу өкілеттіктері болуы тиіс;

o) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған алдын алу мекемелерінің құзыретіне жататын санкциялар тиімді, мөлшерлес және тежеуші болуға тиіс;

p) өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған алдын алу мекемелері өздерінің құзыретіне жататын құқық бұзушылықтары үшін санкцияларды тікелей қолдануға құқылы болуы тиіс;

q) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған алдын алу мекемелерінің жауапкершілігі мен есептілігі басқа мемлекеттік органдардың олардың тәуелсіздігі мен жұмыс істеуіне араласу мүмкіндігін көздемеуге тиіс;

r) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің немесе олардың басқару құрылымдарының жұмысын қадағалайтын өкілдіктер олардың қызметті теріс мақсатта пайдалануына және лайықсыз ықпал етуіне жол бермеуі тиіс;

s) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мамандандырылған мекемелердің басқару құрылымдарына қатысты жауап шаралар тыйым салынуға және қатаң жазалануға тиіс;

t) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған мекемелер алдын-алу және тоқтату өкілеттіктеріне ие болған кезде, жоғарыда келтірілген ұсыныстар осы мекемелерге де қатысты болады.

### **3.4 Жекелеген постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы тәжірибелік жетістіктер**

138. Әлемнің кез келген елінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалау өте қиын және әртүрлі елдердің осы саладағы тиімділігін салыстыру одан да қиын. Көптеген зерттеулер нақты проблеманың деңгейін өлшемей, оны қоғам қалай қабылдайтынына негізделу аталған қиындықтарға қосымша қабатын қосады. Осы фактілерге қарамастан, кем дегенде, елдердегі сыбайлас жемқорлық жағдайын түсінуге мүмкіндік беретін, бірақ кейде әртүрлі өлшемдерді қолдану арқылы жасалған зерттеулер мен талдаулар бар.

138. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мониторингілейтін халықаралық органдар да құрамына кіретін мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлық саласындағы ахуалды бағалайды. Он бес постсоциалистік елдердің соңғы нәтижелерінің кейбірі төменде берілген:

- «**Албаниядағы** сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары болып қала беруде жалпы сыбайлас жемқорлық қоғамдық және іскерлік өмірдің көптеген салаларында кең таралған және әлі күнге дейін алаңдаушылық тудырады. Бұл қоғамның мемлекеттік

мекемелер мен саяси өмірге деген сеніміне сын-қатер туғазады. Кейбір жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталды (оның ішінде судьялар, прокурорлар және Әділет департаментінің бұрынғы бас хатшысы). Алайда, қарсы іс-шараларды қамтамасыз ету әлі де күшейтуді қажет етеді. Қоғамның жүйеге деген сенімін арттыра алатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тарихында «Жетістікке жеткен жағдай» жоқ».<sup>412</sup>

- «**Арменияда** халықаралық рейтингтер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы көрсеткіштер соңғы мониторингімен раундымен салыстырғанда шамалы өзгерістерді көрсетеді... Көрсеткіштердің төмендеуі басқарушы саяси партияның атқарушы, заң шығарушы және сот билігін шоғырландыруының салдарынан жүйелі сыбайлас жемқорлықтың күшеюінің, сондай-ақ үкіметтің жоғары деңгейдегі қызмет бабын теріс пайдалануды жоюға құлықсыздығы туралы жинақталған дәлелдемелердің «нәтижесі» болып табылады».<sup>413</sup>

- «Сыбайлас жемқорлық **Босния мен Герцеговинадағы** ең өзекті мәселе болып қала беруде. Халықаралық қоғамдастық Дейтон бейбіт келісімін тиімді жүзеге асырудың негізгі элементі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нормативтік негізін басым деп таныды. Халықаралық қауымдастық кете бастағаннан бері реформалардың қарқыны мен ауқымы баяулады, ал шетелде де, ішкі деңгейде де ұсынылған реформалар толығымен жаны жоқ болып қалғанына байланысты қатты сын айтылуда. Transparency International Жаһандық сыбайлас жемқорлық барометрінің соңғы қол жетімді есебінің нәтижелері (2013) Transparency International жүргізген сауалнама сұмдық көрініс беретінін көрсетті».<sup>414</sup>

- «2007 жылы Еуропалық Одаққа (ЕО) қосылған **Болгария** саяси таптың көпшілігінің қарсылығына қарамастан бірлестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын орындауға тырысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдар тиісті дәрежеде, оның ішінде жоғары мәртебелі істерде сақталмайды, бұл жазасыздық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Ел әлі күнге дейін ЕО-ның ынтымақтастық және тексеру тетігі тарапынан ұзақ мерзімді бақылауға ұшырауда, оның жыл сайынғы есептері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жаңа заңнамалық іс-шараларды қолдануға шақырады.

- 2018 жылдың қаңтар айында парламент президенттік ветоны жеңіп, бірнеше қолданыстағы органдарды алмастыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталықтандырылған комиссия құрған заң қабылдады. Комиссияның жетістіктері бүгінгі күнге дейін түсініксіз; 2018 жылдың соңында қосымша кеңейтілген құзыреттердің болуына қарамастан, оның кейбір негізгі істері сотта тоқтатылды, ал сарапшылар ұйымның кейбір әрекеттері саяси негізделген деп алаңдаушылық білдіреді. Осы уақытқа дейін үкіметтің ықыласына ие болған олигархтардың қатысуымен болған сыбайлас жемқорлық жанжалдары үкіметке қарсы жаппай наразылықтарға ықпал етті, олардың қатысушылары бас прокурордың заңсыз мүдделерде қызмет еткені үшін отставкаға кетуін талап етті».<sup>415</sup>

- **Хорватияда** «2013 жылдан бері қолданылып келе жатқан қылмыстық кодексте сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі нысандары үшін қатаң жазалар қарастырылған. Белгілі

---

<sup>412</sup>GRECO, Албанияны бағалаудың бесінші раунды, 2020 жылғы қазан айындағы бағалау туралы есеп, 6 бет, [GRECO \(coe.int\)](https://www.greco.int/).

<sup>413</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Армениядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары мониторингінің 4-ші раунды, 20-21 беттер, 2018 жыл, [OECD-ACN-Armenia-4th-Round-Monitoring-Report-July-2018-ENG.pdf](https://www.oecd-ilibrary.org/monitoring/oeecd-acn-armenia-4th-round-monitoring-report-july-2018-eng_95491222.pdf).

<sup>414</sup>GRECO, Босния және Герцеговинаның төртінші бағалау раунды, 2015 жылғы желтоқсандағы бағалау туралы есеп, 8-9 беттер, [Greco Eval IV Rep \(2015\) 2E Final BiH PUBLIC](https://www.greco.int/eval/eval-iv-rep-2015-2e-final-bih-public).

<sup>415</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Болгария, [Bulgaria: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](https://www.freedomhouse.org/country/bulgaria/freedom-in-the-world-2021-country-report).



бір жетістіктерге қарамастан, ресми сыбайлас жемқорлық, оның ішінде непотизм, парақорлық, бухгалтерлік есептілікті қасақана бұрмалау және қорғаншылық маңызды мәселе болып қала беруде. Соңғы жылдары үкіметтің немқұрайлығы және Хорватияның ең ірі жұмыс берушісі AGROKOR-дың банкротқа ұшырауы секілді жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлық туралы көптеген істер қозғалды, бірақ көбінің шешімі әлі шыққан жоқ. Еуропалық комиссия сыбайлас жемқорлықты елдің басты проблемасы ретінде атап өтті және жергілікті ҰЕҰ бұл мәселе 2013 жылы бірлестікке қосылғаннан бері іс жүзінде нашарлағанын атап өтті».<sup>416</sup>

- **«Грузияда»** ұсақ сыбайлас жемқорлық азайғанымен, үкімет ішіндегі сыбайлас жемқорлық сақталып келеді. Кейбір жағдайларда, бұл мемлекеттік органдарда жұмысқа қабылдау және сатып алу кезінде непотизм немесе кронизм түрінде болған деп айтылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар мен нормативтік актілердің тиімді қолданылуына құқық қорғау органдары мен сот органдары арасында тәуелсіздіктің болмауы кедергі келтіреді, ал «Грузин арманы» саяси партиясының басшылығымен жақсы қарым-қатынаста болған жоғары лауазымды шенеуніктерге қарсы қозғалған істердің сәттілігі сирек кездеседі».<sup>417</sup>

- **Қазақстанда** «сыбайлас жемқорлық мемлекеттік қызметтің барлық деңгейлерінде кең таралған. Сыбайлас жемқорлық бойынша істер көбінесе жергілікті және аймақтық деңгейде қозғалады, бірақ саяси және бизнес элитаның жоғары лауазымды өкілдеріне тағылған айыптар сирек кездеседі және әдетте адам басшылыққа жарамсыз болғаннан кейін ғана пайда болады. Журналистер, белсенділер және оппозиция қайраткерлері жиі қаржылық қылмыстар жасады деген айыппен қудаланады. Президент Тоқаев, оның алдындағы мемлекет басшысы секілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығын атап өтті. 2020 жылдың қыркүйек айында үкімет шенеуніктер мен олардың отбасы мүшелеріне шетелде банк шоттарын жүргізуге тыйым салды».<sup>418</sup> Қазан айында жаңа қабылданған заң мемлекеттік қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне өз жұмысы үшін сыйлық, материалдық сыйақы немесе қызмет алуға тыйым салу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған».<sup>419</sup>

- **«Латвияда»** сыбайлас жемқорлықтың болжамды деңгейі төмендеп бара жатқан көрініске қарамастан, бұқаралық ақпарат құралдары, азаматтық қоғам және комментаторлар сыбайлас жемқорлық жанжалдарын ашуды жалғастыруда. ...Үкімет үшін жүргізілген сауалнамалар қоғамның сыбайлас жемқорлықты бұрынғыға қарағанда қазір кішірек проблема ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Алайда, Латвия әлі де кең ауқымды сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейіне және «мемлекетті басып алу» дәлелдеріне тап болып отыр, бұл туралы жақында кейбір парламентшілер мәлімдеді. 2-кезең бойынша есепте айтылғандай (9-тармақ) Латвияның Үкіметіне, Парламентіне және саяси партияларына қоғамның сенім деңгейі төмен болды. Қоғамның бұл институттарға деген сенімі 2018 жылы төмендей берді. ЭЫДҰ-ның 2019 жылғы Латвияның экономикалық жағдайына жасаған талдауы сот билігінің тәуелсіздігіне және оның экономикалық және басқа да қылмыстармен күресу қабілетіне деген сенімнің төмен деңгейде екенін көрсетті. Сонымен қатар, кейбір дереккөздерге сәйкес, оның ішінде ЭЫДҰ-ның 2019 жылғы сауалнамасы бойынша, Латвияда жұмыс істейтін

---

<sup>416</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Хорватия, [Croatia: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](#).

<sup>417</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Грузия, [Georgia: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](#).

<sup>418</sup>Заң 2020 жылдың желтоқсанында қабылданды, алайда мемлекеттік қызметшілердің жанұя мүшелеріне шетелде банк шоттарына иеленуге тыйым салынбаған.

<sup>419</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Қазақстан, [Kazakhstan: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](#).

кәсіпорындар үшін сыбайлас жемқорлық проблема болып табылады: пара беру талаптары кең таралған, ал мемлекеттік қызметкерлер мен кәсіпорындар арасындағы тығыз байланыс және компаниялардың этикалық емес мінез-құлқы да елдегі қолайсыз бәсекелестік жағдай болып саналады».<sup>420</sup>

- **«Литвада»** сыбайлас жемқорлық проблема болып қала беруде және кейбір салалар, соның ішінде денсаулық сақтау және құрылыс, лауазымдық қылмыстарға бейім деп саналады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар белсенді жұмыс істеп жатқан кезде, әдетте, саяси сыбайлас жемқорлық туралы істерді тергеуде және қудалауда айтарлықтай кідірістер болады. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған ақпарат берушілер мен журналистерді қорғау заңды түрде кепілдендірілген, дегенмен мұндай кепілдіктер жергілікті деңгейде сақтала бермейді».<sup>421</sup>

- **«Польшада»** «PiS» саяси партиясы билікке келіп, сыбайлас жемқорлықты, непотизмді және кронизмді жоюға уәде берді. Поляктар 2016 жылдан бастап сыбайлас жемқорлық деңгейінің тұрақты төмендеуін атап отырса да, Польшаның бұрынғы үкіметтері кезінде проблема болған кронизм PiS дәуірінде де кең тараған секілді. Билікке келген сәттен бастап PiS үкіметі партиялық бейілділік пен жеке байланыстар негізінде қызметке тағайындауға мүмкіндік бере отырып, мемлекеттік мекемелерге жұмысқа қабылдаудың көптеген критерийлерін өзгертті немесе жойды. Бұрын болған бірнеше жанжалдан кейін, 2020 жылдың қыркүйегінде PiS мемлекеттік ұйымдарға кейбір тұлғаларды, соның ішінде Президенттің ағасы мен министрдің әйелін, тағайындағаны үшін сынға алынды. Дегенмен соңғы тағайындау жүзеге асырылмады.

Өткен жылдары Жоғары аудит кеңесі (ЖАК), мемлекеттік қадағалау органы PiS-тің мемлекеттік қаражатты мақсатсыз пайдалануы туралы алаңдаушылық білдірді, кейде партияны мұқият тексерілген қаражатты қайырымдылыққа беру сияқты шара қабылдауға шақырды. 2019 жылы PiS парламенттік көпшілігі қаржы министрін ЖАК-тың жаңа төрағасы етіп тағайындады. Ол мүлік туралы декларацияларындағы бұзушылықтарға және қылмыстық топпен байланысы туралы болжамға байланысты өзіне бірден назар аударды, содан кейін премьер-министрдің оның отставкаға кетуіне шақыруынан бас тартып, ақы төленбейтін демалысқа кетті».<sup>422</sup>

- **Румынияда»** «сыбайлас жемқорлық, парақорлық және билікті теріс мақсатта пайдаланудың жоғары деңгейі сақталуда. Румыния сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жан-жақты жоспарын қолдайды, дегенмен Еуропалық алаяқтыққа қарсы бюро (OLAF) 2020 жылдың қыркүйегінде жарияланған есепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар жоғары деңгейдегі істерді тергеу кезінде қысымға тап болғанын атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық басқарма (DNA) сыбайлас жемқорлық туралы істерді әділ тергегені және ықпалды тұлғаларға қатысты үкім шығарғаны үшін халықаралық мақтауға ие болды. Алайда, 2018 жылы DNA басшысы Лаура Кодруца Кёвешидің отставкаға шығарылуы оның тәуелсіздігіне соққы ретінде қарастырылды. Кёвеши 2019 жылы Еуропалық Парламент тарапынан Еуропалық прокуратураның басшысы ретінде бекітілді, дегенмен Румыния үкіметі оның кандидатурасына қарсы шықты. 2020 жылдың мамыр айында Кёвеши DNA-дан жұмыстан босатылуы бойынша адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың шешімін жеңіп алды».<sup>423</sup>

---

<sup>420</sup>ЭЫДҰ-ның парақорлықпен күрес жөніндегі жұмыс тобы: ЭЫДҰ-ның парақорлықпен күрес туралы Конвенциясын іске асыру, 3 кезең бойынша есеп – Латвия, 2019 жыл, 8-9 беттер, [OECD-Latvia-Phase-3-Report-ENG.pdf](#).

<sup>421</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Литва, [Lithuania: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](#).

<sup>422</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Польша, [Poland: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](#).

<sup>423</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Румыния, [Romania: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](#).

- «**Словениядағы** сыбайлас жемқорлық ең алдымен мемлекеттік шенеуніктер мен жеке бизнес арасындағы мүдделер қақтығысы түрінде көрініс табады. 2020 жылдың маусымында Ұлттық ассамблея көптеген жылдардағы сәтсіз әрекетінен кейін өзінің этика кодексін қабылдады. Қазан айында парламент сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заңның ауқымды түрде қайта қаралуын мақұлдады, бұл рәсімдердің ашықтығын арттыруға бағытталған САК-тың бақылау рөлін кеңейтті және көптеген шенеуніктерді активтері туралы есеп беруге міндеттеді.

Ақпарат берушілерді қорғау сыбайлас жемқорлыққа қарсы және басқа заңдармен реттелгенімен, ҰЕҰ оларды жақсы қорғау үшін бірнеше рет жан-жақты жеке заңнаманы қабылдауға шақырды.

2020 жылы денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық пен бұзушылықтар, әсіресе жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) және жасанды желдету аппараттарын сатып алу жанжалына байланысты жанжалдар қоғамның назарында болды, бұл бірнеше жоғары лауазымды тұлғаларға қатысты бірқатар тергеудің қозғалуына әкелді. Осы мәселе бойынша ақпарат беруші 2020 жылдың қазан айында жұмыстан босатылды, бұл үкіметтің жазасы ретінде көрініс тапты, алайда ол жұмыстан босатылуына шағымданады. Есеп палатасының кең көлемді тергеуі жалғасуда, оның барысында 2020 жылы кем дегенде 13 келісім-шартта қылмыстық әрекеттер жасады деген күдік анықталды».<sup>424</sup>

- «ТІ сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне сәйкес **Тәжікстан** аймақтағы ең жемқор елдердің бірі болып қалуда. Бұл индекс 2016 жылға дейін жағдайдың аздап, бірақ тұрақты жақсарғанын және 2016 жылы біршама нашарлағанын көрсетеді. Үнемі жүргізіліп жатқан ұлттық сауалнамаларға сәйкес, адамдар сыбайлас жемқорлықты кедейлік, жұмыссыздық, бағаның өсуі және азық-түлік тапшылығынан кейінгі елдегі келесі маңызды мәселе деп санайды. Мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында көптеген шешілмеген проблемалар қалып отыр. Олар саясаттандыру, мемлекеттік қызметтің әлсіздігі мен биліктің жеткілікті ашық болмауынан бастап құқық қорғау органдарының сыбайлас жемқорлықпен күресі әдістерінің ескіргеніне дейін сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейіне алып келеді.

Егер ел басшылығы шын мәнінде сыбайлас жемқорлықпен күрескісі келсе, ол жоспарларды әзірлеу, тексеру жүргізу мен сұраныс жасаудың ресми тәсілінен бас тартып, ең алдымен құқық қорғау органдары, сот, денсаулық сақтау, білім беру, жерді пайдалану, мемлекеттік сатып алу және салық сияқты жоғары тәуекелі бар саладағы сыбайлас жемқорлықтың жүйелі түрде алдын алу бойынша нақты жобаларды іс жүзінде іске асыруы қажет. Мұндай жобалар тиісті билік органдарының басшылары саяси ерік-жігер мен оларды жүзеге асырудағы жеке көшбасшылықты көрсеткен жағдайда ғана сәтті бола алады».<sup>425</sup>

- **Украинада** «сыбайлас жемқорлық маңызды мәселе болып қалуда, тіпті азаматтық қоғамның қатты қысымына қарамастан, онымен күресуге деген саяси талпыныс күн сайын әлсіреп келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар бірнеше рет басқа мемлекеттік құрылымдармен және сайланған лауазымды тұлғалармен саяси қақтығыстарға түсті. 2020 жылдың қыркүйек айында Конституциялық сот билеуші партия құрған белгілі сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікті конституциялық емес деп таныды және агенттік бастаған көптеген тергеулерді тоқтатты. Агенттік бірнеше судьяларға

---

<sup>424</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Словения, [Slovenia: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](#).

<sup>425</sup>Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Тәжікстандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ыстамбұл іс-қимыл жоспары мониторингінің 4-раунды, 13-бет, 2017 жыл, [OECD-ACN-Tajikistan-Round-4-Monitoring-Report-ENG.pdf](#).

қатысты тергеу жүргізіп жатты. 2019 жылдың қыркүйегінде құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Жоғарғы Сот 2020 жылы 16 жоғары лауазымды тұлғаны айыптады».

- **Өзбекстанда** сыбайлас жемқорлық кең таралған. Төменгі және орта деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер арасындағы парақорлық пен жемқорлық қалыпты жағдай болып қалуда және кейде ашық түрде, ешқандай айла-амалсыз жасалады. Алайда, соңғы жылдары бейнебақылау жүйелері мен жол камералары орнатылған пилоттық бағдарламалардың арқасында жол полициясы қызметкерлері мен жеке басты куәландыратын құжаттарды беретін және тіркейтін лауазымды адамдар арасындағы ұсақ сыбайлас жемқорлықтың ауқымы айтарлықтай азайды.

Президент Мирзиеев сыбайласқан қауіпсіздік қызметтері мен құқық қорғау органдарының тазартылуын қадағалады.

Бұрынғы президент Каримов қайтыс болғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықты талқылау біртіндеп кеңейе түсті, бірақ кейбір жағдайларда оған қатысқан журналистер мен комментаторлар қысымға ұшырады. 2020 жылдың тамыз айында Сенат бес түрлі аймақтағы денсаулық сақтау саласының лауазымды тұлғалары COVID-19 төтенше қорларын иемденген болуы мүмкін деп мойындады».<sup>426</sup>

140. Сыбайлас жемқорлық саласындағы ахуал, сонымен қатар, үкіметтің құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне қысым көрсетуімен сипатталады. Осы саладағы жағдайдың одан әрі нашарлауына және сот билігі мен прокуратураның тәуелсіздігіне қол сұғуға жол бермеу мақсатында GRECO төрт «арнайы рәсімдерді» өткізді. Аталған рәсімдер әдетте GRECO институционалды реформа, заңнамалық бастама немесе мүше мемлекеттегі рәсімдік өзгерістер Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының елеулі бұзылуына әкелуі мүмкін екендігі туралы сенімді ақпарат алған жағдайда қолданылады.<sup>427</sup> Аталған төрт рәсімнің үшеуі осы құжатта талданған постсоциалистік елдерге қатысты жүргізілді: 2018 жылы сот билігінің тәуелсіздігіне қатысты туындаған тәуекелдерге байланысты Польшаға<sup>428</sup>, 2018 жылы судьялар мен прокурорлардың тәуелсіздігіне қатысты туындаған тәуекелдерге байланысты Румынияға<sup>429</sup> және 2020 жылы судьялар мен прокурорлардың тәуелсіздігіне қатысты туындаған тәуекелдерге байланысты Словенияға.<sup>430</sup>

### **3.5 Он бес постсоциалистік елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы тәжірибелік жетістіктер туралы кейбір тұжырымдар**

141. Жоғарыда аталған халықаралық мониторингтік органдардың баяндамаларының үзінділеріне, жоғарыдағы 8 және 10-тармақтардың статистикалық деректері бар кестелерге және көпшілікке қолжетімді деректерге сүйене отырып, он бес постсоциалистік елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шарасы өте табысты деп сипаттау қиын.

142. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы бұл «сәтсіздік» осы елдердің азаматтарының олардың үкіметтерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне ғана емес, сонымен бірге олардың жалпы жұмысына деген сенімін тікелей төмендетеді, бұл көптеген елдерде әр сайлаудан кейін саяси жағдайдың өзгеруіне әсер етеді. Кейде халықтың көңілі қалуы үкіметке қарсы жаппай наразылықтар мен азаматтық

<sup>426</sup>Freedom House, Әлемдегі бостандық 2021, Өзбекстан, [Uzbekistan: Freedom in the World 2021 Country Report | Freedom House](#).

<sup>427</sup>[Арнайы рәсімдер \(34 ереже\) \(coe.int\)](#).

<sup>428</sup>[168079c83c \(coe.int\)](#).

<sup>429</sup>[34 ереже есебі \(coe.int\)](#).

<sup>430</sup>[GRECO \(coe.int\)](#).

толқулардың басқа түрлеріне әкеліп соғады.<sup>431</sup>

143. Көптеген елдерде билеуші саяси партиялар келесі сайлауда жеңілмеуге тырысады. Бұл елдегі күш тепе-теңдігін нығайту мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес арқылы емес, атқарушы, заң шығарушы және сот билігін өз пайдасына шоғырландыру, жоғары деңгейдегі қызмет бабын теріс мақсатта пайдалану мен тамыр-таныстық арқылы жаппай тағайындауларды тоқтатуды қаламауы жүзінде көрініс табады. Бұл жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлыққа тікелей ықпал етеді және сыбайлас жемқорлықтың жалпы жағдайының нашарлауына әкеледі.<sup>432</sup>

144. Елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің көптеген жетістіктері халықаралық қысымның нәтижесі болып табылады. Мұндай қысым көптеген үкіметтердің қасақана кедергілеріне байланысты <sup>433</sup> көбінесе жағдайдың айтарлықтай және тұрақты жақсаруына әкеле бермейді.<sup>434</sup>

145. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттері жалпы деңгейде сәтті саналатын елдер де сыбайлас жемқорлықтың нақты салаларында проблемаларға тап болады, кейде тіпті тиімді заңнамалық, институционалдық және практикалық жетістіктерді жоққа шығарады, бұл әдетте халықтың сенімі деңгейінің күрт төмендеуіне әкеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа<sup>435</sup> қарсы уәделері арқылы билікке келген саясаткерлердің орындалмаған уәделері көптеген елдердегі сыбайлас жемқорлық жағдайын нашарлататын тағы бір маңызды фактор болып табылады.<sup>436</sup>

146. Құқық қорғау және сот органдарының тәуелсіздік деңгейі төмен болуы, жоғары лауазымды тұлғаларға қатысты істердің қозғалмауы, ақпарат берушілерді қорғаудың мүмкінсіздігі және тәуелсіз БАҚ-қа қысым жасау көптеген елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті өте қиын, мүмкін емес міндетке айналдыратын қосымша факторлар болып табылады.<sup>437</sup>

147. Кейбір елдерде сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресетін қызметкерлер мен белсенділерге қарсы шаралар қолданылады. Бұл<sup>438</sup> елдегі болып жатқан және жаңа сыбайлас жемқорлыққа қарсы реакцияның әлсіреуіне әкеледі.

148. Көбінесе құқық қорғау органдарының әрекетсіздігімен қатар<sup>439</sup> Covid-19 пандемиясынан туындаған қиын жағдайларды<sup>440</sup> бірқатар елдерде олардың жоғары лауазымды тұлғалары қосымша байлыққа ие болу үшін қолданған.<sup>441</sup>

149. Он бес постсоциалистік елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелік жетістіктері, олардың қарқыны және ұлттық үкіметтен тыс немесе дәлірек айтқанда ұлттық саясаттан тыс басқа да ерекшеліктері үшін ең төменгі ортақ белгіні анықтау өте қиын. Бұл қалыпты жағдай болып көрінгенімен, елдегі барлық маңызды саяси шешімдерді, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті әрдайым үкімет қабылдайды; халықаралық қоғамдастықтың көптеген іс-шаралары мен инвестициялары, «қатаң» шарттылығы мен «қамшы және пірәндік» тәсілін қолдануы осы үкіметтерге осындай шектеулі әсер еткені және әлі де әсер етіп келе жатқаны таңқаларлық. Тіпті олардың «шынайы» саяси құлшыныстары мен уәделері тек басты саяси мақсатқа жету

---

<sup>431</sup> Болгария, Румыния, Словения және т. б.

<sup>432</sup> Мысалы, Армения, Польша және Словения.

<sup>433</sup> Қажетті заңнама заңнан туындайтын актілермен бұзылуы үшін ғана қабылданады.

<sup>434</sup> Мысалы, Босния мен Герцеговина және Украина.

<sup>435</sup> Хорватия, Латвия, Литва, Румыния, Словения, Украина.

<sup>436</sup> Мысалы, Украина.

<sup>437</sup> Грузия, Қазақстан, Латвия, Украина.

<sup>438</sup> Румыния, Словения.

<sup>439</sup> Өз азаматтарының денсаулығы мен өмірін қорғаумен айналысады.

<sup>440</sup> Медициналық құралдар мен жеке қорғану құралдарын сатып алуға және елдің экономикалық өрлеуін қамтамасыз етуге шұғыл қажеттіліктер.

<sup>441</sup> Словения, Өзбекстан.

үшін, яғни халық үшін шын мәнінде жақсы өзгерістер жасау үшін емес, келесі сайлауда жеңіске жету мақсатында қолданылады.

150. Жоғарыда аталғандардың бәріне қарамастан, объективті және ұзақ мерзімді келешекте елдер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткізеді. Алайда, осы жетістіктердің қарқыны және ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттағы көптеген бетбұрыстар постсоциалистік елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды жеделдету және олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тағы не істеу керек немесе басқаша не істеу керек екенін қосымша және мұқият талқылауды қажет етеді.

### **3.6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттыру**

151. Кейбір елдердің тәжірибесіне, әзірлемелеріне және біліміне негізделі отырып, жоғарыдағы бөлімдерде сипатталған неғұрлым нақты ұсынымдарға қосымша, постсоциалистік елдерді қоса алғанда, кез келген елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық іс-шаралардың тиімділігін барынша арттыру туралы мынадай негізгі идеяларды тұжырымдауға болады:

- a) елде адал өмір сүру мен адал жұмыс істеу кемшілік емес, абырой ретінде қабылданатын ортаны құру қажет;
- b) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмауға үкіметтің іс жүзінде шынайы ынтасы болуы тиіс;
- c) үкімет сыбайлас жемқорлықпен күреске қажетті құқықтық, институционалдық және тәжірибелік жүйені әзірлеуге, қолдауға және қорғауға жауапты болады;
- d) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оны болдырмау арасында тиісті теңгерім болуы тиіс;
- e) саяси көшбасшылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін қажетті ұлттық құқықтық, институционалдық және тәжірибелік жүйені дамытып, қолдап, қорғап қана қоймай, өздерінің кәсіби және жеке өмірінде адалдықтың үлгісі болуға тиіс;
- f) мемлекеттік лауазымды адамдардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқықтары олардың ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекетін болдырмау үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты шектелуге тиіс;
- g) барлық елдердің ұлттық құқықтық жүйелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ратификацияланған халықаралық құқықтық құжаттарға бейімделуі тиіс;
- h) сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық бақылау ұйымдарының ұсынымдары белгіленген мерзімде орындалуы тиіс;
- i) халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық құжаттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық бақылау ұйымдары талап ететін құқықтық базадағы өзгерістер «өтемақылық» шаралармен бұзылмауға тиіс<sup>442</sup>;
- j) саяси партиялар мен сайлау науқандарын қаржыландыру заңмен реттелуі, ашық және бейтарап бақылануы керек;
- k) елдегі мамандандырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы және басқа да осындай ұйымдар<sup>443</sup> кез келген тиісті ықпалдан еркін болуға және өз құзыретіне тиісті өкілеттіктер мен ресурстарға ие болуға тиіс, ал олардың шешімдері мен тұжырымдары мұқият және уақтылы орындалуға тиіс;
- l) адалдық балабақшалардан бастап барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларына енгізілуі керек;

<sup>442</sup>Халықаралық талаптарды бейтараптандыруға бағытталған шаралар.

<sup>443</sup>Құқық қорғау органдары, соттар, аудиторлық соттар, омбудсмендер және т. б.

- m) саяси лауазымдарды қоспағанда, басқарудың барлық деңгейінде қызметке қабылдау және лауазымын жоғарылату тек атқарған еңбек өлшеміне негізделуі керек;
- n) мемлекеттік мекемелердің жұмыс істеуі халық үшін барынша ашық болуға тиіс;
- o) бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы іс жүзінде кепілдендірілуі тиіс;
- p) мемлекеттік сектордағы адал жұмыс істеу талаптарынан кез келген ауытқу тиісті саяси, еңбек және тәртіптік салдарға әкелуі тиіс;
- q) сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің кез келген нысаны мен деңгейі тиімді, мөлшерлес және тежеуші санкциялармен жазалануға тиіс;
- r) ешқандай жазасыздық болмауы керек;
- s) ақпараттандыру оң әлеуметтік функция деп танылуы, қолдау көрсетілуі және қорғалуы керек;
- t) сыбайлас жемқорлық құрбандары келтірілген залал үшін қолдау мен өтемақы алуы тиіс;
- u) үкімет, жеке сектор және азаматтық қоғам ұйымдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте тең құқықты әріптестер болуға тиіс;
- v) компанияларды талаптарды сақтаудың тиімді тетіктерін енгізуге және қолдауға ынталандыру керек;
- w) азаматтық қоғам ұйымдарына өздерінің қоғам бақылаушылары функцияларын орындау үшін мүмкіндіктер мен қолдау көрсеткен жөн;
- x) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы жетістіктердің сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске белсенді тартуды көтермелеу қажет;
- y) елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес елге сыбайлас жемқорлықтың өзінен үлкен зиянын тигізбеуі керек.

Жоғарыда айтылған идеялар кез келген елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға оң әсер етуі керек; дегенмен, олар белгілі бір елдің алдында тұрған нақты проблемаларына байланысты қосымша толықтырылуы мүмкін.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІ

1. Еуропа Кеңесі, 173 Келісім туралы толық ақпарат [Full list \(coe.int\)](#)
2. Еуропа Кеңесі, 174 Келісім туралы толық ақпарат [Full list \(coe.int\)](#)
3. Еуропа Кеңесі, GRECO, [Welcome to the GRECO website \(coe.int\)](#)
4. Бостандық үйі, Күрделі кезеңдегі демократия, [Freedom in the World 2021: Democracy under Siege | Freedom House](#)
5. ЭЫДҰ, Шығыс Еуропа және Орталық Азияға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы желі, [Anti-Corruption Network for Eastern Europe and Central Asia - OECD](#)
6. ЭЫДҰ, Халықаралық іскерлік операциялардағы парақорлықпен күрес жөніндегі жұмыс тобы, [OECD Working Group on Bribery in International Business Transactions - OECD](#)
7. Спану Каллиопа және Лампропулу Манто, Грециядағы ашық саясат: азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейтуден бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен ашық мәліметтерге дейін, Грекияның Еуропалық және сыртқы саясат қоры, 2022 ж, [Transparency policy in Greece: From citizen empowerment to anticorruption and open data – Calliope Spanou and Manto Lampropoulou : ELIAMEP \(eliamep.gr\)](#)
8. Мемлекеттік органдар мен Мемлекеттік кәсіпорындардың иелігіндегі құжаттарға қол жеткізу құқығы туралы заң, Норвегия, [Act relating to the right of access to documents held by public authorities and public undertakings \(Freedom of Information Act\) - Lovdata](#)
9. Мүдделер қақтығысы туралы заң, Латвия, [Latvia Conflict of Interest Law 2002 consolidated as of 2007 EN.pdf \(worldbank.org\)](#)
10. Ақпарат бостандығы туралы заң, Латвия, [Freedom of Information Law.docx \(live.com\)](#)
11. Мемлекеттік және жеке мүдделерді үйлестіру туралы заң, Литва, <https://vtek.lt/wpcontent/uploads/2020/10/The Law on Adjusting Public and Private Interests 2020.docx>
12. Жоғары лауазымды тұлғалардың қызметтік әдебі жөніндегі комиссия туралы заң, Литва, [Relevant Laws - Chief Official Ethics Commission \(vtek.lt\)](#)
13. Кәсіби адалдық және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заң, Словения, [ZIntPK 2011 - ENG za tisk \(kpk-rs.si\)](#)
14. Мемлекеттік қызметті орындау кезіндегі кәсіби адалдық туралы заң, Румыния [Romania Law 176 2010 on integrity in exercising public offices and dignities.pdf \(europam.eu\)](#)
15. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу туралы заң, Сербия, [Law on prevention of corruption – Агенцијазаспречавањекорупције \(acas.rs\)](#)
16. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заң, Украина, [default.aspx \(coe.int\)](#)
17. Қоғамдық ақпарат туралы заң, Эстония, [Public Information Act–RiigiTeataja](#)
18. Transparency International, Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі, [2020 - CPI - Transparency.org](#)
19. Transparency International, Жаһандық сыбайлас жемқорлық барометрі, [Global Corruption Barometer - Transparency.org](#)
20. БҰҰ ЕҚБ, БҰҰ Азаптауларға қарсы конвенциясын ратификациялау мәртебесі, [Ratification status \(unodc.org\)](#)